


8. Grigorevna, C. G. (2022). В Госдуме потребовали перестать замалчивать проблему русских в Казахстане. Мультиурок - проект для учителей. <https://multiurok.ru/blog/v-gosdume-potrebovali-perestat-zamalchivat-problemu-russkikh-v-kazakhstane.html>
9. NITEC. (2020). About Kazakhstan. <https://www.gov.kz/article/19305?lang=en&ysclid=le7xrj527c16316375>
10. Ospanova, A. (2017, January 1). How Korean Wave affect on adolescents of Kazakhstan to their self-development. Academia.edu - Share research. [https://www.academia.edu/42898743/How\\_Korean\\_Wave\\_affect\\_on\\_adolescents\\_of\\_Kazakhstan\\_to\\_their\\_self\\_development](https://www.academia.edu/42898743/How_Korean_Wave_affect_on_adolescents_of_Kazakhstan_to_their_self_development)
11. Sharipova, D. (2020, September 30). Perceptions of national identity in Kazakhstan: Pride, language, and religion article by GSPP assistant professor Dina Sharipova « graduate School of public policy. Graduate School of Public Policy. <https://gspp.nu.edu.kz/en/perceptions-of-national-identity-in-kazakhstan-pride-language-and-religion-article-by-gspp-assistant-professor-dina-sharipova/>
12. Sinor, D. (2022). Government and society. Encyclopedia Britannica. <https://www.britannica.com/place/Kazakhstan/Government-and-society>
13. Waterman, S. (2019, March 1). National anthems and national symbolism: Singing the nation. SpringerLink. [https://link.springer.com/referenceworkentry/10.1007/978-3-319-73400-2\\_102-1#:~:text=There%20is%20little%20doubt%20that,with%20similar%20images%20and%20feelings%20](https://link.springer.com/referenceworkentry/10.1007/978-3-319-73400-2_102-1#:~:text=There%20is%20little%20doubt%20that,with%20similar%20images%20and%20feelings%20)

## STUDENT STRESS CAUSED BY ACADEMIC PRESSURE

**BERDAULET Assel Erzhankyzy, MUKHAMETSHAROVA Aigul Kanatbekovna**

Nazarbayev Intellectual School of Physics and Mathematics

Taldykorgan, Kazakhstan

ai\_gul\_8181@mail.ru

### Аннотация

Бұл мақала академиялық қысым мәселесін көтереді. Атап айтқанда, оның жоғары сыныптарға әсерін зерттейді. Бұл жағдайдың мүмкін себептері мен шешу жолдары талқыланады. Зерттеуде ұлттық және халықаралық сарапшылардың жұмыстары пайдаланылды.

### Аннотация

В этой статье рассматривается проблема академического давления. В особенности, ее влияние на учеников старших классов. Обсуждаются возможные причины и пути решения данной ситуации. При исследовании были использованы работы республиканских и международных экспертов.

How academic pressure in school influences students?

Academic assessment is desired by school system. However, the demand of hard work and effort from all subjects in a comparatively short-time period causes pressure. It is up-to-date problem during the exam weeks. Students get overwhelmed. Subsequently, it leads to stress. For instance, when students experience an academic setback such as a bad grade, the amount of cortisol—the so-called stress hormone—in their bodies typically spikes (Youki Terada, 2018). There are several causes of academic pressure in schools and reasons of academic admiration to be hoped-for. Since stress is dreadfully affected on people' state, there are some ways of saving children from mental damage.

What causes academic pressure in Nazarbayev Intellectual Schools?

Academic pressure in Nazarbayev Intellectual Schools exists due to academic system. NIS are educational institutions created by the idea of the first president of Kazakhstan – Nursultan Nazarbayev. Schools are presented as more credible about education and great future for everyone. Academic achievements of NIS evident success. However, learners study all day from 8am to 18pm. There is time only for studying, and no for entertainment and relax (Aiya, 2020). Furthermore, 10-12 graders face with many exams, like Cambridge exams in 6 subjects and IELTS. University subjects like Economics, Global Perspectives and Graphics&Design are learned in NIS, but they can be hard to be studied in school. Therefore, students have no spare time for hobbies and extracurricular activities. Eventually, over-studying, without a rest, leads to the stress.

Why academic validation has a great impact on students in Kazakhstan?

Grades are important for parents. Adults are convinced by the importance of education, but children do not see the point in it at all. And they now have many examples when people without education achieve great results. The fact is that the “school-institute-factory-pension” scheme is really outdated, and children



now have much more opportunities for self-realization and earnings (Adel Zhusupova, 2022). The “struggle” for good grades often hides the desire of adults to be the parents of an exceptional, outstanding and successful child. By their own neurosis, they develop neurosis in their children, driving them into the framework of ideal learning and behavior (Artem Tolokonin, 2021). Fear of disappointing or losing love and respect of own parents increases the risk of psychological disorders.

What can be changed to prevent stress among students globally?

Stress is prevented by self-care. One child was said to have lost all their eyelashes due to stress, while others worried about academic failure and some had to be comforted after being found sobbing during their exams, according to teachers who participated in the survey of school leaders (Sally Weale, 2017). That is why school psychologists should try to positively improve students’ mindset and work for it by explaining that this kind of stress is acute. Acute stress is short-lived. Therefore, it can be beneficial and create motivation. For example, when a deadline is approaching, stress may help to focus and complete task before the deadline. This type of stress often assists to complete necessary projects and "cram" for exams (Eileen Bailey, 2018). Eventually, high scores on exams help students to get into the desired university. However, maintaining physical exercise and nutrition are two important components in response to stress. When your body is healthy, your mind can be healthy and vice versa (Mayo Clinic, 2018). Moreover, participating in activities during leisure or spare time has been shown to reduce anxiety levels. For instance, one study showed approximately 75% of participants’ cortisol levels were lowered after making art (Emma Parkhurst, 2021). Inner and outer body balance with satisfaction of own needs save students from mental suffering.

To conclude, stress related to school is a widely spread issue among students. It can be caused due to the school system, which applies exams and general all-day studying. Sometimes parents demand too much academic validation from their child, and it causes a fear of letdown. Consequently, acute stress takes place. Since it badly influences students, preventing damage is important for the mental state of learners. Despite that, short-term stress can motivate students and lead to a bright future for them.

#### References list

1. Adel Zhusupova. (2022, June 23). The child does not want to study: how parents should react to bad grades.
2. Retrieved from Nur.kz News website: <https://www.nur.kz/family/children/1975310-rebenok-ne-hochet-uchitsya-kak-roditelyam-reagirovat-na-plohie-otsenki/>
3. Artem Tolokonin. (2021, December 2). "Don't put a deuce, my mother will kill me." Why are kids afraid of bad grades?
4. Retrieved from Gazeta.ru newspaper website: <https://www.nur.kz/family/children/1975310-rebenok-ne-hochet-uchitsya-kak-roditelyam-reagirovat-na-plohie-otsenki/>
5. Emma Parkhurst. (2021, October 25). How Hobbies Improve Mental Health
6. Retrieved from Utah State University website: <https://extension.usu.edu/mentalhealth/articles/how-hobbies-improve-mental-health>
7. Eileen Bailey. (2018, October 11). Acute Stress vs. Chronic Stress
8. Retrieved from the Heath Central website: <https://www.healthcentral.com/article/acute-stress-vs-chronic-stress>
9. Mayo Clinic Health System. (2018, December 10). 5 tips to manage stress
10. Retrieved from Mayo Clinic Health System website: <https://www.mayoclinichealthsystem.org/hometown-health/speaking-of-health/5-tips-to-manage-stress>
11. Sally Weale,. (2017, April 30). More primary school children suffering stress from Sats, survey finds.
12. Retrieved from the Guardian News website: <https://www.theguardian.com/education/2017/may/01/sats-primary-school-children-suffering-stress-exam-time>
13. The Village Kazakhstan. (2020, March 25). Personal Experience: I studied at NIS.
14. Retrieved from The Village Kazakhstan website: <https://www.the-village-kz.com/village/people/experience/9949-ya-uchilsya-v-nish>
15. Youki Terada. (2018, August 24). The Science Behind Student Stress.
16. Retrieved from George Lucas Educational foundation Edutopia website: <https://www.edutopia.org/article/science-behind-student-stress>



## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОРТА МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АБЕНОВА Динар Бектуровна, Б.А.Ердембеков

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ  
Семей, Қазақстан

### Аңдатпа

«Абайдың сөзі –қазақтың бойтұмары». Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салып, өлең өнерін шығармашылықтың шырқау шыңына шығарған ұлы ақын Абайды бүгінде қаншалықты танып, дәріптеп жүрміз? Міне, осы мақалада Абай Құнанбаевтың шығармашылығының жалпы білім беретін орта мектептерде оқытылу мәселелері, өзектілігі жайында қарастырылған.

**Кілт сөздер:** Абай Құнанбаев, абайтану, қазақтың бас ақыны, қазақ әдебиеті, Абай шығармашылығы.

### Аннотация

«Слово Абая –оберег казахов". Насколько сегодня мы узнаем и прославляем великого поэта Абая, который заложил основы казахской письменной литературы и возвел поэтическое искусство на вершину творчества? Вот, в этой статье рассматриваются вопросы, актуальность творчества Абая Кунанбаева в преподавании в общеобразовательных средних школах.

**Ключевые слова:** Абай Кунанбаев, абаеведение, великий казахский поэт, казахская литература, творчество Абая.

Жастардың «батыстың цивилизациясы» деп , канализациясына түсіп кетіп, шыға алмай немесе адасып , еліктеп жүрген шағында сапалы тәрбие беру мәселесі тұр. Осы орайда ұстаздардың алдында рухани-адамгершілік құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, нағыз Z ұрпақ пен альфа ұрпақты тәрбиелеу міндеті тұр.

Z ұрпақ пен альфа ұрпақ – ғаламтордың айырылмас досы, виртуалды әлемнің тұрғындары. Олар қатып қалған ережені қабылдағысы келмейтін, өзіндік пікірі, көзқарасы бар, саналы түрде ойлайтын, өзіне қажеттіні ғана қабылдайтын , артық уақыт жұмсағысы келмейтін , өмір сүру заңдылықтарын ойластырып қойған, бизнес ашу, ақша табудың жолдары секілді қызығушылықтарын бәрінен жоғары қойып, үйреніп жатқан , керісінше X-Y ұрпақтарын үйрететін смарт ұрпақ өсіп келе жатыр. Ал бұларда құндылық –материалды байлық. Ал рухани , адамгершілік құндылықты маңызды санамайды. Дәл қазіргі уақытта рухы мықты ұрпақ тәрбиелеу үшін , дұрыс жолға салу үшін Абай құдіреті қажет болып отыр. Ол үшін Абайдың философиясын ұрпақ санасына құю керек.

«Абайдың өзі – ұлттың қараңғыда адастырмас темірқазығы» болса , «Абайдың сөзі –қазақтың бойтұмары». Қазақтың жазба әдебиетінің негізін салып, өлең өнерін шығармашылықтың шырқау шыңына шығарып, ұйқастармен өрнектеп өре білген , ұлы ақын , хакім Абайды бүгінде қаншалықты танып, дәріптеп жүрміз? Ойланып көрелік. Соңғы кездері «Абайды оқытуымыз керек», «Абайды тануымыз керек» деген мәселелер жиі көтеріліп жүр. Тәуелсіздік алғаннан кейін білім беру жүйесі тұрақталса да, «Абайды әлі де еркін таныта алмауымыз қалай?» деген сұрақ туындайды. «Абайтануды орта мектепте оқытудың қандай мәселелері туындауда?» Жалпы, «Абайтану қалай оқытылуда?», «Нені оқытуда?» «Қанша шығармасы оқытылуда?» «Қандай бағдарламамен оқытылуда?» , «Қай шығармалары оқытылуда?» деген секілді сан сұрақтарға жауап іздеп көрелік.

Ұлы Абай мұрасы – ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазына. Сондықтан да заман талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ақынның мұрат - мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру – абыройлы борышымыз.

Мекемтас Мырзахметұлы : «Әрбір қазақ Абайды білуі керек. Абайды білсе, күйбең пенделік жолдан қайтады. Қазір тек қарын тойдыру, киім киіну, одан басқа ойымыз жоқ. Ал ол тояды, бірақ оның рухани қазынасы болмаса, қуыс кеуде адам болып қалады. Бізге жастарымыздың қуыс кеуде болып қалмағаны керек. Сондықтан да әрбір қазақ Абайды білуі керек. Біз Абайды неге төбемізге көтереміз? Ол – біздің рухани қазынамыз, аласапыран дүниеде адастырмас темірқазығымыз. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ. Қазақ халқының ой санасының дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез құлқын адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу – бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», - дейді. [6]

Міне, сол мақсатқа лайықталып, 9-11- сыныптарға арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013 жылдарға арналған Жалпыұлттық іс- шаралар жоспарының » 41 және 42-тармақтарына сәйкес әзірленді. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР





Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітіліп, оқу үдерісіне енгізілді.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11- сыныптарына арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнін оқытуға жылына 34 сағат, яғни аптасына 1 сағаттан бөлінген. Аталмыш оқулықта Абай мұрасының 20- ғасырдың 30-60-жылдардағы зерттелуі, өмірбаяны, өлеңдері, аудармалары, қарасөздері, поэмалары және ақын шәкірттері жайлы да тақырыптар қамтылған. Абайды тану, оның әр сөзін өмірде ақыл ретінде, адастырмас кеңес ретінде пайдалана білу қажеттілігі туындап отыр. Әр өлеңінен әр адам өз керегін, іздегенін таба алатындай, бағыт- бағдар ретінде қолдана алатындай, тірек қылардай қуатты, күшті сөз де Абайда тұнып тұр.

Ең алғаш қазақ әдебиеті дербес, жеке пән ретінде отау тігіп, ең алғашқы шыққан 1932 жылдың бағдарламасына Абай шығармалары енген болатын. 1932-1933 ж. «Фабрика, завод және колхоз жастары жеті жылдық мектебінде» Абайдың «Болыс болдым мінеки», «Бойы бұлған», «Шегіртке мен құмырсқа» мысалдары оқытылған. Бұдан кейінгі жылдары үздіксіз жаңарып жетілдіріліп отырған 1934, 1938, 1941, 1947, 1951, 1958, 1961-1970, 1971-1972, 1981- 1982, 1989-90 жылдардағы қазақ әдебиеті бағдарламаларынан Абай шығармалары түспей оқытылып келген екен. Негізінен кеңес мектебінде Абай шығармаларынан нысанға алынып үнемі оқытылғандары: жыл мезгілдеріне арналған, ғылым-білімге, өнер тақырыптарындағы, бай - болыстарға арналды делінген өлеңдері. Кеңес кезеңінде бұл бағдарламаларда Абай шығармашылығынан там-тұмдап қажетті деген өлеңдер ғана таңдалған. Оның өзі социалистік мүддеге сәйкес түсіндіріліп келген. Мәселен, 1932 жылғы бағдарламада «Шегіртке мен құмырсқа» мысалына «Абайдың осы өлеңі бұрынғы қазақ шаруашылығына қабыса ма? Шаруа жөнінде шегірткеге кімді, құмырсқаға кімді ұқсатуға болады? Қандай тұрмыс жайында? сияқты тапсырмалар берілген. Ал «Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» сияқты өлеңдердің идеялық мазмұны біржақты түсіндіріліп келді.[1,38] Оның үстіне 30- жылдарда Абай мұрасы төңірегіндегі айтыстар, тұрпайы социализм ықпалы басым болды да, «әдебиет майданындағы» таным-түсінік мектеп бағдарламаларында да көрініс тапты. Кеңестік кезеңде Абайдың діни-философиялық шығармалары мүлде оқытылмаған. Ал ғылым-білім тақырыбындағы бірер қара сөзі жоғары сыныптарда ғана алынған. Орта буында Абайдың «Отыз бірінші қара сөзі» алғаш 1997 жылғы бағдарлама жобасында енгізілді. Соның өзінде бүгінге дейін Абай шығармаларының идеялық-мазмұндық мәніне қарай топтастырып Абай шығармашылығының алтын өзегін таныту мәселесі кемшіл болып жатқаны жасырын емес.

М.Әуезов негізін қалаған «Абайтану» курсының филология мамандықтарын меңгеріп жатқан студенттерге оқылып келе жатқанына да 80 жылдан астам уақыт болды. Ғалым абайтанудың арнайы курсы алғашқы рет қазіргі Әл – Фараби атындағы ҚазМУ-дің қазақ филологиясы факультеті жанынан 1942-1943 жылдары ашқан болатын.

Бірақ кеңес дәуірінде өз дәрежесінде зерттелмей, оқытылмай келді. Оған дәлел – М.Әуезов 1951 жылы «Абайтану» курсының бағдарламасын ұсынады. Бірақ сол кездегі саяси қысымның кесірінен курстың бағдарламасына енген Абайдың ақын шәкірттері жайындағы бағдарлары күшпен алынып тасталды.

Ал тәуелсіздік алғаннан кейінгі оқу бағдарламаларында аталған олқылық оңалып, орнына келді ме? Көз жеткізу үшін 1997 жылы жобасы жасалып «Жаңа буын» оқулықтарына негіз болған, 2013 жылға дейін қолданылған бағдарламадағы Абай шығармаларының қамтылуына зер салайық:

- 5- сынып «Қыс», «Ғылым таппай мақтанба»
- 6-сынып «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ». «Құлақтан кіріп бойды алар», «Әсемпаз болма әрнеге», «Отыз бірінші қара сөз»
- 7- сынып «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Қараңғы түнде тау қалғып», «Жиырма тоғызыншы қара сөз»
- 8-сынып «Адамның кейбір кездері», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Әбдірахман өлгенде», «Әбдірахман өліміне», «Он жетінші қара сөзі»
- 9 -сынып «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Мәз болады болысың», «Сегіз аяқ», «Ескендір» (дастан) (5 сағат)
- 10-сынып «Ғылым таппай мақтанба», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы», «Әсемпаз болма әрнеге», «Адамның кейбір кездері», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Желсіз түнде жарық ай», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», «Білімдіден шыққан сөз», «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?», «Ескендір». «Қараңғы түнде тау қалғып», «Теректің сыйы», «Татьянаның хаты», «Онегиннің хаты», «Есек пен бұлбұл», «Піл мен қанден» т.б. Қарасөздері: «Он бесінші сөз», «Он тоғызыншы сөз», «Отыз екінші сөз», «Отыз сегізінші сөз».

Аңғарсаңыздар, Абай шығармаларына біршама орын беріліп, әр тақырыптағы шығармаларын енгізген. Абай шығармаларын сыныптар бойынша топтастыруда белгілі ұстанымдар, тақырыптық-



идеялық мазмұн ескерілмегенімен, біраз материалдар қамтылғанын байқауымызға болады. Атап айтар болсам, бұл кезеңде 5-11-сыныптар аралығында 19 өлең, 1 поэма, 6 аударма, 7 қара сөзі оқытылған.

Ал, бүгінде жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған білім беру мазмұны бойынша Абайды қалай оқытып жатырмыз? Жалпы білім беретін орта мектептердегі 2-11-сыныптардың «Әдебиеттік оқу», «Қазақ әдебиеті» оқулықтарына назар аударайық:

2- сыныпта «Жазғытұры» өлеңі ғана. Алматы, «Атамұра» Авторлары:

Б.Т. Қабатай, В.А. Қалиева, Ү.К. Зейнетоллина

3- сынып «Ғылымға көңіл бөлсеңіз...» Алматы, «Атамұра» Б.Т. Қабатай, В.А. Қалиева, Ү.К. Зейнетоллина

4- сынып «Жасымда ғылым бар деп ескермедім...», «Он бесінші қара сөзі» (үзінді) Алматы, «Алматыкітап» баспасы, 2019 З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова

5- сыныпта еш шығармасы енгізілмеген. Алматы, «Атамұра» 2017, Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ

6-сынып «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз» Алматы, «Атамұра» Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ, Жүмекенова Л.К

7- сыныпқа Абайдың еш шығармасы енгізілмеген. Алматы, «Атамұра» 2017, Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ

8- сыныпта енгізілмеген. Алматы, «Атамұра» 2018, Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ

9 - сыныпта да енгізілмеген. Алматы, «Атамұра» 2019 Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ, Жүмекенова Л.К

10-сынып Абай шығармашылығы, Абайдың кейбір өсиет сөздері, «Сегізаяқ», «Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Он жетінші қара сөз», «Отыз екінші қара сөз», «Отыз үшінші қара сөз», «Ескендір» поэмасынан үзінді Алматы, «Атамұра» Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ, Жүмекенова Л.К

11- сынып М.Әуезов «Абай жолы» роман - эпопеясы Алматы, «Атамұра» 2020, Ақтанова А.С, Жүндібаева А.Қ, Жүмекенова Л.К

Міне, бүгінгі таңда жалпы білім беретін мектептерде Абайға арналған 1 шығарма (М.Әуезов «Абай жолы» романы) және өзінің 7 қара сөзі, 12 өлеңі, 1 поэмасы ғана оқытылып жатыр.

Өкініштісі сол, бүгінгі күнде оқытылып отырған жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда Абай мұрасы сонау кеңестік кезеңдегі оқытылу дәрежесіне де жетпей қалғаны жасырын емес. Бағдарлама бойынша оқушылар Абай мұрасымен алғаш алтыншы сыныпта қауышады, оған дейін бастауыш сынып оқулықтарында, көріп отырғандарыңыздай, қысқаша өмірбаян мен 1-2 шумақ өлеңі ғана кездеседі.



Ал енді қараңыз, 1952 жылы Әди Шәріпов құрастырған 9- сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» хрестоматиясында Абайдың 60 шығармасы қамтылған. Бұл деген керемет!



Қазақ әдебиеті Ақтанова А.С.



АТМ ДИ...	3
ҚАЗАҚ АДЕБИЕТІ...	
Абай өлеңдері мен жырлары	5
Абай Шығармаларының тілі	19
Абай Шығармаларының 20-ғасырдағы мәдениеті	29
Абай Шығармаларының 21-ғасырдағы мәдениеті	27
Абай Шығармаларының 22-ғасырдағы мәдениеті	31
Абай Шығармаларының 23-ғасырдағы мәдениеті	33
Абай Шығармаларының 24-ғасырдағы мәдениеті	35
ҚАЗАҚ АДЕБИЕТІ...	
Абай Шығармалары	44
Абай Шығармаларының тілі	47
ҚАЗАҚ АДЕБИЕТІ...	
Абай Шығармалары	71
Абай Шығармаларының тілі	79
Абай Шығармаларының 20-ғасырдағы мәдениеті	89
Абай Шығармаларының 21-ғасырдағы мәдениеті	109
Абай Шығармаларының 22-ғасырдағы мәдениеті	119
Абай Шығармаларының 23-ғасырдағы мәдениеті	129
Абай Шығармаларының 24-ғасырдағы мәдениеті	139
ҚАЗАҚ АДЕБИЕТІ...	
Абай Шығармалары	149

Ал, мына бүгінгі күннің оқытылып жатқан 9-сынып оқулығында Абайдың бірде-бір өлеңі қамтылмаған. 10-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығында Абай шығармашылығы, Абайдың кейбір өсиет сөздері, «Сегізаяқ», «Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Он жетінші қара сөз», «Отыз екінші қара сөз», «Отыз үшінші қара сөз», «Ескендір» поэмасынан үзінді берілген. Оны оқулық авторлары былай көрсеткен: «...6-сыныпта «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші» қара сөздерімен танысқан едік. Биыл «Қалың елім, қазағым» тарауында Абай Құнанбайұлының өлеңдерімен, қара сөздерімен танысуды ары қарай жалғастырамыз.»[2,3]

Тағы бір айта кетерлік өкінішті жайт, «Абайтану» пәні де барлық мектептерде оқытылып жатқан жоқ. 2022-2023 оқу жылынан бастап негізгі пән ретінде қолданысқа енгізу көзделгенімен, айтылған сөз іске аспады. Жаңартылған мазмұнға сай «Әл-Наир» баспасының оқулықтары әзір болғанымен, вариативті пән, курс ретінде ғана оқытылуда. Жалпыға ортақ бір бағдарлама, бір баспа оқулығы тағайындалып, қолға алынбайынша, әркім өз бетінше жүйесіз оқытуды жалғастыра бермек.

Қазақтың бас ақынын жас ұрпаққа танытып, әр сөзінің мың жыл жүрсе де дәмі кетпейтін, бағалы да асыл екендігін ұрпақ санасына сіңіру – бабалар рухы алдындағы қастерлі парызымыз.

Қорыта келе айтарым, уақыт көші озған сайын Абайды оқыту, таныту төмендеп бара жатқанын байқаймыз. Абайды оқытуға ғана емес, жалпы «Қазақ әдебиеті» оқулықтарында әдеби шығармаларды оқытуға көңіл бөліну тиіс. Себебі, бүкіл бір оқу жылы бойына оқушы 15-20 шығарманы оқумен шектеледі. Бұл дегеніміз – баланы рухани нәрден тыю, анасының сүтіне тойдырмай ажырату деген сөз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Абай Құнанбаев мұрасын оқу процесіне ендіру мәселелері», І.Р.Халитова, Алматы, 2005
2. «Қазақ әдебиеті» 9 - сыныпқа арналған оқулық. Ақтанова А.С., Жүндібаева А.Қ., Жүмекенова Л.К., Алматы, «Атамұра».
3. Қ.Бітібаева «Абай шығармаларын оқыту», Алматы «Мектеп» 2003ж
4. Р.Сыздықова «Абай шығармаларының тілі», «Ғылым» баспасы, 1968 ж
5. «Қазақ әдебиеті» Орта мектептің 9- класына арналған хрестоматия, құрастырған Әди Шәріпов, 1952 ж
6. Дәурен Мұхамәдиев. «Сан қырлы ғалым». Әдеби зерттеу АЛМАТЫ «ДӘСТҮР» 2014

#### БІЛІМ БЕРУДЕГІ САРАЛАП ЖӘНЕ ДАРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ АРЫСТАНБЕК Гульмира Серикболовна, КИТАПБАЕВА Жанна Токтагановна

Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Өскемен, Қазақстан  
aristanbek\_g@ukk.nis.edu.kz, kitapbayeva\_zh@ukk.nis.edu.kz

#### Аңдатпа

Мақалада оқушы қажеттілігі мен қабілеттерін қанағаттандыру үшін қолданылатын стратегиялар мен тәсілдердің бірі даралап және саралап оқытудың тиімділігінің себептері айтылады. Оқытудағы саралаудың білім сапасын тиімді жақсартуға және әрбір оқушының жеке табысын қамтамасыз ету жолында қандай аспектілерге мән беру керектігі талқыланып, табысты іске асыру жолындағы құндылықтар мен әрекеттер, дағдылардың маңыздылығын көрсетеді. Сараланған оқытуды жүзеге асыру үшін маңызды артықшылықтар мен ұсыныстар атап өтіледі. Бұл мақала жалпы білім





беретін мектеп мұғалімдеріне, арнайы білім беру саласында жұмыс атқарып жүрген мамандарға, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарының мамандарына арналған.

Білім берудегі саралау әр оқушының жеке қажеттіліктері мен қабілеттерін қанағаттандыру үшін оқытудың әртүрлі әдістерін, стратегиялары мен тәсілдерін қолдануды білдіреді. Ол әр оқушының дайындық деңгейіне, қызығушылықтары мен оқу стиліне байланысты мазмұнды, әдістерді және бағалауды бейімдеуді қамтиды.

Мектептегі дифференциацияның тиімділігі бірнеше себептерге байланысты жоғары болуы мүмкін:

Жеке тәсіл: сараланған оқыту мұғалімдерге әр оқушымен олардың білім, дағды және қажеттілік деңгейін ескере отырып, жеке жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл әр оқушының әлеуетін арттыруға және олардың үлгерімін жақсартуға көмектеседі.

Мотивация және қызығушылық: сараланған тапсырмалар мен материалдар оқушылар үшін тартымды және қызықты болуы мүмкін, өйткені олар өздерінің жеке қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келеді. Бұл оқушылардың ынтасын арттыруға және олардың оқуға белсенді қатысуын ынталандыруға көмектеседі.

Ынтымақтастық пен тәуелсіздік дағдыларын дамыту: саралау оқушыларға әртүрлі топтарда немесе өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік береді, бұл ынтымақтастық пен өзіндік жұмыс дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылар сыни тұрғыдан ойлау, проблемаларды шешу және өзін-өзі реттеу сияқты дағдылары мен қабілеттерін тиімдірек дамыта алады.

Оқушылардың әртүрлілігін ескеру: сараланған тәсіл сыныптағы оқушылардың әртүрлілігін, мысалы, дайындық деңгейіндегі, оқу стиліндегі, мәдени және әлеуметтік факторлардағы айырмашылықтарды ескеруге мүмкіндік береді. Бұл әр оқушы өзін танымал және құрметті сезінетін неғұрлым инклюзивті білім беру ортасын жасайды.

Оқытудағы саралаудың тиімділігін көптеген зерттеушілер мен тәрбиешілер мойындағанымен, саралауды жүзеге асыру, оқыту кейбір қиындықтар мен шектеулерге тап болуы мүмкін. Олардың кейбіреулері мыналарды қамтиды:

Ресурстық шектеулер: сараланған оқыту қосымша материалдар, уақыт және мұғалімнің дайындығы сияқты қосымша ресурстарды қажет етеді. Барлық мектептер мен мұғалімдер сараланған тәсілді толыққанды жүзеге асыру үшін жеткілікті ресурстарға ие бола алмайды.

Сыныпты басқару: әр оқушы әртүрлі тапсырмаларды орындағанда немесе әртүрлі топтарда жұмыс істегенде мұғалімдерге сыныпты тиімді басқару қиынға соғуы мүмкін. Бұл мұғалімнен қосымша күш пен ұйымдастыру мен тәртіп дағдыларын талап етеді.

Бағалау: оқытудың сараланған тәсілі оқушылардың жетістіктерін бағалауда қиындықтар тудыруы мүмкін. Мұғалімдерге әр оқушының жеке қажеттіліктері мен жетістіктерін ескеру үшін әр түрлі бағалау критерийлері мен бағалау әдістерін әзірлеу қажет болуы мүмкін.

Уақыт шектеулері: сараланған оқыту сабақтарды жоспарлау мен дайындауға, сондай-ақ оқушылармен жеке қарым-қатынас жасауға көбірек уақытты қажет етуі мүмкін. Мұғалімдерге сараланған оқыту мен бағдарлама мен оқу жоспарын орындау арасындағы тепе-теңдікті сақтау қиын болуы мүмкін.

Осы шектеулерге қарамастан, оқытудағы саралау білім сапасын жақсартатын және оқушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын маңызды құрал болып қала береді. Тиісті ресурстарды, мұғалімдерді даярлауды және ұйымдастырушылық қолдауды ескере отырып, саралау білім берудегі тиімді тәсіл бола алады.

Талқылауды жалғастыра отырып, сараланған оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін кейбір қосымша артықшылықтар мен ұсыныстарды атап өту маңызды:

Жеке қажеттіліктер: сараланған оқыту мұғалімдерге оқушылардың жеке қажеттіліктерін жақсырақ қанағаттандыруға көмектеседі. Бұл әр оқушының нақты оқу деңгейі мен стиліне сәйкес келетін тапсырмалар мен материалдарды бейімдеуге мүмкіндік береді.

Икемділік және таңдау: саралау студенттерге оқу процесінде көбірек икемділік пен таңдау береді. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен дайындық деңгейіне сәйкес келетін тапсырмаларды таңдай алады, бұл олардың белсенді қатысуына ықпал етеді және мотивацияны арттырады.

Ынтымақтастық және тәжірибе алмасу: сараланған оқыту оқушылар арасындағы ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуды ынталандыруы мүмкін. Топтық жұмыс және сыныптағы пікірталастар әртүрлі деңгейдегі және қабілеттердегі оқушыларға өзара әрекеттесуге, бір-бірінен үйренуге және әлеуметтік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.



Жеке кері байланыс: сараланған оқытуда мұғалімдер әр оқушыға олардың ерекше қажеттіліктері мен жетістіктерін ескере отырып, жеке кері байланыс бере алады. Бұл студенттерге жақсарту үшін олардың күшті жақтары мен бағыттарын түсінуге көмектеседі, сонымен қатар оларды одан әрі дамытуға ынталандырады.

Жоспарлау және ұйымдастыру: сараланған оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін мұқият жоспарлау мен ұйымдастыру қажет. Мұғалімдер оқытудың дәйектілігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін саралау мақсаттарын, күтулерін және әдістерін алдын ала анықтауы керек.

Мұғалімдердің кәсіби дамуы: сараланған оқыту мұғалімдерден белгілі бір білім, Дағдылар мен стратегияларды талап етеді. Оқытуды және тәжірибе алмасуды қоса алғанда, мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіндік беру сараланған оқытудың тиімділігін айтарлықтай арттыра алады. Мұғалімдер саралау саласындағы білімдері мен дағдыларын байыту үшін семинарларға, тренингтерге және әріптестерімен тәжірибе алмасуға қатыса алады.

Ата-аналарды тарту: ата-аналар мен тәрбиешілерді тарту тиімді сараланған оқытудың маңызды факторы болып табылады. Мұғалім ата-аналармен ынтымақтаса алады, Оқушылардың жеке қажеттіліктері мен жетістіктерін талқылай алады және олардың білім беру дамуын қолдау үшін бірге жұмыс істей алады.

Бағалау және бақылау: оқушылардың үлгерімін үнемі бағалау және бақылау сараланған оқытуда маңызды. Мұғалімдер әр оқушының жетістіктерін үнемі бағалап, олардың қажеттіліктеріне сәйкес тәсілдерін бейімдеуі керек.

Кері байланыс және рефлексия: мұғалімдер оқушыларға олардың жетістіктері, күш-жігері және жақсарту бағыттары туралы Кері байланыс беруі керек. Сондай-ақ, студенттердің рефлексия процесіне қатысуы маңызды, онда олар өздерінің жетістіктері туралы біле алады және одан әрі даму мақсаттарын қоя алады.

Үздіксіз жетілдіру: сараланған оқыту - бұл динамикалық және дамып келе жатқан процесс. Мұғалімдер өздерінің дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіруге ұмтылуы керек және өз тәсілдерін сыныптың өзгеретін қажеттіліктері мен контекстіне сәйкес бейімдеуге дайын болуы керек.

Жалпы, оқытудағы саралау білім сапасын тиімді жақсартуға және әрбір оқушының жеке табысын қамтамасыз етуге әлеуеті бар. Алайда табысты іске асыру әкімшіліктің қолдауын, ресурстарды қамтамасыз етуді және мұғалімдердің кәсіби дамуын талап етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Білімді игерудің жасқа байланысты мүмкіндіктері / Ред. Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдов. М., 1966. -165 б.
2. Клаус Г. Оқытудың дифференциалды психологиясына кіріспе: Пер. Бірге неміс / Г.Клаус; Ғылыми ред., алғы сөз. және түсініктеме. И.В.Равич-Щербо. - Мәскеу: Педагогика, 1987 ж. – 176 б.
3. Нұртазаева Н. Деңгейлеп оқыту технологиясының оқушылардың дара қасиетін дамытудағы педагогикалық ерекшеліктері//Бастауыш мектеп-№4, 2010ж. Б.6-2. 2.
4. Өстеміров К Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.
5. Кашканова Л.З. Оқытуды саралау ұйымдастыру формасы ретінде бастауыш мектептегі оқу-тәрбие процесі

#### **ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ – ҚОҒАМ ҚАЖЕТТІЛІГІ АРЫСТАНБЕК Гүльмира Серикболовна**

Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Өскемен, Қазақстан  
aristanbek\_g@ukk.nis.edu.kz

#### **Аңдатпа**

Мақалада жалпы білім беретін мектептерде инклюзивтік білім беру мақсаттары, еліміздегі инклюзивтік білім берудің деңгейі, инклюзивтік білім берудің принциптері мен функциялары, қазіргі әлемдегі инклюзивті оқытудың бірнеше аспектілері, инклюзивті білім беру нормаға айналуы үшін қандай мәселелерді шешу керектігі, Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту перспективалары қарастырылған. Бұл мақала жалпы білім беретін мектептердің ерекше оқытуды қажет ететін балалар оқитын пән мұғалімдеріне, мұғалімдердің біліктілігін арттыру институттарының мамандарына, арнайы білім беру саласында жұмыс атқарып жүрген мамандарға және ата-аналарға арналған.



Жақсы көрші туралы тәмсіл

Бір күні серуендеп жүріп, аяқ астында жатқан жапыраққа көзім түсті. Жапырақ жартылай солып қалғанмен, одан жағымды хош иіс шығып тұр. Мен оны жерден көтеріп алып құмарланып иіскедім.

- Сенің хош иісің мұрнымды жарды, раушан гүлдің жапырағысың ба?, -деп сұрадым жапырақтан.

- Жоқ, бірақ мен біраз уақыт раушан гүлдердің арасында болдым. Содан болар менен хош иістің аңқып тұрғаны, - деп жауап берді жапырақ.

**Т.Барро**

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру дамып келеді. Оқудағы қиындықтары бар әр баланы жалпы білім беру үрдісіне қосу, бірлесіп оқытудың вариативтік модельдерін іске асыру, қоғамға кірігу мақсатында әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан бейімдеу – инклюзивті білім берудің негізгі мақсаттары болып табылады.

Соңғы уақытқа дейін мүмкіндігі шектеулі балалар қарапайым білім беру мекемелерінде оқи алмады. Бұл балалар үйде оқытуға немесе мамандандырылған орталықтарға жіберілді, бұл әлеуметтенудің, балалардың қоғамға бейімделуінің қажетті деңгейін қамтамасыз етпеді. Негізгі мәселе Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамытудың басталуымен қозғалды. Инклюзивті білім нені білдіреді? Инклюзивті білім беру — қалыпты балалар мен мүмкіндігі шектеулі балаларды бірлесіп оқыту болып табылады. Яғни, инклюзивті білім беру балалардың денсаулық жағдайына қарамастан білім берудің барлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтиды. Инклюзивті білім берудің қандай принциптері бар?

Инклюзивті білім келесі принциптерге негізделген: әр бала ерекше. Барлық балалар өз құқықтарында, достықта, білім беруде, үйірмелерге, концерттерге және басқаларға қатысу құқығында, сондай-ақ одан әрі әлеуметтік даму мүмкіндіктері тең. Әр бала өз қарқынымен дамиды, сондықтан ол жақсармайды немесе нашарламайды. Балалар арасындағы қарым-қатынас мейірімділікке, жауаптылыққа, жанашырлыққа негізделген. Балалардың өзара әрекеттесуі олардың дүниетанымын кеңейтеді және академиялық интеллектті дамытады. Қазақстанда инклюзивті білім беру қалай жүзеге асырылады?

Инклюзия қалыпты жағдайға жетіп, қоғамның гуманистік ұстанымына айналуы керек. Бұл мәселе заңды түрде шешілді. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 26 маусымда "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңға қол қойды. Мемлекет ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі шегінде білім алу үшін жағдай жасауға міндеттенеді (8-бап, 1-1-т.). Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнайы оқу бағдарламалары әзірленуде. Мектепке дейінгі және орта мектептегі білім беру ұйымдары заң бойынша оларға қызмет көрсету аумағында тұратын барлық балаларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауы тиіс (26-бап, 2-т.).

Инклюзивті оқыту-бұл барлық оқушыларға, соның ішінде арнайы білім беру қажеттіліктері немесе мүгедектігі бар оқушыларға бірдей білім беру мүмкіндіктері мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру тәсілі. Қазіргі әлемде инклюзивті оқыту білім беру жүйелерінде барған сайын танымал және кеңінен қолданылатын тәсілге айналууда.

Қазіргі әлемдегі инклюзивті оқытудың бірнеше аспектілері:

Тең мүмкіндіктер: инклюзивті оқыту барлық оқушылар үшін тең мүмкіндіктер жасауға бағытталған. Бұл дегеніміз, ерекше білім беру қажеттіліктері немесе мүгедектігі бар оқушылар өздерінің жетістіктері үшін қажетті білім беру қызметтері мен ресурстарының толық спектріне қол жеткізуі керек.

Жеке тәсіл: инклюзивті оқыту әрбір оқушының бірегей екенін және өзінің қажеттіліктері мен қабілеттеріне ие екенін мойындайды. Бірыңғай оқыту әдістерін қолданудың орнына, инклюзивті білім беру әр оқушыға жеке қолдау мен бейімделген оқыту стратегияларын ұсынуды мақсат етеді.

Ынтымақтастық: инклюзивті оқыту білім беру процесінің әртүрлі қатысушылары, соның ішінде мұғалімдер, ата-аналар, арнайы білім беру мамандары және басқа мамандар арасындағы ынтымақтастықты білдіреді. Олар жеке білім беру жоспарларын әзірлеу, қолдау көрсету және әр оқушының қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдары мен әдістерін бейімдеу үшін бірге жұмыс істейді.

Қоршаған орта: инклюзивті оқыту барлық оқушылар үшін толық инклюзивті және достық білім беру ортасын құруға бағытталған. Бұл физикалық ортаны бейімдеуді, техникалық құралдар мен жабдықтардың қолжетімділігін және барлық студенттер өздерін қабылданған және маңызды сезінетін өзара түсіністік атмосферасын құруды қамтиды.



Әртүрлілікті қабылдау: инклюзивті оқыту мыналарды көрсетеді. Ол әртүрлі мәдени, әлеуметтік, этникалық және тілдік факторларды, сондай-ақ оқушылардың қабілеттері мен қажеттіліктерінің айырмашылықтарын ескереді. Инклюзивті оқыту білім беру ортасын құруды мақсат етеді, мұнда әрбір оқушы өзінің бірегей ерекшеліктерін білдіре алады және қолдау мен тануға ие болады.

Педагогтердің кәсіби дамуы: инклюзивті оқыту педагогтерден және басқа да білім беру мамандарынан инклюзивті білім беру саласындағы өз дағдылары мен құзыреттерін дамытуды талап етеді. Бұл әртүрлі арнайы білім беру қажеттіліктерін түсінуді жақсартуды, бейімделген оқыту стратегияларын қолдануды және бірлескен ортада жұмыс істеу қабілетін дамытуды қамтиды.

Әлеуметтік инклюзия: инклюзивті оқыту барлық оқушылардың әлеуметтік қосылуына ықпал етеді. Бұл студенттердің әртүрлі топтары арасында өзара әрекеттесу мен түсіністік үшін жағдай жасау арқылы стигма мен иеліктен шығуға көмектеседі. Бұл айырмашылықтарды құрметтеуге және әртүрлі қоғамдық ортада ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Қазіргі әлемдегі инклюзивті оқыту білім беру реформасының негізгі аспектілерінің бірі болып табылады. Ол білім беру мүмкіндіктерінен ешкімнің алынып тасталмауын және әрбір оқушының білім берудегі өз әлеуетіне жетуін қамтамасыз етуге тырысады. Қазіргі білім беру жүйелері барлық оқушылар үшін әділ және тең жағдай жасау үшін инклюзивті тәжірибелер мен саясаттарды белсенді түрде енгізуде.

Инклюзивті білім беру нормаға айналуы үшін келесі мәселелерді шешу қажет: мұғалімдердің дайындығы, психологиялық және кәсіби, осындай балалармен жұмыс істеу; басқа оқушылардың ата-аналары үшін ерекше балаларды балаларымен бірге оқыту фактісін қабылдау қиындығы; балабақшалардың, мектептердің және басқа оқу орындарының материалдық-техникалық базасының дайындығы; мүгедек балалардың ата-аналары мүмкін психологиялық ыңғайсыздыққа, әлеуметтік остракизмге (қорқыту, мазақ ету) байланысты, олардың балалары бастан кешіреді. Мамандардың мүмкіндігі шектеулі балалармен (церебральды сал ауруы, соқыр, саңырау және мылқау, ақыл-ой кемістігі жеңіл) жұмысының кадрлық мәселесін шешу үшін Қазақстанда дефектолог мамандарды оқыту географиясы кеңейтілді. Қазір оларды еліміздің 17 жоғары оқу орнында дайындайды. Педагогтар осы бағыт бойынша қайта даярлаудан өтеді. Бұл қадамдардың барлығы инклюзивті білім беруді дамытуға арналған, осылайша ерекше балалардың көпшілігі болашақта өздерін шеттетілген емес, қоғамның толыққанды және толыққанды қатысушылары ретінде сезінеді. Қазақстандағы инклюзивті білім берудің болашағы және әлемдік тәжірибе инклюзивті білім беру-қазіргі өмір сұранысы және халықаралық стандарт. Қазақстанда инклюзивті білім беруді қажет ететін 160 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі балалар бар. Олардың тек 23% ғана осындай білім беру процесіне қатысады. Уақытпен қатар жүру үшін инклюзивті білім беруді енгізу жолында Қазақстан қиындықтарды еңсереді және туындаған проблемаларды, оның ішінде халықаралық тәжірибені енгізу арқылы шешуге тырысады: шетелдік, қазақстандық мектептерде педагог-ассистент — тьютор лауазымы енгізілді. ҚР педагогтері бейімделген спорт негіздерін үйренеді, француз әріптестерімен бірлесіп, бейімделген спортты мектеп бағдарламасына енгізу үшін арнайы бағдарламалар әзірлейді. Оқу бағыты инклюзивті ойындар арқылы дамиды, оған қарапайым балалар да, ерекше балалар да қатысады. Қайырымдылық ұйымдары инклюзияны қолдау кабинеттерін ашады, онда балалар мінез-құлықты қолданбалы талдау әдістемесі бойынша оқытылады.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді дамыту перспективалары: Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2025 жылға қарай мектептердің, балабақшалардың 100% - ы және колледждер мен ЖОО-лардың 70% - ы инклюзивті білім беру үшін жағдай жасауы тиіс. Инклюзивті білім беру - қазіргі адамның санасындағы төңкеріс және ашық демократиялық мемлекеттерді таңдау. Инклюзивті білім беру - БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалыс, "ұлттық білім беру саясатына шолу" басылымында атап өтілген. "Инклюзия" термині және инклюзивті білім беру принциптері 1994 жылы Саламанкадағы (Испания) ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда Халықаралық қолданысқа енгізілді. Осы жылы "Баршаға арналған Білім" халықаралық бағдарламасына Қазақстан да қосылды. Ұлыбританияда мүгедек балалар 1976 жылы қарапайым мектептерде оқуға құқылы болды. Арнайы оқу орталықтарында бұзушылықтардың ауыр түрлері бар адамдар ғана оқиды. Англияда инклюзивті білім беруді дамыту үшін: мемлекет қаражат бөледі, мамандар дайындайды; жас кезінен бастап орта мектепке дейін ерекше баланы психологтар мен мұғалімдер ертіп жүреді, оған қажетті дағдылар мен дағдыларды қалыптастырады, ата-аналарға кеңес береді; арнайы оқу бағдарламаларын әзірлейді; мұғалімнен басқа, баланың оқу материалын игеруге көмектесетін көмекшісі бар, шешеді психологиялық және әлеуметтік мәселелер. Бұл шаралар мүмкіндігі шектеулі балаларға өздерін қоғамның толыққанды қатысушылары ретінде сезінуге, дамуға





және айналасындағыларға пайдалы болуға мүмкіндік береді. Осы мемлекеттерден үлгі ала отырып, инклюзивті мәдениетті қалыптастырып, әр оқушының қажеттіліктерін өтеу мақсатында ұстаздар өз үлестерін қосып, талмай еңбектенуі қажет.

Инклюзивті білім беруді дамыту-бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, бүкіл білім беру жүйесіне арналған білім беруді дамыту. Бұл барлығына тең құқықта және тең жағдайда білім алуға мүмкіндік береді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы (15 сәуір 2016 жылы өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).
2. Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл.
3. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген.
4. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
5. «Қазақстан Республикасында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 308 -II Заңы.
6. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналықпедагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
7. «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 Қаулысымен бекітілген.
8. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» (13.01.2014ж жағдай өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) ҚР Кодексі.
9. Жарықбаев Қ. Жалпы психология, 2000
10. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы
11. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010.
12. Саламан Декларациясы ЮНЕСКО 1994 ж
13. «Мүгедектер құқықтары туралы» Конвенция – БҰҰ – 2007 жылдың 30 наурызы. 15. Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шенбері: Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция – Испания – 1994 ж.

### **ОБУЧЕНИЕ НА ОСНОВЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, МОТИВАЦИЯ СТУДЕНТОВ И АКАДЕМИЧЕСКИЕ ДОСТИЖЕНИЯ**

**КУТТЫГУЛ Алмаз Куттыгулович, ИМАНЧИЕВ А.Е.**

Западно-Казахстанский университет им М. Утемисова

Уральск, Казахстан

almazkuttygul@gmail.com

#### **Андатпа**

Бұл зерттеу белсенділікке негізделген оқытудың оқушылардың мотивациясына және оқу жетістіктеріне әсерін анықтау мақсатында жүргізілді. Бұл зерттеу үшін эксперименталды зерттеудің алдын ала және кейінгі бақылау тобының дизайны қолданылды. Екі MCQ жетістік тесті тестілеу алдындағы және кейінгі сынақ ретінде деректерді жинау үшін зерттеу құралы ретінде пайдаланылды. Бұл жобаның бірінші қадамы студенттерді оқуға не ынталандыратыны туралы ақпарат жинау болды. Екі топтан да алдын ала тестілеу жүргізіліп, нәтижелер кестеленді. Жобаның екінші қадамы практикалық іс-әрекеттердің оқушылардың мотивациясына әсерін тексеру болды және талдау үшін екі топтың арнайы әзірленген жұмыс парақтарымен бірге MCQ жетістік тесті қолданылды. Деректерді талдау үшін Т-тест қолданылды. Бұл зерттеудің нәтижелері бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттік топта студенттердің көп ұпай жинағанын көрсетті. Орташа мән эксперименттік топтың қатысушылары кейінгі тестте 15,6, ал бақылау тобының студенттері 10,7 ұпай жинағанын көрсетті.



Сабактан кейінгі сауалнама студенттердің көпшілігі дәріс негізіндегі оқытудан гөрі белсенділікке негізделген оқытуды қызықтырақ деп тапқанын көрсетті.

#### Аннотация

Это исследование было проведено, чтобы определить эффекты обучения, основанного на деятельности на мотивацию учащихся и успеваемость. Пред тестовый и после тестовый контроль для этого исследования был использован групповой дизайн экспериментального исследования. Два MCQ тесты достижений использовались в качестве исследовательских инструментов для сбора данных в качестве предварительного тестирования и пост-тест. Первым шагом в этом проекте был сбор информации о том, что мотивирует учащихся к обучению. Предварительное тестирование было проведено для обеих групп и результатов были сведены в таблицу. Второй этап проекта заключался в изучении эффекта практического мероприятия по мотивации студентов и для анализа был использован тест достижений MCQ вместе со специально разработанными рабочими листами от обеих групп. Т-тест использовался для анализировать данные. Результаты исследования показали, что большинство студентов набрали увеличилась в опытной группе по сравнению с контрольной. Среднее значение показали, что участники экспериментальной группы показали больше достижений в пост-тест 15,6, в то время как студенты контрольной группы набрали 10,7. Анкета после урока показало, что большинство студентов считают деятельностью обучение более эффективным, интереснее, чем лекционное обучение.

#### Введение

В сфере образования преподавание и обучение идут рука об руку. Образование единственный инструмент, который направлен на то, чтобы вооружить и наделить учащихся нужными знаниями. Эти знания также способствуют приобретению различных компетенций и навыков, которые необходимы для любого гражданина, чтобы воспользоваться хорошими возможностями трудоустройства и иметь положительное влияние на общество. Однако наиболее важным элементом для получения этих преимуществ являются учителя. Для того, чтобы обеспечить молодежь и массы нужным информациям, учителя являются центральной фигурой и должны соответственно устанавливать стандарты для своих учеников. Они должны быть достаточно компетентны и должны обладать качественным знанием предмета. Эти знания необходимо передать учащимся. Наиболее нейтральным и творческим способом, чтобы позволить учащимся разработать четкое понимание наряду со стимулированием навыков критического мышления. Эриксен (1978) считает, что «Эффективное обучение в классе зависит от способности учителя поддерживать интерес, который приводит студентов к курсу в первую очередь»

Веб-сериялдарды түсіру барысы дәстүрлі сериялдардағыдай шығармашылық топты, техникалық топты, режиссер мен сценаристтерді талап етеді. Алайда веб-сериялдарда дәстүрлі сериялдардағыдай қымбат мекендерді жалдауды талап етпейді. Өйткені веб-сериял біздің өміріміздің көрінісі, қазіргі сәттің сипатын анық суреттеуге, бас-аяғы жоқ жасандылықтың кебінен ажырауға негізделеді. Дәстүрлі телехикаялардың сценарийін жазу барысы диалогқа акцент қойып, тек аудио тыңдау арқылы түсінік қалыптастыруға жол ашатындай болса, сол диалогтың ауыз-екі тілден аражігі ажырап, тек әдеби сөздермен әрі әдеби тіл нормасына сәкес болуы қажеттілік болса, веб-сериялдарда диалог аз, әрі әдеби сөз нормасынан ауытқып, реалды өмірдегі жаргон, сленг, қыстырма сөздерді, қысқарған сөздерді, эмоционалды-экспрессивті сөздерді қолдану арқылы шағын әрі жұмыр диалог құрып, актерлардың эмоциясы, артқы фондағы әуен, жүріп жатқан бейненің өзі жеткізілуі тиіс өзекті ойды айшықтап, жылдам өрбитіндіктен, визуал мен аудио өз алдына бағыттарда дамып, идеяны қуаттай түседі. Осы себеппен де көрерменнің назарын шоғырландырып, 1 минут пен 30 минут арасы көз алмай қараған сериялдың бөлімін қалай аяқтап қойғанын аңғармайтын дәрежеде өзіне тартады. Бұдан шығар қортынды: веб-сериялдар - жастарды тәрбиелеу, ұлтымыздың ұлттық руханиятын насихаттау, көрерменнің психологиясына сериялдарды қарау арқылы әсер ету мақсатында пайдалануға болатын ең мықты құрал.

Мысал ретінде отандық кинематографияның кезекті туындысы ретінде көрермен назарына жол тартқан «Алдар көсе» сериялын қарастырып көрейік. Бұл сериял эксцентрикалық комедия жанрында 2011 жылы Дин Махаматдиновтің режиссерлігімен жарыққа шықты. Сериялдың басты кейіпкері адамдық құндылықтарды айшықтаған, жақсы адам мен жаман адамның қасиеттерін, кедей мен бай арасындағы қоғамның аржігін айқын жеткізген қазақ ауыз әдебиетінің аңыз-тұлғасы – Алдар көсе. Бұл сериялдың басты кейіпкері арқылы сол замандағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, пайым-түсінігін, болмысын ауыздан-ауызға тараған аңыздардан бөлек, қазақ ертегілерінің комедия жанрындағы кейіпкері деп қана емес, визуалды түрдегі болмысын, қасиеттері мен тандауларын, сол заманғы оқиғаларды, ащы да болса заман шындығын астарлай жеткізіп, көз алдымызға әкелді. Екіншіден, біз осы сериялды қарап отырып, қазақ халқының болмысын, дәстүрлерін, мәдениеті мен әдебиетін, шешендігін, ұлтымыздың сөз қадірін ұғынып, сөзге тоқтай білгендігін, Алдардың кекесін сөздерінің астарын түсіне білуінен де тіл құдыретін ұғынып, халқымыздың тіл байлығын көрерменге насихаттап отыр деп қарай аламыз. Үшіншіден, бұл сериялда қазақ даласының түпкір-түпкіріндегі дархан дала, қыраттарды, жер-су аттарын, адам есімдерін естіп, құлақ үйренсе, ең бастысы қазақтың ұлттық киім үлгілерін көріп, визуалды тұрғыда тамашалап, ұлттық образдарды, ұлтымыздың мәдениетін 16 бөлім бойы қарап, қос етек көйлек, кимешек, шапан, шолпы, сырға, кебіс, тымақ сынды киім атауларымен таныса отырып, бай мен кедейдің тұрмысын аңғартып, бағзы заманнан келе жатқан қазақ мәдениетін қарап отырған аудиторияға таныстырумен қатар, қазіргі қазақ жастарының бойына сіңірудегі ең озық шешім болары анық. Отандық веб-сериялдарды тамашалайтын тек өз мемлекетіміздің азаматтығын алған адамдар емес, интернетке қолжетімді барша Жер шарының тұрғындары екенін ескетсек, қазіргі күнгі деректерге сүйеніп, түрлі отандық платформаларға жүктелген сериялдарымызды 30-дан астам ТМД елдерінен тамашалайды екен. Бұл дегеніміз веб-сериялдар қазақ мәдениетін күллі жаһанға насихаттауға жол ашып отырған әлемдік кино өндірісінің тиімді әрі озық бағыты.

Веб-сериялдар арқылы тарих қатпарларымен ұрпақ жадын сусындатып, ұлтымыздың ұлттық кодын дәріптеу – тиімді болмақ. Мысалы, Ұлттық арнаның тапсырысымен жарыққа шығып жатқан қазақ интелегенциясының үздіктері, ұлт зиялыларының ғұмырнамаларынан хабар берер Ахмет Байтұрсынұлы жайлы «Ұлт Ұстазы», Мағжан Жұмабай жайлы «Мен жастарға сенемін», Міржақып Дулатұлы жайлы «Міржақып. Оян қазақ!» Қаныш Сәтбаев жайлы «Қаныш. Қазына», Әлкей Марғұлан жайлы «Әлкей. Ғұлама ғұмыр» атты телехикаяларды алып қарай аламыз. Бұл сериялдар тарихи дереккөздермен сәкестендіріле отырып, шым-шытырық оқиға желісі арқылы тұлғаларымыздың басынан өткен заманның қиындықтарын ашып, көрермен көзайымына айналды. 6-8 серия арасында, XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының тағдырынан хабар берер бұл сериялдардың мәдениетімізді насихаттауда тигізер үлесі зор. Түрлі сезімдер астаса, интрига, драмалық шиеленіс,



комедия, трагедия сынды жанрларды бір толқында түйістіріп, интрига, драмалық шиеленістерді ұтымды пайдаланып, визуал, музыка, режиссураны теңдей ұстаған сериалдарды тамашалап отырып, сөйлесу, келісімге келу сынды коммуникациялық қатынастардың мәдениетінен киінуге мәдиетіне дейін санамызға сіндіреді.

Веб-сериалдарда дәстүрлі сериалдағыдай емес, еркіндік бар. Яғни цензура жоқ. Интернет желісіндегі түрлі платформаларға 6+ 12+ 14+, 16+, 18+, 21+ сынды жас шектеулерін қойып, ешқандай сұрыптаудан өтпестен, сюжеттерді жариялап отырады. Яғни аудиторияны бақылауда ұстау мүмкін емес интернет әлемінде салынған видео-контенттің көрермендері де әртүрлі жастағы аудитория. Дәл осы орайда біз веб-сериалдардың қазіргі мәдениетке тигізер әсерінің орасан зор екенін байқаймыз. Т. Клейн мақаласында: "Веб-сериялар телехикаяларға қарағанда интернетте медиа өнімдерді ілгерілету және тарату үшін қосымша платформа ретінде пайдаланатын партизандық мәдениеттің бөлігі болып табылады", -депті. [20, с.9] Ешқандай сүзгісіз кино нарығына жүктеліп жатқан түрлі веб-сериалдардың санасы мен тастар ойы мәдениетке ықпал етпей қоймасы анық.

Әлбетте, Отандық кино әлімі енді ғана веб-сериалдарды түсіруді бастағандықтан, цензурадан өтпеген көптеген веб-сериалдардың көтерер тақырбы жеңіл, айтар ойы таяз. Алайда бұл уақытша құбылыс. Интернеттің жылдамдығын игере алған платформа ретінде болашақта веб-сериалдарға сұраныс артса, талап та артып, жүйеге түсетініне сенемін. Веб-сериалдар дәуірлер арасындағы сабақтастықты орнатып, визуалды түрде санамызға түсініктер ұялатады, ұлтымыздың болмысын, жақсы қырларын әлемге танытуға, болашақ ұрпақтың бойына жақсы әдеттер қалыптастыруға мәдениетті түзуге тікелей әсер етеді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Margitu S. Independent women: from film to television. *Feminist Media Studies*, 09.2019, 1050–1053 б
2. Klein T. Web Series – Between Commercial and Non-Profit Seriality. *Media Economies. Perspectives on American Cultural Practices*. Eds. Hartwig M., Keitel E., Süß G. Trier: WVT Wissenschaftlicher Verlag Trier, 2014. 3–14 б
3. Gripsrud, J. *Relocating Television: Television in the Digital Context*. Abingdon: Routledge, 2010. 275 б
4. Ю Малюкова Л. Веб-сериалы завоевывают YouTube // Новая газета. 2019. № 89.
5. Прохоров А.В. Веб-сериалы: специфика и ключевые особенности формата 2019

### **МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОБЛЕМНОЙ СИТУАЦИИ НА ЗАНЯТИЯХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКУ В ВЫСШЕМ УЧЕБНОМ ЗАВЕДЕНИИ**

**БЕГАХМЕТОВА Балжан Каиргельдыевна**  
ЧУ АКАДЕМИЯ «BOLASHAQ»

Караганда, Казахстан  
zhannastra15@mail.ru

#### **Аннотация**

Мақала проблемалық оқыту негізінде жоғары оқу орындары студенттерінің ауызша сөйлеу қызметін дамытуға арналған. Бұл әдіс болашақ мұғалімдердің екі шетел тілін белсенді меңгеруін едәуір жеңілдетеді. Бұл әдістің анықтамасы қазіргі заманғы шетел тілін оқыту әдістемесінде берілген. Мақалада жоғары оқу орындарында шетел тілі сабақтарында проблемалық жағдайды пайдаланудың артықшылықтары туралы қорытынды бар, оны модельдеу кезеңдері анықталған.

#### **Аннотация**

Статья посвящена развитию устной речевой деятельности студентов высших учебных заведений на основе проблемного обучения. Данный метод значительно облегчает активное усвоение будущими учителями двух иностранных языков. Дано определение этого метода в современной методике иноязычного образования. Статья содержит вывод о преимуществах использования проблемной ситуации на занятиях по иностранному языку на старших курсах обучения, определены этапы ее моделирования.

Развитие устных речевых умений и навыков является важным элементом занятий по иностранному языку в высшем учебном заведении, поскольку социальная и образовательная роль и значимость знания одного и даже нескольких иностранных языков и умения общения на них в



современном мире растет. Оно становится «обязательной составляющей профессиональной квалификации современного специалиста и действенной основы для подготовки молодого поколения к жизнедеятельности в новых условиях международного взаимодействия и сотрудничества» [1]. Поэтому в работах по проблемам современной методики преподавания иностранных языков активно рассматриваются вопросы обучения иностранному языку в общеобразовательном и высшем учебном заведении [2,3]. Предметом их изучения является вопрос улучшения качества речи обучаемых и формирование у них межкультурно-коммуникативной, лингвистической и профессиональной компетенций. Создание преподавателем проблемной ситуации на занятии и совместный поиск ее разрешения является одним из продуктивных средств развития устной речи обучаемых. Она способствует проведению самостоятельных мыслительных операций, является репродуктивным, реконструктивным и творческим видом работы.

Темы для создания проблемной ситуации весьма обширны, для них берутся события повседневной, социально-общественной, профессиональной, образовательной и иных сфер жизни. Польский ученый В.Оконь писал, что «сущность процесса учения путем решения проблем сводится в каждом случае к созданию такой ситуации, которая вынуждает учащегося самостоятельно искать решение»[4]. Таким образом, проблемная ситуация является исследовательским типом обучения, развивающим сознание и память, способствует активному усвоению лексики, грамматики, стилистики языка, формирует темп речи, культуру общения. По мнению Е.В. Ковалевской, «проблемная ситуация – это такая ситуация, при которой обучающийся хочет решить трудные для него задачи, но ему не хватает данных, и он пытается найти пути решения самостоятельно» [4]. Роль студента в такой ситуации может быть различной: учителя, родителя, работодателя, клиента, подчиненного и так далее. Конкретный текст учебника или учебного пособия, а также аудиотекст становится основой для создания проблемной ситуации, ее обсуждения.

Какие качества устной речи помогает улучшить решение обучаемым проблемной ситуации? Во-первых, соблюдать диапазон и точность речи. Студент имеет возможность планировать речевой акт, отбирать необходимые языковые ресурсы, искать выход из положения при их недостаточности, уметь исправить допущенные ошибки в речи, то есть развивать собственные стратегии построения речи. Развивается достаточный словарный запас, позволяющий описывать любую ситуацию, выражать собственную точку зрения на ее решение, использовать сложные синтаксические конструкции, демонстрируется уровень контроля грамматической правильности речи. Обучаемый учится строить диалогическую и монологическую речь в процессе обучения иностранному языку определенной продолжительности с достаточно ровным темпом речи, продолжительных пауз в ней в его речи раз от раза становится меньше. Речь становится более беглой[5]. Важным элементом речи является формирование умения взаимодействовать в речи с партнером, приглашать других партнеров и самому начинать беседу и заканчивать ее, может поддержать беседу на знакомую тему. В конечном итоге формируется самостоятельное владение речью. Перед выполнением задания необходимо определить наполняемость ответа определенными грамматическими и синтаксическими конструкциями. В речи студентов старших курсов должны быть корректно использованы временные формы глагола, сложноподчиненные и сложносочиненные предложения, инфинитивные конструкции, определенные формы страдательного залога.

Что значит создать проблемную ситуацию в обучении иностранному языку? Это означает смоделировать противоречие на основе содержания прочитанного или услышанного текста и вызвать тем самым у обучаемых эмоциональную реакцию, некоторое удивление или даже затруднение в его понимании и соответственно желание поиска ответа или реакции на ее решение. В проблемную ситуацию могут быть заложены предположения, опровержения, некие несоответствия, неопределенности даже конфликт. Любая созданная преподавателем на языковом занятии проблемная ситуация должна иметь к концу ее обсуждения описание возможных путей выхода из нее. Важны его речь в виде монолога или диалога в предъявлении задания в виде ситуации, определение вопросов для исследования ее состояния, его стимулирующие реплики или вопросы в ходе обсуждения ситуации, побуждающие обучаемых к высказыванию собственной оценки происходящего. Проблема может быть задана как преподавателем, так и быть созданной самими обучаемыми. Внутри заданной ситуации может и должно быть противоречие между нашим обычным житейским представлением по заданному вопросу и возможным авторским (научным, общественным) мнением по его оценке. Мнения могут быть диаметрально противоположными. Категоричной оценки мнения студента не может быть. Побуждающими к диалогу могут быть вопрос: Почему Вы так думаете? На чем Вы основываете свое мнение? Что интересного предлагает автор учебной статьи? Что Вас удивляет в содержании текста? Какие вопросы у Вас возникают по поводу заданной ситуации? Как Вы предлагаете решить сложившуюся проблему? Какие противоречия видите Вы в предлагаемом автором



варианте решения? Почему ситуация сложилась именно так? Прав ли автор текста? Правильное ли решение нами принято? Согласны ли Вы с мнением одноклассников? В чем они не правы?

Для преподавателя и студентов важен алгоритм работы над проблемной ситуацией. Студентам следует ознакомиться с содержанием текста в качестве домашнего задания или работы в аудитории, выявить в нем противоречивые факты, задать к нему вопросы по содержанию с целью выявления противоречия. Преподаватель побуждает студентов к формулировке проблемы. По возможности может столкнуться с мнениями обучающихся, постараться выяснить, почему ситуация разворачивается именно так или иначе.

Решения не могут быть однозначными. Мнений может быть высказано несколько. При этом развивается гибкость мышления, критичность в оценке, оригинальность решения, отказ от стандартных ситуаций. Мыслительный процесс идет по схеме: выдвижение гипотезы, ее обновление и проверка. Обучаемые осуществляют мыслительный поиск самостоятельно либо с помощью преподавателя. В задании должно быть противоречие между исходными знаниями и новыми, порой парадоксальными фактами, разрушающими известную точку зрения или теорию, между теоретически возможным способом решения, его практической целенаправленностью, между практически доступным результатом и отсутствием теоретического обоснования. Большинство практических ситуаций можно свести к случаям нехватки или избытка теоретической или фактической информации. Следует помнить о главном: проблемная ситуация должна вызывать интерес, удивлять обучающихся своим содержанием, вызывать желание разобраться в ней. Должен сработать эффект возбуждения интереса к теме.

Проблемная ситуация на языковом занятии может быть использована на всех этапах практического занятия: при введении нового материала, его закреплении, контроле. Преподаватель может выступать в роли модератора ситуации: подводить к определенному мнению аудиторию, просить сравнить различные мнения на один и тот же вопрос, подтолкнуть к сравнениям, выводам, обобщениям, сопоставлению фактов. Автором статьи широко используется проблемное обучение иностранному языку на 3-4 курсах образовательной программы «Иностранный язык: два иностранных языка» на уровнях В1+, В2. К этому времени обучающиеся владеют довольно большим словарным запасом, клишированными фразами, необходимыми для выражения согласия, отрицания, сомнения, подтверждения мнения и иных речевых позиций. Предлагаемые авторами учебников «Menschen» (уровень В1) и «Sicher» (уровень В2) тексты для чтения и аудирования настолько информативны, актуальны и интересны по содержанию, что работа над предлагаемыми самими авторами проблемными заданиями и ситуациями достигают в определенной степени своих целей. По совету Е.В.Ковалевской учитываются объем и содержание предлагаемой учебной ситуации, предъявляется толерантное отношение к допускаемым студентами грамматическим ошибкам[4]. От педагога требуется большая предварительная подготовка к такому занятию. Постепенно видимым становится снятие речевого барьера у студентов, проявляется желание активного участия в индивидуальной презентации своей позиции в предложенной проблемной ситуации или в работе в группе. Роль преподавателя иностранного языка заключается в умелом руководстве процессом разрешения заданной ситуации и активизации речевой деятельности студентов. Опыт показывает положительные результаты проводимой работы. Она продолжается дальше.

#### **Список использованной литературы**

1. Кунанбаева А.С. Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. Алматы, 2014. с.158
2. Мельникова Е.Л. Проблемно-диалогическое обучение: понятие, технология, методика. Монография. М.: Баласс, 2015.- 272с.
3. Лернер И.Я. Проблемное обучение. – М.: Просвещение 2013, 64с.
4. Ибрагимова К.К. Технология проблемного обучения на уроках иностранного языка//Вестник Каз.НПУ. Категория Педагогика. Алматы. 2015.
5. Общеввропейские компетенции владения иностранным языком: изучение, обучение, оценка. М., 2005.





## ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И СОЦИОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ИНТЕРНЕТ-МЕМОВ ШИПИЛОВА Юлия Валерьевна, ГРУНЬ Анна Викторовна

Kozybaev University  
Петропавловск, Казахстан  
shipilova.yuliya@mail.ru, 0304123@mail.ru

### Аннотация

Қазіргі уақытта "мемдер" белгілі бір ақпаратты беру мақсатында қоғамда жасалатын және таратылатын сандық артефактілер болып табылады. Интернет-мемдер әлеуметтік және коммуникативті функцияға ие, сондықтан бұл мақалада олардың әлеуметтік-лингвистикалық әлеуетті қалыптастыруға қалай ықпал ететініне назар аударылады. Сондай-ақ, біз интернет-мемдердің кейбір лингвистикалық және әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін анықтаймыз, оларды байланыс формасы ретінде талдаймыз.

### Аннотация

В настоящее время «мемы» представляют собой цифровые артефакты, которые создаются и распространяются в обществе с целью передачи определенной информации. Интернет-мемы имеют как социальную, так и коммуникативную функцию, поэтому основное внимание в этой статье будет уделено тому, как они способствуют формированию социолингвистического потенциала. Также мы выявим некоторые лингвистические и социокультурные особенности интернет-мемов, чтобы проанализировать их как форму коммуникации.

Сегодня слово «мем» прочно вошло в повседневный разговорный язык, хотя этот термин, как ни удивительно, возник до появления Интернета. Изначально мем был понятием, задуманным в области эволюционной биологии, который обозначал единицу для переноса культурной информации от мозга к мозгу. В настоящее время «мемы» представляют собой цифровые артефакты, которые создаются и распространяются в обществе с целью передачи определенной информации.

Поскольку интернет-мемы имеют как социальную, так и коммуникативную функцию, основное внимание в этой статье будет уделено тому, как они, соответственно, способствуют формированию социолингвистического потенциала. Также мы выявим некоторые лингвистические и социокультурные особенности интернет-мемов, чтобы проанализировать их как форму коммуникации. Современные лингвистические теории и подходы позволяют рассматривать интернет-мемы на пересечении таких наук, как семиотика и прагматика.

Что же такое мем? Чтобы дать ответ на этот вопрос, необходимо рассмотреть происхождение термина «мем», изучить применение этого термина в интернет-дискурсе, проанализировать, что следует понимать под «мемом» в эпоху цифровых технологий.

Итак, термин «мем» был изобретен задолго до появления Интернета биологом-эволюционистом Ричардом Докинзом в работе 1976 года «Эгоистичный ген». Мем, как утверждает Докинз, является «культурным аналогом биологического гена» [1, с. 252]. Подобно гену, мем является «единицей подражания». Но в то время как ген передает биологическую информацию, мем передает культурную: «примерами мемов являются мелодии, идеи, крылатые фразы, мода на одежду, способы лепить горшки или строить арки» [1, с. 249] — и это лишь некоторые примеры.

Для того чтобы мем (любого рода) попал в базу мемов, он должен «заразить» разум человека подобно тому, как «вирус может паразитировать в генетическом механизме хозяина клетки» [1, с. 250]. Таким образом, мимикрия, или имитация, происходит по мере того, как мем переходит из одного мозга в другой, так же, как вирус будет распространяться от тела к телу. Передачу мема можно проиллюстрировать так: представьте себе песню, которую передают по радио; кто-то слушает, у него «застревает» в голове, впоследствии он делится ею со своими коллегами, друзьями, родственниками, а, возможно, даже напевает ее на улицах, таким образом «заражая» другой ум.

С этого момента мем развивается как отдельная маленькая культурная единица, которая по мере своего распространения копируется и имитируется. Однако, как и в случае с генами, мемы подвержены естественному отбору, и некоторые из них обязательно исчезнут. Мемы постоянно конкурируют с другими мемами, чтобы обеспечить свое «выживание». Некоторые из них группируются с другими, создавая то, что Докинз называет «коадаптированными комплексами мемов» [1, с. 256].

Аналогия, проведенная Докинзом между мемами и генами, вдохновила целую академическую дискуссию и школу мысли, получившую название «меметика», привлекая исследователей из самых разных областей науки. Благодаря технологическим достижениям, в частности появлению Интернета, термин времен Докинза формирует свое значение в новом направлении, отклоняясь от таких понятий,



как подражание, тиражирование, поторение. Поколение пользователей сети знает о мемах не как о маленьких воспроизводящихся единицах культуры, а, скорее, как о цифровых артефактах.

С появлением интернета появилась огромная, преодолевающая географические границы платформа для обмена, общения, распространения информации/контента с невероятной скоростью. Сочетание этих аспектов создает идеальные условия для передачи мемов, обеспечивает их «выживание», создавая синтез меметической теории и Интернета. Лимор Шифман, профессор коммуникации в Еврейском университете в Иерусалиме, чья работа заключалась в исследовании интернет-мемов, цифровой культуры и цифровых медиа, определяет интернет-мемы как «группу цифровых элементов, имеющих общие характеристики содержания, формы и/или позиций, которые были созданы с осознанием друг друга и были распространены, имитировались и/или трансформировались через интернет многими пользователями» [2].

Гретчен МакКалок, канадский лингвист, эксперт в области интернет-лингвистики, отметила, что «мем в интернет-пространстве — это не просто что-то популярное (видео, изображение или фраза), которое может стать вирусными. Это нечто переделанное и перекомпонованное, распространяющееся как атом интернет-культуры» [3, с. 239]. Наряду с этим утверждением, культурный критик Лорен Мишель Джексон отметила определенную связь мемов с юмором, интерпретируя их как «часть культуры, как правило, шутку, которая приобретает влияние через онлайн-передачу» [4].

Люди являются неотъемлемой частью производства мемов, и, анализируя интернет-мемы, нельзя не учитывать их социальные аспекты. Американский фольклорный центр (исследовательский центр при Библиотеке Конгресса) счел это явление настолько значительным, что, заархивировав базу данных мемов, создал онлайн-энциклопедию Know Your Meme, которая стремится документировать и объяснять широкий спектр функционирования различных интернет-мемов [5].

Учитывая этот факт, Силле Хвасс Холм, аспирант Орхусского университета (Дания) в статье «Что такое мем? Социолингвистический потенциал интернет-мемов» называет интернет-мемы формой современного фольклора. «Фольклор как зеркало культуры, поскольку он отражает (и тем самым укрепляет) ценностные установки народа, но в то же время фольклор дает санкционированную форму побега от этих самых ценностей. Кроме того, зеркальное отображение также влечет за собой «автобиографическую этнографию» — в том смысле, что народ или определенная культура - описание себя» [6, с. 14].

В эпоху клипового мышления интернет-мемы представляют собой благодатную почву для когнитивных лингвистических исследований, поскольку они сочетают в себе две модальности, язык и изображение смешиваются в них и дополняют друг друга. Именно поэтому эти компоненты не должны анализироваться отдельно. Важно отметить, что смысл этих цифровых графических текстов составляет часть коллективного дискурса: мемы никогда не конструируются только одним пользователем сети.

Следует заметить, что мемы обычно представляют собой сложные творения: они мультимодальные, многоуровневые сочетания, влияющие на наше представление мира, которое слегка видоизменяется каждый раз, когда мы «распаковываем» их. Возможность подметить аналогию между различными элементами и их особенностями заставляет нас мыслить творчески. Это также объясняет, почему каждый вновь созданный мем немного отличается от предыдущего, при этом функционируя в общепринятом контексте (семантических рамках) данной культуры и языка.

Считается, что мемы представляют собой юмористический или даже насмешливый взгляд на реальность, которая окружает нас. Но под прикрытием сарказма мы можем увидеть точки зрения, разделяемые различными интернет-сообществами, касающиеся тех или иных вопросов. Каждый мем должен быть сделан в соответствии с определенными правилами, условностями и стилем. У них есть коннотативное значение, и они вызывают определенные ассоциации. Мемы интертекстуальны и аллюзивны — они относятся к другим мемам, известным фигурам или текущим политическим и культурным событиям. Метафора, персонификация и метонимия, а также гипербола, усиливающая их комический подтекст, являются важным средством создания мемов.

Таким образом, интернет-мемы представляют собой новую форму коммуникации. Это динамичные и постоянно меняющиеся атомы культуры, поскольку они распространяются по всему интернету; это артефакты, отражающие текущие события или проблемы повседневной жизни и выполняющие, среди прочего, такие функции, как комментарий, критика, протест или развлечение. Интернет-мемы можно считать относительно «молодым» явлением, и пока пользователи интернета будут продолжать создавать контент и общаться с помощью мемов, эта тема будет актуальна и востребована.

#### Список литературы:

1. Докинз Р. Эгоистичный ген. — М.: АСТ, 2013. — 522 с.
2. Shifman, Limor. Memes in Digital Culture. - Cambridge, MA: MIT Press, 2014.



3. McCulloch, Gretchen. Because Internet: Understanding the New Rules of Language. - New York, USA: Riverhead Books, 2019. 237-246.
4. Jackson, Lauren Michelle. A Unified Theory of Meme Death [Электронный ресурс]. URL:<https://www.theatlantic.com/technology/archive/2017/12/a-unified-theory-of-meme-death/546866/> (дата обращения: 28.04.2023).
5. Know Your Meme [Электронный ресурс]. URL:<https://www.loc.gov/item/lcwaN0009692/> (дата обращения: 1.05.2023).
6. Holm, Cille Hvass. What Do You Meme? The Sociolinguistic Potential of Internet Memes. [Электронный ресурс].
7. URL:[https://www.academia.edu/48167523/What\\_Do\\_You\\_Meme\\_The\\_Sociolinguistic\\_Potential\\_of\\_Internet\\_Memes](https://www.academia.edu/48167523/What_Do_You_Meme_The_Sociolinguistic_Potential_of_Internet_Memes)

## **ФИЗИКА ПӘНІ САБАҚТАРЫНДА САРАЛАП ОҚИТУ ДАБЫЛТАЕВА С.Е., НҰРЖІГІТОВА З.Т.**

Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі  
Тараз, Қазақстан  
dabylytaeva\_s@trz.nis.edu.kz, nurzhigitova\_z@trz.nis.edu.kz

### **АНДАТПА**

Саралау әр оқушының оқу сапасы мен дамуын арттыру үшін олардың әрқайсысына назар аударуды, әрбір оқушының қызығушылығы, ынтасы, қабілеті сияқты сипаттамалары негізінде сабақтағы іс-әрекетті алдын-ала сыныпқа бейімдеуді болжайды. Саралауды тиімді қолдану оқушылардың әр сабақтағы іс-әрекетін алдын-ала жоспарлаумен байланысты.

Мақалада физика сабақтарын жоспарлау кезінде сабақтың мақсаттарын, әртүрлі деңгейлі іс-әрекеттерді қалай саралауға болатынына мысалдар келтірілген. Сабақтың әртүрлі кезеңдерінде саралауды жүзеге асыру жолдары көп, атап айтқанда, оқу бағдарламасынан ауытқымай-ақ, берілетін сабақтың мазмұнын саралауға, сабақтағы оқушылардың өзара әрекеттесуін, атқаратын іс-әрекеттерін, үдерісті саралауға болады. Физика пәні сабағында есептер шығаруда саралауды жүзеге асырудың ең қарапайымы жолы – саралаудың жеңілден-күрделіге қағидаты бойынша құрастырылған деңгейленген тапсырмалар арқылы оқушылардың тапсырманы таңдауына мүмкіндік беру. Сыныптағы оқушылардың барлығының темпераменті, зейін тұрақтылығы, қызығушылығы мен қабілеттері әртүрлі болатындықтан, сабақтағы іс-әрекеттердің де бірсарынды болмауы, жұптық, топпен жұмыстарды ұйымдастыру арқылы оқу ортасын саралау да маңызды.

Саралап оқытудың негізгі міндеттерінің бірі — әр оқушының оқу материалын толық меңгеруіне қолайлы жағдай жасау. Ю.К.Бабанский саралап оқытуды сыныптық, топтық және жеке оқытудың тиімді үйлесімі ретінде қарастырады [1]. Саралап оқыту технологиясы авторларының бірі Н.П. Гузик деңгейлік саралауды сабақтың жаңа білімді меңгерту, бекіту немесе қорытындылау кезеңінде қолдануға болатынын айтады [2]. Қазіргі мұғалімдер Ю.К.Бабанский, Г.К.Селевко, Н.П. Гузик, И.Э.Унт, В.В. Фирсов сияқты көптеген зерттеушілердің еңбектерінен таныс болғанымен, саралап оқытуды жүзеге асыруда қиындықтар әлі де кездеседі. Саралап оқытуды іске асырудағы қиындықтар әр сыныптағы әрбір оқушының қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, сабақты егжей-тегжейлі жоспарламаудан туындайды. Жоспарлау бірнеше кадамнан тұрады: Бірінші «Қандай?» деген сұраққа жауап ізделінеді. Толығырақ айтқанда, сабақты жоспарлауда ең алдымен, оқу бағдарламасына сай оқушылар осы сабақта қандай оқу мақсаттарына қол жеткізуі керектігіне мән беріледі.

Мысалы, 8- сыныптағы «Потенциал. Потенциалдар айырымы» тақырыбы бойынша «потенциал және потенциал айырымы ұғымдарының физикалық мағынасын түсіндіру» оқу мақсатына сәйкес сабақтың мақсаты төмендегідей сараланады:

- Барлық оқушылар: электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымының физикалық мағынасын, өрістің энергиясы болатынын түсіндіреді;
- Көптеген оқушылар: электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы формуласын қолданып сандық және сапалық есептер шығарады, түрлендіреді;
- Кейбір оқушылар: потенциалдар айырмасының зарядтың орын ауыстыру кезінде атқарылатын жұмыспен байланыс формуласын қорытып шығарады және атқарылатын жұмыстарды салыстырады.



Бұдан кейін «Қалай?» деген сұраққа жауап беретіндей қадамдар жасалады, мұғалім сабақта оқушылардың атқаратын іс-әрекеттерін жоспарлайды. Барлық оқушыларға бірдей тапсырма берілсе, мұғалім олардың шапшаңдығын ескеріп, тапсырманы орындау уақытын әртүрлі етіп бере алады немесе тапсырма ортақ, бірақ ресурстар әртүрлі болуы мүмкін. Барлық оқушыларға бірдей тапсырма берілгенде, мысалы жоғарыда келтірілген оқу/сабақ мақсаттарына сәйкес электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы формуласын қолданып сандық және сапалық есептер шығару кезінде оқушыларға көрсетілетін қолдау олардың қабілетіне сәйкес әр түрлі болады.

Сабақтың білімді бекіту кезеңінде саралауды жүзеге асыру үшін А, В, С үш бөлімнен тұратын деңгейленген тапсырмаларды ұсыну арқылы оқушылардың тапсырманы таңдауына мүмкіндік беруге болады. А бөлімде физикалық заңды, формуланы тікелей қолдануға берілген сандық немесе сапалық есептер, В бөлімде физикалық заңды, формуланы түрлендіріп қолдануға берілген есептер, ал С бөлімде белгісіз шама жаңа біліммен қоса, алдыңғы білімді де қолдану арқылы және бірнеше қадаммен анықталатын есептер болады.

Жоғарыда келтірілген «Потенциал. Потенциалдар айырымы» тақырыбына сай саралаудың жеңілден-күрделіге қағидаты бойынша құрастырылған есептерді мысал ретінде қарастырайық [3].

А бөлімі:

1. Электр өрісінің екі нүктесі арасында шамасы 6 мкКл зарядтың орын ауыстыруы үшін 8 мДж жұмыс жасалса, шеткі екі нүктедегі өрістің потенциалдар айырымы қандай?

2. Потенциалдар айырымы 1600 В болатын электр өрісінің екі нүктесі арасында шамасы 2 мкКл зарядтың орын ауыстыруы үшін қандай жұмыс атқарылады?

В бөлімі:

1. Өрістің екі нүктесіндегі кернеуліктердің қатынасы 2-ге тең болса, осы нүктелердегі өріс потенциалдарының қатынасы қандай?

2. Потенциалы 6000 В нүктеден өріс бағытымен 3 Мм/с жылдамдықпен электрон ыршып шыққан. Электронның жылдамдығы нөлге тең болатын нүктенің потенциалы қандай?  $e = 1,6 \cdot 10^{-19}$  Кл.  $m = 9,1 \cdot 10^{-31}$  кг

С бөлімі:

1. Кернеуі 8 кВ, арақашықтығы 4 см горизонталь пластиналардың арасындағы ауада қалқып тұрған массасы 2 мг тозаңның заряды қандай?

2. Кернеулігі 1 кВ/м біртекті электр өрісінде күш сызықтарының бағытымен -25 нКл зарядты 2 см-ге жылжитқан. Өрістің жұмысын, заряд пен өрістің өзара әсерінің потенциалдық энергиясының өзгерісін, орын ауыстырудың бастапқы және соңғы нүктелерінің арасындағы кернеуді анықта.

Барлығы бір парақ қағазға басып шығарылған әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды ұсыну арқылы әр оқушының тапсырманы өзі таңдауына мүмкіндік беріледі. Тапсырманы орындауға бөлінетін уақыт тек бір бөлімді орындау үшін белгіленеді. Өзі таңдап алған бөлімнің тапсырмасын жылдам орындаған оқушылар басқа жоғарырақ деңгейдегі есепті шығарады, мысалы А бөлімдегі есепті жылдам шығарған оқушы келесі В бөлімге өтеді, В бөлімді таңдап және бөлінген уақыттан ерте аяқтаған оқушы С бөлімге өтеді. Ал С бөлімді таңдаған оқушы өз тапсырмасын орындап қойса, жоғары ойлау дағдыларын дамытатын қосымша тапсырма алады. Тапсырмалардың барлығы бірсарынды жеңіл немесе қиын болған жағдайда оқушылардың тапсырмаларды орындауға қызығушылықтары төмендейді. Сондықтан оқушыларға берілетін тапсырмалар алдын-ала құрастырылады, іріктеледі. Саралау ол тек қиындыққа тап болған оқушыларға ғана емес, сонымен қатар қабілеті жоғары оқушыға да бағытталуы тиіс. Мысалы «Гук заңын» өткенде оқушылардың барлығы күштің серіппенің ұзаруына тәуелділік графигін тұрғыза алады. Қабілеті жоғары оқушыға Гук заңына сәйкес осы графикте серіппенің созылуымен қатар сығылуын да көрсетуге тапсырма беріледі. Тізбектей және параллель жалғанған қатандықтары бірдей екі серіппеге түсірілген күш белгілі болғанда, әр жағдайда серіппенің ұзаруын анықтау, салыстыру, қорытынды жасау түрінде берілетін тапсырмалар да оның пәнге қызығушылығын арттыра түседі [4].

Сонымен қатар, сыныпта кейбір оқушылар физикалық ұғымдармен, өтілетін материалмен бұрыннан таныс болуы мүмкін. Мұндай жағдайда пән бойынша оқу бағдарламасына сай берілетін сабақтың мазмұнын саралау қажет. Блум таксономиясына сәйкес әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар сабақтың алдында дайындап қойылады. Сөйтіп, сабақтың мазмұнымен бұрыннан таныс оқушыларды бір топқа біріктіріп, оларға есте сақтауға және түсінуге бағытталған тапсырмалардан күрделірек тапсырмалар беруге болады. Қабілеті жоғары оқушыларға жоғарырақ ойлау дағдыларын дамытатын тапсырмаларын беріледі де, олар осы сабақта уақытын бос өткізбей, білімін қолдануға, жинақтауға мүмкіндік алады.

Сабақтың мазмұнымен бұрыннан таныс емес оқушыларға жаңа тақырыпты меңгеруде ең тиімді әдістердің бірі оқулықтағы мәтінмен жұппен жұмыс жасауды ұйымдастыру. Оқушының біреуі





көршісіне оқығанын түсіндіреді, екіншісі сұрақ қояды. Сосын рольдерін ауыстырып, екіншісі түсіндіреді, сұрақ-жауаппен алмасады. Физика сабақтарында әрбір тақырып бойынша есте сақтайтын ғылыми терминдер, физикалық шамалар, олардың өлшем бірліктері, формулалар, анықтамалар, заңдар жеткілікті. Сондықтан оқушыларға мәтін бойынша тапсырманы қағазға басып шығарылған жұмыс парағы түрінде берудің артықшылығы бар, себебі кейбір оқушылар түсініп оқу үшін парақта кілт сөздердің, анықтамалардың т.б. астын сызып ерекшелік алады. «Білемін, білдім, білгім келеді» әдісін қолданып, «қанатша», «+», «-», «?» белгілерін қоя алады [5].

Физика сабақтарында практикалық, зертханалық жұмыстар көптеп жасалады және мұндай жұмыстарды жұппен жасау тиімді. Қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген әрбір жұп тәжірибені жасап, нәтижесін талқылайды. Физика сабақтарындағы жұптық жұмыстар оқушылардың өзара әрекеттесуін саралауға мысал бола алады. Жұптық жұмыстардың артықшылығы: барлық оқушы іс-әрекетпен қамтылады, барлық оқушы сөйлейді, бірін-бірі оқытады [2].

Физика сабақтарында оқушылар атқаратын іс-әрекеттерді, үдерісті саралауға, сыныптағы аудиалдар, визуалдар және кинестетиктер үшін іс-әрекеттер ұйымдастыруға мүмкіндіктер көп. Құбылыстарды тәжірибе жасап көрсету арқылы демонстрациялау немесе [phet.colorado.edu](http://phet.colorado.edu) сайтындағы интербелсенді модельдер мен симуляцияларды пайдалану, Twig.bilim сияқты білім беру порталдарындағы фильмдерді көрсету, тақырып бойынша кілттік сөздерді тақтаға жазып, суреттер мен сызбаларды магниттік тақтаға жапсырып қою оларға жан-жақты қолдау көрсетудің мысалдары болып табылады.

Мұғалімнің сабақта оқушыларға қолдау көрсетуін де саралауға болады [6]. Бірақ сабақта берілген тапсырманы орындауда қиындыққа тап болған оқушыға көрсетілетін көмек шектеулі болғаны дұрыс. Жаңа тақырыпқа бейімделуі, жаңа танысқан формулаларды қолданып үйренуі үшін дайын үлгі бойынша шығаруға есеп беру де саралауға жатады. Мұғалім оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеріп, әр сабаққа мұқият дайындалып, әр сабақ сайын оларға қолдау көрсеткен жағдайда оқушылардың барлығының білім сапасы жақсара түседі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. - М.: «Народное образование», 1998, 3-бет.
2. Биология және физика сабақтарында саралап оқыту. Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017, 9, 44-беттер.
3. Тұяқбаев С., т.б. Физика: Есептер жинағы. Алматы: Мектеп, 2010, 101-103 беттер.
4. Physics in English for the higher grades. Part 2. Нұр-султан, АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», Центр педагогического мастерства, 2020, 9,11-беттер.
5. Мәтінмен жұмыстың тиімді тәсілдері. Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018, 30-бет.
6. Заманауи мектептегі оқыту мен оқуды саралау негіздері. Астана, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2018, 50-бет.

### **ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ САБАҚТАРЫНДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ЖАҒДАЯТТАРДЫ ОҚУШЫЛАРҒА ҰСЫНУ АРҚЫЛЫ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

**ДЖУМАБЕКОВ Адилет Нурканатович**

Химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Атырау, Қазақстан

Myrzageldi@mail.ru

#### **Аннотация**

Мақалада құқық негіздері пәні арқылы сабақта оқушылардың функционалдық сауаттылығын проблемалық жағдаяттарды талдату арқылы дамыту туралы айтылады. Оқушылардың шешім қабылдай алуын, өзінің пікірін білдіруін, проблемалардың шешіп үйренуінің маңыздылығы қарастырылады. Жағдаяттарды шешу арқылы құқықтық сана, азаматтық түсінік оқушыларда жақсы қалыптасады.

#### **Аннотация**

В статье рассматривается вопрос о развитии функциональной грамотности учащихся на уроках основы права посредством проблемных ситуаций. Наряду с решением проблемных ситуаций, в данной



статье разбираются пути совершенствования навыков самостоятельного выбора и выражения своих идей. Предоставление подобного подхода-рассмотрение на уроке жизненных ситуации- способствует расширению правового мышления и гражданственности учащихся.

#### **Abstract**

The article deals with the issue of developing the students' functional literacy in Law Basics lessons by means of problem situations. This article examines ways to improve the skills of independent choice and expression of their ideas. Discussion of life situations and problem solving contributes the expansion of legal thinking and citizenship of students.

Түйінді сөздер:функционалдық сауаттылық, білім, пән, заң, оқушы

Ключевые слова:функциональная грамотность, образование, предмет, закон, ученик

Keywords: functional literacy, education, subject, law, student

*Балаларға өскенде не пайда болатынын үйрету керек.*

*Аристунн*

Бәріміз өмір сүріп отырған ХХІ ғасыр жан-жақты жетілген, өз ісіне және басқаның ісіне шынайы баға бере білетін, өзіне сенімі мол, мемлекетінің әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына бар үлесін қоса білетін азамат тәрбиелеуді қажет етіп отыруы заңдылық екенін келтіреді [1, 35 б.]. Егеменді еліміздің қарқынды дамуының келешегі жас ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты болып отырады. Бәсекеге қабілетті, алдыңғы қатардағы елу елдің қатарынан табылу білім жүйесін жаңаша құруды қажетсінетінін айтты [2, 51 б.]. Одан бөлек қазіргі өркениеттің даму деңгейі білімділік пен сауаттылық ұғымдарының мазмұны мен оны түсінудің сара жолдарын іздестіруді қажет етеді. Ал сауаттылық ұғымының нақты мазмұны дара тұлғаның дамуына қойылатын қоғамдық талаптарға байланысты құбылмалы сипатқа ие болады екен. Ол қарапайым оқу, жазу, санау, біліктіліктерінен бастап адамның әлеуметтік үдерістерге саналы түрде қатысуына мүмкіндік беретін, қоғамдық қажеттігі айқын кешенді білімдер мен біліктерден құралатын функционалдық сауаттылықты меңгеруді қамтиды деп айтады [3, 20 б.].

Қазіргі уақытта білім беру саласы қарапайым оқытумен шектелмейді. Ол оқушыларға күрделі, құбылмалы және белгісіз әлемде жол табуға сенімді нұсқаулық пен құралдарды әзірлеуге көмектесуге бағытталған. Бүгінгі білім берудегі жетістік білімге құштарлық пен ой ашықтығын дамытумен, жанашырлық және кеңпейілдікпен әрекет етуге бағытталған танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық ресурстарды жұмылдыратын батылдықпен байланысты деген пікірін білдіреді [4, 4 б.].

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы бірінші рет ХХ ғасырдың 60-шы жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болып және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енген болатын. Функционалдық сауаттылық кең тұрғыдан алғанда, білім берудің көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі. Бүгінгі жылдам өзгермелі әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, одан бөлек өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналып отыр.

Енді толығымен функционалдық сауаттылық ұғымы дегенімізге тоқтала кетсек- адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене кірісуі, яғни қазіргі жаһандану кезеңіндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жас ерекшелігіне қарамай әрдайым білімін дамытып отыруы екен. Функционалдық сауаттылық- оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алу, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Осы аталғандардың бәрі мектепте қалыптасады. Функционалды сауатты адам болу дегеніміз- қоғамның құндылықтарына сәйкес, қоғамдық ахуалдың қалыптасқан мүдделеріне қарай әрекет қылады. Қазіргі уақытқа қажетті мамандықты таңдап дұрыс шешім қабылдап, заманауи ақпараттық технологиялардың тілін біліп кез келген әлеуметтік ортаға бейімделеді. Осы тұрғыда функционалды сауатты адамның басты белгілерін тұжырымдауға болады: қоғамдық ортада өмір сүре білетін, тіл табыса білетін, белгілі бір сапалық қасиеттері бар, жалпы негізгі және пәндік құзыреттіліктерді игерген адам болып саналады [5, 1 б.]. Жалпы сауаттылыққа қарағанда функционалдық сауаттылық адамның алған білімін күнделікті мәселелерді шешу және қоғамда толыққанды қызмет ету үшін пайдалану қабілетін білдіреді деген нақты пікірді айтуға болады [4, 68 б.].

Құқық пәнінің мұғалімі ретінде функционалдық сауаттылықты өз сабақтарымда оқушыларымның бойында қалыптастырып отыру, олардың теориялық білімдерін тәжірибеде, қоғамдық ортада қолдануын өзекті дүние екенін жыл өткен сайын терең түсінудемін. Өйткені өмірімізде болып жататын тосын жағдайларға оқушылардың құқықтық санасының жоғары болуы,



заңды жетік білетін, өзінің құқықтарын қорғап, заң алдындағы міндеттерін орындайтын шынайы азаматтарды өсіру тарих, құқық пәндерінің мұғалімдерінің үлкен жауапкершілігінде екені рас. Құқық негіздері пәнінің тақырыптарының түгелі апта сайын оқыту үдерісінде, сабақ барысында ең алдымен адамгершілікке тәрбиелеу жолдары әрдайым күнделікті өмірден алынған мысалдармен толықтырылып сынай, бағалай білуге үйрету, бір-бірімен сыпайы сөйлесу өз ойларын жасырмай ортаға сала білу, сынып ұжымын құрметтеу, мектеп оқушыларына лайықты жақсы мінез-құлықтар дағдысын қалыптастыру құқық мұғалімі ретіндегі басты мақсатым дегім келеді. Оқушыларымның адамгершілік қасиетін сабақ үстінде өтілетін тақырыптарға қатысты әр түрлі өмірде болып жататын жағдаяттармен жұмыс жасату арқылы, мәселенің шығу себептерін, оның дұрыс шешілу жолдарын табуына ойландырып өз ойларын ортаға салу арқылы менімен және өз құрбы-құрдастарымен ұдайы қарым қатынаста қалыптасып жатуы нәтиже деп есептеймін. Өтетін тақырыбыма сәйкес проблемалық жағдаятты оқушы оқып түсіну және талдау арқылы оның басқа адамдарға адамгершілік түсінігінің қалыптасатынын көруге болады. Осы орайда құқық негіздері пәні Назарбаев Зияткерлік мектептерінде 9 сыныптарда ғана болады. Апта сайын әр 9 сыныпқа 1 сағат болады. Алайда кіріктірілген оқыту бағдарламасы бойынша ұсынылған тақырыптардың мазмұны, мәні, оқу мақсаттары, бағалау критерийлері нақты нәтижеге жетуді көздейді. Бұл пәннің тек уақыт тапшылығы ғана болмаса тақырыптардың барлығы функционалдық сауаттылықты оқушылардың бойына арттыруға бағытталған деп айтамын. Сонымен өзім сабақ беретін 9 сыныптарыма мен мынандай тақырыптар арқылы проблемалық жағдаяттардың дұрыс шешілуі болашақ өмірлерінде құқықтық сауаттылықтың маңызды болатынына бағыт бағдарларды ұсынамын. Мәселен оқушылар есейіп ЖОО алған мамандығымен жұмыс іздеген кезде алдынан кездесетін мынандай жағдаяттардың болатынын түсініп дұрыс шешімдерді қабылдай білуге үйрету болып табылады. Мысалы өзекті тақырыптың бірі ретінде бағдарлама бөлімі: Еңбек шарты, тақырып Еңбек шарты қандай құқықтар мен міндеттерді туындатады? оқушының нақты қол жеткізетін мақсаты құқықтық жағдаяттарды талдай отырып, еңбек шартының мазмұнын ашу болып табылады және өздерінің ойлау дағдылары бойынша жоғары деңгей дағдыларын көрсетуі тиіс. Ұсынылатын жағдаят мынандай: Азаматша Оспанова Алматы қаласындағы педагогикалық бағыттағы университеттің физика-математика факультетін аяқтап, математика мұғалімі біліктілігін алып қыркүйек айынан бастап Қарағанды қаласындағы техникалық лицейге мұғалім болып жұмысқа орналасады. Жас маман Оспанова оқу жылын бітіріп жазғы демалыстан жаңа оқу жылын бастау үшін жұмысына келгенде лицей директоры Оспанованы ескертпестен жұмыстан шығару туралы шешім шығарады. Жағдаятты алдымен оқушылар оқиды, мәселені анықтайды, оқиғаны түсінеді сосын келесі сұрақтарға дұрыс жауаптарын беруге ойланады. Сұрақтар тізбегі Лицей директорының шешімі дұрыс па? Неге?, Қызметкерлерді жұмыстан босату туралы ескерту жасауға міндетті ме?, Лицей директоры қандай заңсыздықтарға жол берді? Сонымен қатар күнделікті өмірде бетпе бет ұшырысатын жағдаят тағы бір қызықты тақырыптың ретінде Біз тұтынушы ретінде өз құқығымызды білеміз бе? деп аталады. Бөлімі: Тұтынушылар құқығын қорғау, оқу мақсаты Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жолдарын ұсыну. Аталмыш оқу мақсатына жету үшін оқушыларға ұсынылатын жағдаят былай болады: Құлсары ауданының тұрғыны Елемесова демалыс күні азық-түлік сататын базарға барып баласына йогурт сатып алады. Үйіне келіп йогурттың көгеріп кеткенін анықтады. Бірақ, тауардың сақталу мерзімі өтпеген. Азық-түлік базарының сатушысы мерзімі бойынша ешқандай жауапкершілікті алмайтынын айтты. Елемесова басқа дүкенге барып, йогурт сатып алады. Оқушылар жауап беруі керек сұрақтар: Тұтынушы Елемесова сапасыз тауарды айырбастауға құқылы ма? Себебін көрсетіңіз. Бұндай жағдайда Елемесова тұтынушы құқықтарын пайдаланады? Екеуін жазып көрсет. Ал енді, соңғы жағдаят ретінде мына бір жағдаятты да көрсетіп кетуге болады. Себебі, өмірде адам мәжбүрлі түрде белгілі бір іс-әрекетке барады. Ол өзінің қамы үшін емес, басқа бір адамның өміріне көмек үшін бару мақсатында. Бірақта ол заң тұрғысынан қылмыстық іс болып табылады, бір жағынан батыл адамгершілік қадамы болып көрінеді. Шешімі ойландыратын таразыға салып дұрыс гуманистік шешім шығаруды да көздейтін оқиға деуге болады. Осы орайда оқушылардың сыни ойлануына мүмкіндік беретін, жеті рет өлшеп, бір рет кесетін пікірлерінде тыңдауға болатын, ең бастысы адамгершілікке салудың керегі қажет боларын ұмытпаған жөн екенін, тәрбиеге бағыттайтын тақырып Қылмыстық құқықта гуманизм қағидасы қажет пе? деп аталады. Бөлімі Жазалау мен гуманизм мәселесі, оқушы жету қажет оқу мақсаты Қылмыстық құқықтағы гуманизм қағидасына баға беру. Оқушылар ойланып, толғанып талдайтын жағдаят мынандай: «...Ауылда тұратын шаруа және кедей адамның немересі қатты ауырып қалады. Кішкентай немересін қаладағы ауруханаға дереу жеткізу үшін көлік таба алмай қатты қиналады. Алайда келесі көшеде тұратын жағдайы жақсы ауқатты бір көршісінің мініп жүрген жылқысының бар екені есіне түсіп соған барып жылқысын сұрайды. Бірақ көршісі оған келіспейді. Шаруа адам көңілі түсіп, үйіне қайта келіп, ауырып жатқан немересін көреді. Ол ашуланып кетіп көршісінің жайылып жүрген жылқысын ұстап алып ерттеп, ауруханаға немересін



алып кетіп қалады. Келесі күні көршісінің үйінде үлкен шу шығып, құқық қорғаушыларға шаруа адамның жылқысын ұрлап кетті деп айтады. Біраз уақыт өткеннен кейін сот отырысы болады. Сотталған адамға сөз берген кезде: Мен көршімнің жылқысын қызғаныштан мініп кеткен жоқпын, не болмаса сойып алып етін жеу үшін ұрлаған жоқпын. Немеремнің сырқатын асқындырып алмай тез жеткізу үшін осындай қадамға бардым...» деп айтады. Сот отырысы жылқыны мініп кеткен кедейді соттамай тек белгілі бір уақыт ішінде ауқатты көршісіне айыппұл беруін талап етеді. Оқушылар жауап беретін сұрақтар: Бай көршінің іс-әрекетіндегі қателікті табыңыз (адамгершілік тұрғысында) 2 аргумент.

Қазіргі заман талаптары мен білім беру сұраныстарына орай жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық жүйе уақыт және өмір талабына сай алдын ала тапсырылған сұранысқа адам тұлғасын құрылымдау қабілеті өзгере алуы тиіс. Берілген үдерістегі негізгі фактор мектептің жоғарғы сатысындағы оқушылардың қарым-қатынас барысындағы іс – әрекеттердің жиынтығы жағымды имидждің қалыптасуына әкеледі. Жалпы, имидж дегеніміз - бұл сыртқы ортаның араласатын адамдардың берген бағасы. Басқа адамдардың сіздің бейнеңізді көруі. Егер түр келбетінді табиғат беретін болса, имиджің өз қолыңда.

**Түйін сөздер.** Қарым-қатынас, жағымды имидж, тұлғалық өсу, сөйлеу мәдениеті, жеке құндылықтар, бедел, абырой.

### Аннотация

В соответствии с современными требованиями и образовательными запросами педагогическая система в общеобразовательной школе должна иметь возможность структурировать личность человека в соответствии с требованиями времени и жизни. Основным фактором в данном процессе является то, что совокупность действий в процессе общения учащихся старшей ступени школы приводит к формированию положительного имиджа. В общем, имидж-это цена, которую дает внешняя среда, в которую вмешиваются люди. Видеть ваше видео другими людьми. Если внешний вид придает природа, ваш имидж в ваших руках.

**Ключевые слова.** Общение, позитивный имидж, личностный рост, культура речи, личные ценности, репутация, достоинство.

Ел Президентінің «Қазақстан-2030» стратегиясының бағдарламасында барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы, елдің денсаулығын жақсартумен бірге жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесі атап көрсетілгендей, тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, өз кәсібін терең түсінетін, білімі мен іскерлігін жан-жақты қолдана білетін, мәдениетті мамандар қажетделінген [6].

«Имидж» түсінігі ХХ ғасырдың соңында қоғам назарының және ғылыми талдаудың пәні болды. 90 жылдардың ортасында имиджді қалыптастырудың психологиялық аспектілеріне арналған, имидж жайында алғашқы отандық өңдеулер Р.Ф.Ромашкина, Е.И.Манякина, Е.В.Гришунина, П.С. Гуревич және т.б. еңбектерінде жарық көрді. Бұрынғы заманда бедел мен абырой жылдар санап, ауыр еңбекпен, тіпті ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келетін еді. Оны бір-ақ сәтте жойып жіберіп ешқашан қалыпқа келе алмайтындай етіп құртуға болатын еді.

Адамның ең жарқын ерекшеліктерінің бірі - оның сөйлеу қабілеттілігі. Сөз - адам психикасының өмір сүруінің маңызды факторы. Қарым - қатынассыз қоғам ыдырап кетеді. Қарым - қатынас мүмкіндігінен айрылған адам ойдағыдай дами алмайды. Біздің миымыздың белсенділігі екінші сигнал жүйесінің қызметіне байланысты. Сондықтан адамның барлық психикалық ерекшеліктері сөйлеу арқылы ғана көрініп, өмір сүреді. Қарым-қатынас адам іс - әрекетінің таным және еңбекпен қатар жеке адамды қалыптастыратын аса маңызды түрі болып табылады.

Сөйлеу құралымен қатар адам қарым - қатынасының сөзден тыс жолдары: келбет, ым - ишара, мимика, серіктестердің бір - біріне қатынас жағдайы, бейнелеу және т.б. жатады. Адамның сыртқы түрі яғни келбеті саналы өзгереді және белгілі дәрежеде оны адамның өзі өзгертеді. Адам келбеті физиогномиялық маскадан, киімнен, жүріс - тұрыс кейпінен құралады. Физиогномиялық маска адамның басым ойынан, сезімінен, қарым - қатынасынан тұрады. Маска жасауға шаш, косметикалық заттар, пластикалық операция едәуір көмектеседі. Физиогномиялық маскардан ызғарды, жайдарлықты, өр көкіректікті, мейірбандықты және басқаларды аңғаруға болады. Келбетті көбінесе жас шамасын, мамандығын, қоғамдық жағдайын аңғартатын киім кию түрлері де толықтыра түседі [ 1].

**Өзектілігі.** Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты мақсаты ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтарға ғылым мен практиканың жетістіктеріне негізделіп, жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, кәсіби өсуіне бағытталған білім алуға мүмкіндік жасау» – керектігі белгіленген.



Қоғам өмірінің демократиялық, гуманистік бағытқа бет бұруына жаңарып - жаңғыруына, мемлекетіміздің тәуелсіздігін нығайтуға экономикалық, әлеуметтік дамуына, білім беру мен мәдениет парадигмасының өзгеруіне байланысты өмірге жаңа ғылым салалары келді. Сондай ғылымдардың бірі - имиджеология. Бұл ғылым саласына назар аударудың кім-кімге болса да тигізер пайдасы зор. Өйткені, ол адамдардың бір-біріне сыртқы кескінімен, адамдық болмыс бейнесімен, адами қадір қасиеттерімен әсер ету механизміне ие болуға көмектеседі. Жоғарғы мектепте біртұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру негізінде педагог, оқытушы беделі мен имиджін қалыптастырудың орны бөлек. Осыған орай жалпы орта білім беретін мектептердегі жоғары сынып оқушыларының өзіндік беделі мен имиджінің қалыптасуы болашақ маманның кәсіби тұрғыда өсуі мен тұлғалық дамуына тікелей ықпал ететіндігі сөзсіз.

Адамның тіл амалдарын пайдалану арқылы пікірін, ойын білдіруін - сөйлеу деп атайды. Сөйлеуге адамның анатомиялық мүшелері қатысады, алайда ол адамның психикалық қабілетіне, қоғамдық тәжірибесіне тығыз байланысты. Сөйлеу үшін жасалған тілдік амалдар ұзақ уақыт бойы адамдардың пікір алысу тәжірибесі негізінде қалыптасты. Тілдік амалдар - сөз тудыру, сөйлем құрау ережелері. Олар - көпшілікке ортақ, объективті категориялар. Соның нәтижесінде тіл - жұрттың бәріне бірдей түсінікті қатынас құралы. Сөйлеудің әр коммуникативтік жағдайына сәйкес ыңғайланған стилі болады. Тіл мәдениеті - тіл білімінің әдеби тілінің нормасы мен оның дамуын, сөйлеу тілімен қарым-қатынасын зерттейді. Тіл мәдениетінің тілдің басқа салаларынан айырмашылығы оның күнделікті өмірде тілдің қолдану, жазу, сөйлеу мәдениетімен жақсы қарым-қатынаста болуы. Тіл мәдениеті камтитын тілдік норманың 3 түрі:

1. Тілдік норма (лексика, сөз жасамдық, грамматика, дыбысталу нормасы);
2. Этика -сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);
3. Коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Сөйлеу мәдениеті орфоэпикалық нормаға негізделген. Ойдың және сөйлеудің дамуы. Әркім өзінің басындағы ойларын басқаға айтып, түсіндіру үшін оған лайықты сөз таба білуге тиісті. Егерде ондай сөз таба алмаса, ол ой иесіне де шала, түсініксіз болып қалады. Яғни, ойдың дамуы сөйлеудің дамуымен өте тығыз байланысты. Адам өзінің сөйлеу мәдениетін жетілдірмейінше, жоғары ақыл мәдениетіне жете алмайды.

Сөйлеу - адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Ал Ж. Баласағұн «ақыл-ойдың көркі - тіл, тілдің көркі - сөз» деп тауып айтқан [3].

Сөйлеу әдеби ағылшын тілінен аударғанда «speech etiquette» - тіл практикасының ұлттық, өзіндік ерекшеліктерге ие қағидалары; бұл ережелер әңгімелесушімен «сыпайы, биязы» байланыс жасауға (байланысты орнату, оны қолдап отыру, байланысты тоқтату) қоғам тарапынан бекітілген қалыпты нысандар мен тілдік бірліктер жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сөйлеу әдебінің жағдаяттары ретінде назар аудару және назарды өзіне аудару, амандасу, танысу, шақыру, өтініш, кеңес беру, ұсыныс жасау, келісу, қарсы болу, кешірім сұрау, көңіл айту, қошемет сөз айту, құттықтау, қоштасу және т.б. түрлерді атауға болады [4].

Адамның мәдени тұлға ретіндегі табиғатын зерттеуші ғалымдар, адамның мәдениеттілігі мен адамның қасиетін түсіндіру үшін сол адамның өскен, өнген, тәрбиеленген ортасында алған тәлім-тәрбиесі негіз болатындығын айтады. Адам - қоғам өкілі, белгілі бір органдың саналы тұлғасы. Қоғамдық қарым-қатынастың ішінде адамның түрлі субъекті не объектімен қарым-қатынасында тілдің орны әрдайым басты рөлде болады. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста сыпайылық, кішіпейілділік пен адамгершілік қасиеттер тіл арқылы көрініс табады. Сөйлеуші жақтың тыңдаушыға деген құрмет-қадірінің қаншалықты дәрежеде екені де сөз жұмсалым арқылы беріледі [42,7]. «Тіл барлық заттар мен құбылыстарды, т.б. таным белгілерді ұғынуға көмектеседі. Адамның рухы мен ішкі эмоциясын, сондай-ақ, адамдық қарым-қатынастан туған адами сыпайылықты да айқын көрсетеді» [5].

«Сөйлеу мәдениеті - тілдің тазалығын, сөздің ережелерге сай жұмсалынын, сөйлеуші мен тыңдаушының тіл жұмсау реттілігін, дұрыстығын қарастыратын ғылым» .

Сөйлеу мәдениеті туралы өз заманында ұлы қаламгер М.Әуезов нақты дәлелмен мысалдар келтірген: «Сөз шіркін де адам секілді ғой. Оның да ала - құласы көп. Орнатқан жеріңе қорғасындай құйыла қалатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп ұшып кеткелі тұрған торғайдай ұшқалақ сөз бар. Халық соны біліп, сөз екең сөзді де «одағай сөз, сүйкімді сөз, сайқал сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп, түр-түске бөліп жүр ғой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап електен өткізіп, сұрыптап алмасақ, жазған шығармаларымыз әлде бірдемеге ұқсап кетер еді» .





Іскерік қарым-қатынастың ең басты міндеті сыбайласының өзіне жағымды қарым-қатынасқа қалыптастыру. Іскерлік қарым-қатынаста жағымды әсер қалыптастыру әдістері:

- мұқият тыңдау;
- киім үлгісін сол жағдайға байланысты таңдай алу;
- сыбайласына сыйластық қатынас орнату;
- қабылдаған жест, мимика, тұлғааралық қарым-қатынасты қолдана білу;
- жағымды эмоция қалыптастыра білу;
- әңгімелесу кезінде жазып алуға ынталану;
- мұқияттылық.

Іскерлік қарым-қатынастағы мәдениеттің бір бөлігін жағымды тартымды имидж алады. Әрбір адамға өзге адамдардың көзінде қалай көрінетіні өте маңызды. Имидж өзіндік менін самопрезентациялау. Имидж ағылшын тілінен аударғанда «бейне» деген мағына береді. Имидж ұғымына адамның тек табиғи тұлғалық құрылымы ғана емес арнайы құрастырылған құрылымдар кіреді. Оған адамның сырт келбеті, ішкі әлемі, және психологиялық типі. Барлық адамдар табиғатынан тартымды болып дүниеге келмейді. Олар ең күшті тұлғалық құрылымдарын дамытып көрсете білуі тиіс. Тартымды болу - бұл ерлік өйткені өзіңмен үздіксіз жұмыс жасау. Ол тек сырт келбетіңнің әдемілігі ғана емес ол сенім арту, адамға жан дүниенмен жақын болу.

Имидж қалыптастыру сапаларының үш түрі бар:

1 - топқа табиғи сапалар оларға коммуникабельділік, эмпатия, өзгелерді түсіне алу қабілеті, шешенділік;

2 - топқа адамның білім алу мен тәрбие нәтижесі олардағы адамгершілік, психологиялық денсаулық және тұлғааралық қарым - қатынас жасай алу қабілеті;

3 - топқа өмірлік және кәсіби тұлғалық тәжірибелілік.

**Жанашылдық.** Қазіргі заман талаптары мен білім беру сұраныстарына орай жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық жүйе уақыт және өмір талабына сай алдын ала тапсырылған сұранысқа адам тұлғасын құрылымдау қабілеті өзгере алуы тиіс. Берілген үдерісте негізгі фактор мектептің жоғарғы сатысындағы оқушылардың қарым-қатынас барысындағы жағымды имиджі болып табылады. Адам өміріндегі қарым-қатынастың алатын орны ерекше. Адам өмір сүру барысында басқа адамдармен, қоғаммен, табиғатпен үнемі тығыз байланыста болады. Қарым-қатынас өмірлік қажеттілік болып табылады.

Заман өзгеріп, сонымен бірге абырой да жаңаша сипатқа ие болды, ол-имидж. XX ғасырдың шамамен 20 жылдары ұйымдардың өзіндік имиджімен жұмыс жасау маңыздылығы көтерілген еді.

Жалпы, имидж дегеніміз - бұл сыртқы ортаның араласатын адамдардың берген бағасы. Басқа адамдардың сіздің бейнеңізді көруі. Егер түр келбетіңді табиғат беретін болса, имиджің өз қолыңда. Айталық іскер әйелдің келбеті қызметіне сай болуы керек. Оның киімі, жүріс-тұрысы ерекше болуы керек. Тіпті ұй шаруасындағы әйелдің имиджін өзгертсе, одан біз іскер әйелді көруіміз мүмкін. Егер имиджіңізді өзгертуге мүмкіндігіңіз бен тілегіңіз болса, шамаңыз, қаржыңыз жетсе күнделікті өзгертіп отырсаңыз керемет болатынына күмән келтірмеңіз.

Адам дүниеге келісімен екінші бір адаммен қарым-қатынасқа түсуді қажетсінеді. Мәселен, нәрестенің анасымен «тілдесу» қажетін қанағаттандырмау-біртіндеп анық қарасақ сезіледі, мейірімсіз болып өсуіне, кішкентайынан айналасына деген сезімнің азаюына әкеліп соқтыратыны байқалып жүр. Сөйтіп, басқалармен қарым-қатынасқа түсуқай жолдарға болмасын, оған киім-кешек, баспана, ұйқы, демалу қандай қажет болса, айналадағы жұртпен арласып, дұрыс қарым-қатынас жасай білу де сондай қажет. Адам қарым-қатынас арқылы айналасындағы дүние жайлы мәлімет алады, еңбекпен тұрмыс дағдыларына машықтанады, адамзат жасап шығарған түрлі құндылықтарды меңгереді.

**Білім беру мекемесінің имиджін бағалау келесідей тәртіпте жүргізілуі мүмкін:**

1. кезең - имиджді іштей бағалау. Мекеменің қызметкерлері имидждің субъективті бағалауын жүргізеді және әрбір бап бойынша 1-ден 9-ға дейін балдар қояды. Орташа балды есептеп, әрбір баптың рейтингін анықтайды.

2. кезең - имиджді сырттай бағалау. Білім беру қызметтерін тұтынушылардың пікірін талдау (анкета алу, газет-журналдардағы баспа мақалаларды талдау т.с.с.) негізінде жүргізіледі.

3. кезең - көрсеткіштерді салыстыру, жасаған жұмыстарға түзетулер енгізу үшін белгілі бір уақыт аралығынан кейін имиджді бағалау.

Имидж «қосарлануы» оқушылар мен тыңдаушылардың сұрақ - жауаптарында қадағаланады. Сұрақ - жауап нәтижесі көрсеткендей, білім беру мекемесі имиджінің түсіп кетуі, ереже бойынша курстан курсқа оқуына кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты 4 жағдайды келтірейік:

1. Білім беру мекемесінің имиджі түседі, бірақ оқуға деген талпыныс әлі де қалады;
2. Оқуға деген талпыныс білім беру мекемесінің имиджімен бірге түседі;



3. Имидждің түсіп кетуі оның орнын толтыру мақсатында басқа оқу мекемесінде (семинарлар, әр түрлі курстар т.б.) білім алуына байланысты ынталандырады;


4. Имидждің бұзылуы оқушылар мен тыңдаушылардың көрінісінде білім формализациясына әкеледі.

Жағымды имидж болашақ тұлектің бәсекеге қабілеттілігін көтереді. Егер салмақты қарым-қатынас қалыптасқан болса, онда артынан серіктес сенімі міндетті түрде жалғасын табады, сондай-ақ өз кезегімен жоғары баға мен сенімді таңдау да бірге жүреді. Жағымды имидж қалыптастырудың моделі [7] (1 сурет)

**1 сурет. Жағымды имидж қалыптастыру моделі.**



**ЭКСПЕРИМЕН.** Жоғары сынып оқушыларының имиджін, бір-бірімен қарым-қатынасы мен сыныптағы психологиялық атмосферасын анықтау мақсатында арнайы сауалнамалар жүргізіп талдау барысында төмендегідей қорытынды жасадық. «Сіз және сіздің имиджіңіз» сауалнамасы қорытындысы төмендегі кестелерде көрсетілген (Сурет-2).



**Сурет-2 «Сіз және сіздің имиджіңіз» сауалнамасы қорытындысы**

Бұл суретте жоғары сынып оқушыларының 38% жағымды имиджі қалыптасқан, 29% сынып оқушылары басқаларды бағындыра алатын тұлға деп есептесе, 29% өзіндік ерекшелігі бар, беделге ие деп санаса, 4% топтағы беделі қалыптаспаған, әлі де өзімен жұмыс жасап, жеке тұлғалық сапаларын көтеру керек деп есептейді.

Сондай-ақ сауалнаманың екінші бөлімінде оқушылардың мектептің ішкі имиджін қалай бағалайтындығын анықтауға арналған сұрақтар берілді. Зерттеушілерге он мен бір балл аралығында бағалауға қажетті тоғыз сұраққа жауап беру ұсынылды. (1-кесте).

**1-кесте. Мектептің ішкі имиджін бағалауы.**

Сұрақтар	Жауаптар бойынша балл	Пайыздық үлесі %
Сіздің білім беру мекемеңізде бірыңғай басқару стилі бар ма? (немесе қалыптасқан ба?)	8	12,8
Оқушылармен жұмыс жасайтын оқытушылардың атқаратын қызметі мен аты-жөні жазылған бейджи және визиткасы бар ма?	7	11,7
Бұл білім беру мекемесінің оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы беделін қаншалықты деп бағалай аласыз?	6	8,2
Оқушылардың имиджін нығайтуға бағытталған іс-шаралар, арнайы кештер ұйымдастырыла ма?	4	5,6
Білім беру мекемеңізде әр оқытушылардың пәндік саласына сай бағыт-бағдар, мотивация жүйесі бар ма?	3	3,4



Білім беру мекеменіңіздің үнемі әр түрлі ақпараттармен жаңартылып отыратын арнайы сайты бар ма?	9	13,1
Сіздің білім беру мекеменіз қазіргі заманауи ақпараттық техникалық құралдармен қамтылған ба?	4	5,6

Жоғарғы сынып оқушыларынан сауалнама алынып зерттеу жүргізілгеннен кейін, зерттеудің қорытынды нәтижесін талқылай отырып өзара қарым-қатынас арқылы жағымды имидж қалыптастыруға бағытталған тренингтер өткіздік.

Жоғарғы сынып оқушыларына арналған «Адами қарым - қатынас ізгіліктері» тренингін оқушылармен жақсы қарым - қатынас жасауға, кездейсоқ жағдайлардан шыға білетін эмоциясын ситуацияға пара-пар етіп көрсете білу іскерлігін қалыптастыру, эмоционалдық тұрғыда көңіл - күйлерінің орнығып, жұмысқа қабілеттері арттыру мақсатында өткіздік. Сонымен қатар психологиялық кеңестер берілді. Аталаған теренингті жүргізгеннен кейін оқушылар арасында қарым - қатынас деңгейі біршама жақсарып, оң нәтижесін берді.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, адамдардың өзара байланысуында қарым-қатынас үлкен рөл атқарады. Имиджді қалыптастыру “Жалпы орта білім беру ұйымында” болашақ “Кәсіптік білім беру мекемесінің” сыртқы имиджін қалыптастыру керек. Сыртқы имидж келесі іс - әрекеттерді қажет етеді:

1. Оқушылар арасында ұйымдық бірлестікті қалыптастыру үшін білім беру мекемесінің дәстүрінендіріп және оны нығайту мекеме имиджінің маңызды бөлігі. Жаңа қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін түсініп, жұмысқа бар күш - жігерін жұмсау үшін белгілі бір уақыт керек. Себебі, болашақ кадрды үнемі дәріптеу ешқашан еңбектің өнімділігін барынша арттыра алмайтын және жұмыстың жалпы тиімділігін көтере алмайтын ұйымға қиынға соғады.

2. Білім беру мекемесінің жалпы стилін қалыптастыру - ол ЖОББМ дәстүрлеріне, қызмет ерекшеліктеріне және оның қазіргі қаржылық мүмкіндіктеріне сәйкес жүзеге асу керек. Бұл, алғаш көрінгендей сонша көп шығынды қажет ететін іс емес.

3. Оқушылармен тура және кері байланысты қалыпты жағдайда ұстап тұру. Оқу үдерісінде әр түрлі қиындықтар кездесетіндіктен қандай да бір кикілжіндер орын алмас үшін оқушылар өздерін бағалап, бір-біріне түсіністік танытқаны дұрыс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. М.Дулатов Шығармалары. Алматы, «Жазушы», 1991ж
2. Н.Ә.Назарбаев Қазақстан – 2030:Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. Алматы: Білім. 1997.176 б.
3. Почепцов Г.Г. “Имиджеология”. Киев: “Итерэксперт”, 2000 г. 54 бет
4. С.Мақыпұлы «Сөйлеу мәдениеті - үлкен жауапкершілік»//Ана тілі, №20, 2003ж .
5. ӘЛТС (әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі). Астана, 2008 ж
6. Б.Тамаева «Сөйлеу әдебінің қарым-қатынастағы прагматикалық көрсеткіші» // Ұлағат, №6, 2010,7 – бет
7. Л. И. Изтелеуова, А.Т. Аязбаева «Имидж технологиясы» Астана, 2019 ж

#### **АКТРИСА СӘНИЯ ЕРЗАТҚЫЗЫНЫҢ РОЛЬ ШЫҒАРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІГІ ҚҰМАРҒАЛИЕВА Назерке Рамазанқызы, ЕСДАУЛЕТОВА Маржан Муратовна, СҮЛТАНОВА Әйгерім Мұхтарқызы**

Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан

maku201@mail.ru

#### **Түйін**

Театр – адам жанының емшісі. Өйткені өнер ордасы халыққа рухани азық беретін орын. Онда драматургия, хореография, композитор, вокал, грим, костюм, музыка, режиссура, мүсін, сурет, қолданбалы сәндік өнері, актер шеберлігі, т.б. бірігуі арқылы синтездік өнер туындайды. Осылардың ішіндегі көрерменмен тікелей қарым-қатынас орнататын күрделі өнер – актер шеберлігі.

Мақалада қыры мен сыры мол, бүкіл синтездік өнердің басын біріктіретін актерлік өнер саласында табысты еңбек етіп жүрген актриса – Сәния Ерзатқызының сахналық бейне жасаудағы



актерлік ізденістеріне талдау жасаған. Театртанушы актрисаның Ақтоқты, Баян, Нигора, Алма, Келіншек, Қосүрей атты рольдерінің ерекшеліктерін зерттеген.

**Кілт сөздер:** театр өнері, актер шеберлігі, режиссура, драматургия, пьеса, спектакль, декорация, грим, костюм, хореография, вокал, сахна.

#### Abstract

Theatre – healer person. Because art gives spiritual wealth. Art unites into one: drama, choreographie, composer, vocals, makeup, costumes, music, acting, sculpture, artist, arts attire, performing arts, etc. Of these all performing arts the most difficult thing that connects with the viewer.

The article analyzes the huge work in the field of the art of acting the Actresses Sania Ersatkyzy in the creation of the scenic image. Theater critic issledovateli the roles of the actress: Aktokty, Bayan, Nigora, Alma, Kelinshek, Kosurei.

**Key words:** Keywords: performing arts, acting, directing, dramaturgy, play, show, decor, makeup, costumes, choreography, vocals, scene.

#### Резюме

Театр – лекарь человека. Потому что искусство дает духовное богатство. Искусство объединяет в одно целое: драматургия, хореография, композитор, вокал, грим, костюм, музыка, режиссура, скульптура, художник, прикладное искусство наряда, актерское искусство и т.д. Из этих всех актерское искусство самое сложное, которое связывает с зрителем.

В статье анализируется огромный труд в области актерского искусства актрисы Сании Ерзаткызы в создании сценического образа. Театровед исследовалособности ролей актрисы: Актоткы, Баян, Нигора. Алма, Келиншек, Косурей.

**Ключевые слова:** театральное искусство, актерское искусство, режиссура, драматургия, пьеса, спектакль, декорация, грим, костюм, хореография, вокал, сцена.

Қыры мен сыры мол, бүкіл синтездік өнердің басын біріктіретін актерлік өнер саласында табысты еңбек етіп жүрген актриса – Сәния Ерзатқызы 1982 жылы 7 қазанда Қытай Халық Республикасы Алтай қаласының Буршын ауданы қара Ертістің жағасында дүниеге келген. Кішкентайынан өнер-білімге жаны құштар Сәния бес жасынан бастап балаларға арналға концерттік бағдарламаларды жүргізіп, би билеп, гитарамен өлең айтқан. Қытайдағы қазақ орта мектебін бітіріп, 2000 жылы ата-бабасының кіндік қаны тамған Қазақстанға, Алматы қаласына келеді. 2001 жылы Қазақ Мемлекеттік Қыздар Педагогикалық институтындағы «Томирис» деп аталатын дайындық курсына қатысқан. Бастапқыда басқа елден келгендіктен көп қиындықтарға кездесті. Бірақ алғырлығы мен еңбексүйгіштігінің нәтижесінде кедергілерді жеңе білді. Өзінің мектеп ұстаздарының нұсқауымен С.Ерзатқызы Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында Н.Жақыпбайдың шеберханасынан дәріс алады. Елімізге танымал режиссердің академия қабырғасында сахналаған Н.В.Гогольдің «Ревизор» комедиясындағы Дуанбасының қызы Марияны ойнайды.

2006 жылы жоғары оқу орнын бітіріп, сол кездегі театр директоры Т.Теменовтың шақыруымен Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына актриса қызметіне орналасқан. Театрдағы алғашқы қадамы С.Асылбекұлының «Желтоқсан желі» драмасындағы басты кейіпкер – Ақмарал. Бұдан кейін де жас актриса көптеген рольдерді бейнелейді. Мәселен: Ғ.Мүсіреповтың «Ақан сері –Ақтоқтысындағы» – Ақтоқты, «Қозы Көрпеш – Баян сұлуындағы» – Баян, «Қыз Жібектегі» – Дүрия, В.Ежовтың «Бұлбұлдар түнінде» – Нина, С.Ахматтың «Келіндер көтерілісінде» ең кіші келін – Нигора, Т.Ахтановтың «Күшік күйеуінде» – Алма, С.Сматаевтың «Көгілдір таксінде» – Мариямның жастық шағын, Е.Амашев «Мың бірінші түнінде» – Шаһризат, Н.Ораздың «Адасқан жұлдызында» – Келіншек, Г.Хугаев «Қара шекпенде» – Қосүрейді және тағы да басқа қаһармандарды театр сахнасында зор жауапкершілікпен сомдауда. Бұл рольдері – актрисаға сахна өнерінің қыр-сырынан қанықтырып, актерлік шеберлікті қалыптастыруда шынайы көркемдікті танытқан бейнелер. Сонымен қатар өзінің шығармашылығын кино өнерімен байланыстырып, фильмдер мен сериалдарда бірнеше бейнелерді орындаған. Мәселен, қалың бұқараның көңілінен шыққан «Күләш» сериалында Шара Жиенқұлова, «Қара шаңырақ» телехикаясында Нұргүл, «Арал» фильмінде Хадиша және т.б. рольдері театрдың ғана емес, киноның да актрисасы ретінде кеңінен танылуына жол ашты.

Қазіргі таңда қойылып жүрген классикалық спектакльдің бірі – «Қозы Көрпеш – Баян сұлу». Ол Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында Ж.Хаджиевтың режиссурасымен сахналанды. Спектакльдегі басты кейіпкер Баян ролін сомдаған С.Ерзатқызы қимыл-әрекетімен, үстіндегі жарасымды қазақы киімдерімен, кескін-келбетімен бойжеткеннің әсемдігін, нәзіктігі мен өмірсүйгіштігін көрсете алды. Оның іс-әрекетінен артық оғаш қимылды, жасанды қылықтарды көрмейміз. Мұнда Қодардың «Баян атып түсірілмеген алтын жамбы» деген сөзі – ешкімнің уысына





түсе қоймайтын сұлу қызға келтірген мінездеме. Әрине бұл теңеуді екі мағынада қарастыруға болады: біріншісі – бойжеткен барлық ер жігіттің қолы жетпес арманы десек, екінші мәні – қыздың байлығы, яғни алтын жамбыны біреу атып түсірсе байлыққа бірден кенелетінін айтуға болады.

Шымылдық ашылған бойда режиссердің шешімімен Баян әдемі көйлек киініп, майысып, ұяндық танытпайды. Керісінше үйінде ердің де, әйелдің де тірлігін жасап үйренген ол Жантыққа шаруашылық жұмыстарында көмегін тигізеді. Бұл көріністе қолға үйретілмеген асау жылқыны байлауда орындаушы елестету (воображение) процесіне жүгінген. Осы турасында орыстың атақты режиссері А.Д.Попов: «Сахналық бейнені шығару үшін ең бастысы актердің елестетуі мықты болуы тиіс. Бұл актердің белсенді жұмыс жасауына қатты көмек береді. Оның елестету қабілеті неғұрлым жоғары болса, ол соғұрлым ғажап бейнелерді тудыра алады. Режиссердің ұсынған трактовокасымен, актердің өзіндік елестету қабілеттілігімен тұтасып көркем образға айналады» [1, 330 б.], – деп айтқан. Расымен де, театр шартты өнер болғандықтан сахнада елестете алу қабілеті – актер шығармашылығында ерекше орынға ие. Актриса спектакльдің бұл бөлігінде сүрінген жоқ. Себебі, қойылымның атмосферасын тудыру барысында атты жүгенінен тартып ұстап, асау жануарды бағындырғанын актрисаның қимыл-әрекетінен байқадық. Осыдан біз орындаушының шын жылқыны үйретіп, баптағанындай әсер алдық. Осыған қарап Сәнияның қиялы мен елестетуі жетік дамығанын аңғарамыз.

Келесі сахнасында қызға сөз айтып, өзара таласа келген жігіттердің арасына барып, олардың ешқайсысында көңілінің жоқтығын білдіреді. Арудың көңілі жігіттерде емес, жайылып жүрген жылқыларды баптауда екені спектакль барысында көрініп тұр. Бойжеткен сараң байдың жалғыз қызы болғандықтан оның бойында көбінесе қызға емес, жігітке тән алғырлық пен еркекшоралық қасиеттер басым. Жантықтың өзіне деген көзқарасының бұрыннан өзгеше екенін қыз сөз астарынан байқаса да, аса мән бермеген. Оны туған ағасындай құрмет тұтып, сыйластықтан еш ауытқымағандығын актриса ойынынан шебер байқалады.

Декорациядағы іші жемге толы дорбалар режиссердің символдық шешімі – жылқылар. Қодар оларды айдап кеткен соң, Қарабай отар-отар малынан айрылып, жыларман күй кешеді. «Кегімді алар кім бар?» деп мұңайғанда топтан суырылып алға шыққан Баян «мен бар!» деген сәтінде актриса бойынан өжеттікті аңғардық. Бұл біздің патриоттық сезімімізді ұштай түсті. Мұнда қазіргі қоғам адамдарында кездесе бермейтін қасиет – батылдықты С.Ерзатқызы Баянның бойына дарытып, жауынан қорықпайтын, ел намысын аяқ асты етпейтіндігін көрсетті. Ол – байдың қызы болғанымен сол кезеңдегі теңсіздіктің тұтқыны. Өз басының еркіндігін аңсаған жас ару осы бұғауда отырып, махаббатына, арманына қол созады.

Баян мен Қозының байқаусызда жолыққан кезінен бастап, актриса нәзіктік пен ынтық сезімдердің оянғанын кейіпкердің қимыл-әрекетінен танытады, әрі сол сәттегі қуанышы иланымды. Себебі, махаббатын жолықтырған сұлудың осы сахнасы кейіпкердің өсу эволюциясын көрсетеді, яғни еркекшора Баян қыздарға тән алғаш рет көйлек киіп, есейе түседі. Бұл жерде кейіпкердің ішкі эмоциясын, махаббатқа толы көңіл-күйін, ғашықтық сезімнің жетегінде жүрген бақытты кездерін актриса сенімді бедерлеген. Сүйгені үшін ешнәрседен қаймықпайтын ару алдына кесе көлденең жолыққан бүкіл кедергіге қарсы шығуға тырысады. Еркіндікке талпынған Баянның жолында таудай бөгет болған өз әкесі – Қарабай тұр. Ал, оның ар жағынан қат-қабат кедергілерді туғызған Жантық бар. Заманның әділетсіз күшінің сынақтарын басынан өткерген арудың психологиялық жағдайын актриса орындауында нанымды сипатталған. Қойылым соңында сүйіктісінен айрылған арудың трагедиялық күй кешіп, елі мен жеріне қош айтысқан сәті кімді болмасын мұңайтады.

Қазақ даматургиясының кейбір озық үлгілері сахнадан түспей әр кезеңде қайта қойылып отыруы жақсы дәстүр. Солардың бірі – қазақ театрларының репертуарынан тұрақты орын алған белгілі шығарма «Ақан сері – Ақтоқты», режиссері Ж.Хаджиев. Бұл қойылымда көркемдік нышан, режиссерлік ой-тұжырым бар екендігі спектакльді көру барысында байқадық. «Трагедияға өзек болған негізгі оқиға халқымыздың асыл азаматы, серілігімен есімі елге мәшһүр болған әнші Ақан тағдырымен тығыз байланысты. Ақан бастаған топтың күрес туы – бас бостандығы, әділдік, қасиетті таза махаббат пен биік өнер» [2, 46 б.]. Расында да, бұл жағынан «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Еңлік – Кебек» және «Қарагөз» трагедияларымен үндес әрі тағдырлас болып келеді. Азаттық, бас бостандығы жолындағы күрес – осы шығармалардың да өн бойынан өтетін ортақ әуен.

Қойылымда Ақтоқты ролін С.Ерзатқызы жан жібітер жалынмен ойнай білді. Оның кейіпкері – адал, жүрегінде жастық жалыны лаулаған ерке қыз. Өмірлік тәжірибесі жоқ жас бойжеткен тағдыр тауқыметін басынан өткереді. Ол тарихтан белгілі, еліміздің біртуар азаматы, сегіз қырлы бір сырлы Ақанды жан-тәнімен сүйеді. Ақтоқтыны актриса лирикалық сарынмен, мизанценалық көркемдікпен ойнағанын оның еріксіз неке қию заңына қарсы шыққандығынан байқаймыз. Өрімдей хас сұлудың қоғамға қарсылық білдіріп, Ақанды аман алып қалу үшін өлімге бас тіккен сахнасы нанымды.



Халқының болашағы үшін ақынды сақтап қалу оның көкейкесі мақсаты еткендігі көрініп тұр. Бұл туралы режиссер Г.Товстоногов: «Көкейкесті мақсат бүгінгі күн адамдарына аса қажет ең маңызды, ең асыл нәрселерді айтуға тиіс. Көкейкесті мақсат сахнадан көрермендер залына тартылған өткел ретінде кез келген классикалық көне пьесаны бүгінгіше сөйлетуге көндіріп, артист пен көрерменнің сезімі мен ой тасқынын байланыстырады», [3, 40 б.]. –деп айтқан. Бұл – Ақтоқтының мәңгілік мұраты мен өмірлік асыл арманын бейнелейтін биік мақсаты. Кейіпкер мінезінің көркем сипаттары С.Ерзатқызының назды да әсем қимыл-қозғалыстарынан, көз жанарынан, ақ жарқын жүзінен, ернінің дірілінен, ішкі көңіл-күйді ұқтырған жанды мимикасынан, сахналық сөздің сырын терең ашатын сөйлеу мәнерінен аңғарылады. Спектакль мәресінде Ақтоқтының өмірмен қош айтысу үшін Ақанға кезіккен сәтінде актриса ойыны трагедиялық ауыр атмосфера тудырды.

С.Ерзатқызы актерлік өнерін шыңдауда Н.Ораздың «Адасқан жұлдыз» драмасындағы тағдыр тауқыметін тартқан Келіншек ролін сомдайды. Бұл спектакльде де ол кейіпкерінің бейнесін сәтті шығарды. Өмір мен тағдыр ауыртпалығын көп көріп өскен жанның ерекше сезімталдығы мен карапайымдылығы, кеңпейілдігі мен парасаттылығы мол екендігін аңғардық. Мұнда көптеген актрисалардың қолынан келе бермейтін қасиет ән шырқаумен қатар гитарада ойнау – С.Ерзатқызының қойылымға қосқан тың жаңалығы. Сол арқылы нәзік дауысты роль орындаушы Келіншектің адасқан жұлдыз екендігін аңғартты. Бұл спектакльде актриса кейіпкердің өсу эволюциясын көрсете алған. Оқиғалар легі байланыса келе Актермен (Ә.Иманғалиев) Босфор кафесінің ішінде жолыққан сәтінде С.Ерзатқызы кейіпкерінің қуанышын шынайы көрсете алды. Ол Келіншектің ақ пейілін, таза жанын, адамгершілігін ашуға көбірек мән берген. Актриса бұл рольді орындау арқылы кедейлік пен жоқшылықтың қиындығын көрген адамдардың ішкі жан дүниесіне барлау жасады. Нәзік жаралған сезімтал жанның іші драмаға толы. Спектакльді көру барысында оның айқын ишара белгілерін, үн-дауыс мақамдарын орнымен қолданған, ұстамды да ойлы сана сезім бірлігі актерлік шеберліктің түрлі құпияларынан сыр шертеді. Кейіпкердің жан дүниесіндегі қайғылы сәттерді ақылдылықпен бере білген актриса парасаты айтуға тұрарлық. С.Ерзатқызы үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ол «Режиссер бағыт-бағдар берсе болды, актер әрі қарай өзі іздену керек» деген өмірлік ережесін берік ұстанып, әрқашан өзі кескіндеген бейнелеріне әртүрлі шығармашылық жолдарымен келеді.

«Келіндер көтерілісі» комедиясында бүкіл оқиғаларды шиеленістіретін Фармон бибінің жетінші әрі жаңа түскен келіні – Нигораның ролінде оның осы ұстанымы байқалды. Оның пластикасы, қимыл-әрекеті өзара үйлесімін тауып, сахнаға көрік беріп тұрды. Комедиядағы бұл кейіпкері – еркелігі бойынан тарамаған тентек әрі ақылды бойжеткен. Ол қойылымда заман дауылына ілескен батылдық пен қайсарлықты нанымды ашқан. Қойылымда ене мен келін арасындағы ғана емес, жаңа мен ескінің арасындағы күрес те әдемі өрбіген. М.Ахмановтың режиссерлік интерпретациясының мақсаты – спектакль соңында бала үшін ананың орны қаншалықты маңызды екендігін көрсету болды. Бастысы, сахнадағы ана бейнесі бұл комедияда қаһарлы әрі мейірімді, яғни екі сипатта болуымен ерекшелене алды. Алғашқы сахнасында салт-дәстүрді қатаң ұстанатын отбасына келін болып түскен бойжеткеннің енесімен жолыққан сәтінде актрисаның бет-жүзінің құбылуынан оның наразылығын байқаймыз. Келіннің іс-қимылы әрбір сахнасында шиыршық атқан ширақ әрекетке құрылып жинақы шыққан. Көпшілік көріністеріне қатысатын кездерінде де С.Ерзатқызы сахналық міндеттерін дұрыс түсінгендіктен тобырдың бірі емес, өтіп жатқан оқиғаға өзіндік көзқарасы мен мінезін көрсететін кейіпкерді танытты. Бұл – актрисаның мол ізденісінің нәтижесі. Ол шынайы ойынымен, тапқыр әрекетімен қойылымның ансамбльдік тұтастықта өрбуіне күш салды. Қойылымның қай сахнасын қарастырсақ та, барлығы тұтас режиссерлік ой тұжырымнан туындап, оның көркем идеялық нысанасына бағындырылған. Роль орындаушының өзіне тән дауыс ырғағы – бүкіл келіндерге нұсқау беріп, «бұл үйден кетеміз» деген сахнасында Нигораның қимыл-әрекеті еріксіз күлкі тудырады. Жалпы рольді игеру сәті тамаша дәлдікпен, мизансценалық нақты да айшықты көріністермен әдемі берілген. Режиссер М.Байсеркенов: «Сахналық еркіндік – актердің сахна алаңындағы қалыпты көңіл күйінің қайнаған тас қайнары десек, сол көзден бұрқылдап аққан қос бұлақтай болып, ішкі және сыртқы еркіндік заңдылықтары арнаға ағызады» [4, 27 б.] – деп жазады. Осы принципті ұстанған актриса сахнада еркін қозғалады.

Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясындағы биязы да, еркетотай Алма роліндегі С.Ерзатқызының ойыны нанымды шыққан. Қазақы тәрбиені бойына сіңірген сыпайы жігіт – Қабанбайдың нағыз адамгершілігін байқаған соң, кейіпкерінің іштей қобалжуын, таңдануын актриса әсерлі көрсеткен. Ол Алма бейнесін жасауда роліне аса жауапкершілікпен қарап, кейіпкерінің жан дүниесін толығымен ашып беруге бар күшін салды. Театрды киелі шаңырақ санайтын С.Ерзатқызы режиссер ұсынған рольдерді таңдамайды, үлкен кіші демей барлық ынта-жігерін салып орындайды. Ол көбінесе К.С.Станиславскийдің «кішкентай роль жоқ, кішкентай актер бар» деген қағидасына жүгінеді. Сол сияқты «Қара шекпен» пьесасы бойынша режиссер А.Маамиров қойған спектаклінде



қосалқы кейіпкердің бірі – Қосүрейді орындайды. Бұл – актрисаның елеулі рольдерінің бірі. Себебі, адам психологиясын аңдардың кейпінде беретін бұл қойылымда бес көжегі бар қоян алғашқысында комедиялық бейне болып көрінгенімен, екінші актіде балаларынан айрылып, трагедиялық күйге душар болады. Осындай күрделі бейнені шығаруда актриса ізденісінің молдығын байқаймыз.

Театр сахнасында аз жылдың ішінде С.Ерзатқызының драмалық, комедиялық және трагедиялық рольдерде өнер толғаған өнерпаз екені аңғарылады. Себебі, ол өзі ойнаған кейіпкерлерінің ішкі сезім дүниесін, қайшылыққа толы күрделі психологиясын, мінез ерекшелігін терең ашып көрсете біледі. Жалпы актриса өнеріндегі өсу, ілгерілеу, даму баспалдақтары айқын. С.Ерзатқызының сахнадағы басты мақсат-міндеті – жай ғана өнерін көрсетіп қою емес, келген көрерменге салиқалы ой салу. Олардың жанын қозғап, сезімдерін сергіту арқылы зал мен сахна арасына рухани қарым-қатынас орнату. Орындаушылық, шеберлік сатыларынан санамен, сабырмен, салмақпен өтіп келе жатқан өнер иесінің суреткерлік қасиеттерін танып білдік. Ол жасап жүрген үлкенді-кішілі сахналық бейнелері он бестен асады. Мұның бәрі бірдей үлкен көркем дүние болмағанымен біразы актрисаның мол ізденісінің нәтижесі екеніне талас жоқ. Қорыта келсек, К.С.Станиславский айтқандай «Актёр – талантты, әрі еңбек сүйгіш болу керек» деген қағидаға сүйенетін С.Ерзатқызы болашақта биік белестерден көрінеді деген сенімдеміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. А. Д. Попов «Художественная целостность спектакля»
2. Нұрғалиев Р. Арқау. - А.: Жазушы. – 1991 ж.
3. Г.Товстоногов. Зеркало сцены 1 том Ленинград Искусство. 1980.
4. Қабдолов.З. Сөз өнері. Алматы, «Қазақ университеті».1992.

### **ҚАЗАҚ ТЕАТР ӨНЕРІН ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ ЖОЛДАРЫ ҚҰМАРҒАЛИЕВА Назерке Рамазанқызы, СУХАНОВА Сулукан Серикбайқызы**

Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
Алматы, Қазақстан  
Naz143art@mail.ru

#### **Түйін**

Бұл мақалада автор қазақ театрының өзекті мәселелерін қарастырады. Театрдың тірегі болған драматургия, режиссура, актер шеберлігінің бүгінгі келбетіне тоқталып, олардың көркем туынды жасаудағы кемшіліктерін айқындалады. Сонымен қоса, сахна тілінің актерлардың роль орындаудағы маңызына тоқталған. Театр өнерін өркендету мақсатында театрлардағы көптеген мәселелердің ара жігін ажыратып, оның биік белестерден көрінуі үшін ұсыныстар білдірген.

**Кілт сөздер:** театр өнері, драматургия, режиссура, актер шеберлігі, сахна тілі, театртанушы, репертуар, фестиваль, контекст, спектакль, пьеса.

#### **Резюме**

В этой статье автор рассматривает отдельные актуальные проблемы казахского театра. Автор попытался выявить минусы художественности нынешних спектаклей, а также произвел разбор основ театра таких как драматургия, режиссура и актерские мастерство. Кроме того, речь идет о значении сценического языка в роли актеров. В целях развития театрального искусства многие проблемы в театрах были разграничены и высказаны предложения, чтобы они отражались на высоких высотах.

**Ключевые слова:** театральное искусство, драматургия, режиссура, актерское мастерство, сценический язык, театральная критика, репертуар, фестиваль, контекст, спектакль, пьеса.

#### **Abstract**

In this article, the author examines some topical problems of the Kazakh theater. The author tried to identify the disadvantages of the artistry of the current performances, and also analyzed the basics of the theater such as drama, directing and acting skills. In addition, we are talking about the meaning of stage language in the role of actors. In order to develop the theatrical art, many problems in theaters were delineated and suggestions were made so that they would be reflected at high altitudes.

**Key words:** theater arts, playwriting, directing, acting, stage language, theatre critic, repertoire, festival, context, play.

Бүгінгі қазақ театрының репертуар таңдауда, режиссура саласы бойынша, драматургиялық пьесаларды сахналауда, актер даярлаудағы өзекті мәселелер өте көп. Еліміз тәуелсіздік алғанына



жиырма жылдан аса уақыт өтсе де көркемдік шоқтығы биік спектакльдердің аздығы жанға батады. Репертуар театрдың болмысын бағамдаушы құрал. Оның дұрыс түзілуі театрдың шығармашылық жолының өсуіне әсер ететіндігі тағы бар. Олай болса, бүгінгі таңда сахнада жүріп жатқан спектакльдердің дені комедиялық әрі кассалық, салмағы жеңіл, музыкалық ән-биі басым шоу тәріздес қойылымдар. Сондықтан да театрларда қойылып жатқан пьесалардың бір-біріне ұқсас екендігіне көзіміз жетеді. Олар: Т.Нұрмағанбетовтың «Бес бойдаққа бір той», С.Ахматтың «Келіндер көтерілісі», И.Сапарбайдың «Сыған серенадасы», П.Мериме «Кармен», т.с.с. спектакльдері. Бұдан байқайтынымыз бүгінгі заман тақырыбына арналған көркемдік құндылығы жоғары, айтар ойы салмақты пьесалардың сахналардан аз көрініп жатқандығында болып тұр.

Бір өкініштісі қазақ театрлары әлі күнге дейін әлемдік деңгейдегі халықаралық театр фестивалдеріне қатыса алмай отыр. Оның басты себебін іздейтін болсақ, театрдың негізгі тірегі драматургияға, актер шеберлігіне және режиссураға келіп тіреледі. Бұл үшеуінің бірі болмай қалса бірден театрға әсер ететіндігі белгілі. Бұл туралы өнертану кандидаты, театр сыншысы А.Еркебай: «Өкінішке орай бүгінгі әлемдік контекстінде «қазақ театры» ұғымы жоқ. Шетелді айтпағанда, тіпті ТМД елдерінде біздің классикалық драматургиямызды, корифей режиссерларымызды білетін адам кемде-кем. Бұның себебі – қазақ театрының әлемдік театр процесінен едәуір артта қалғандығында», [1] – деп шындықты ашына айтқан ойына толықтай қосыламыз.

XXI ғасыр театры – режиссерлердің шығармашылық зертханасын қалыптастыратын кезең деп айтылып жүр. Өйткені алыс-жақын шетелдерде режиссураның дамып-өркендегені соншама, тіпті олар жаңа формалар тауып, қазіргі заманауи технологияларды қолдану арқылы спектакльдерді сахналайды. Ал еліміздегі театр режиссурасының деңгейі күнделікті тұмыстық спектакльдерден аса алмай ортаңқол болып қалған. Сондықтан да қазіргі кезде қазақ режиссурасы тоқырап, абыржы қалыпта тұрғаны жасырын емес. Елімізде отыз бен қырық жас аралығындағы режиссерлер бірен-саран болғандықтан эксперименттік спектакльдер фестивалі осы кезге дейін қойылмай келеді.

Өнертану докторы, профессор Б.Нұрпейіс: «Бүгінгі таңда біздің қазақ театрына «жаңа драматургия» мен «жаңа режиссура» қажет. Біз әлемдік театрларда болып жатқан театрлық ағымдар мен үрдістерді бақылай отырып, өзіміздің ұлттық актерлік мектебімізді сақтап, ұлттық келбетімізді көрсететіндей деңгейден көрінуге тиіспіз», [2] – деген болатын. Әрине шетелдерге еліктеп, өзіміздің ділімізден алшақтамай, патриоттық сезімдерді ұштайтын қойылымдар қоюды қолға алу керек. Себебі, қазақтың классикалық шығармаларын жаңа қырынан көрсетіп, астарын ашып, негізін анықтау арқылы жаңа белеске шығамыз деген сенімдеміз. Жаңаша бағыттағы спектакльдерді жарыққа шығару үшін өз ұлтымыз бен тілімізге деген сүйіспеншілікті арттырып, әдебиетіміз бен тарихымызға тереңірек үңілуіміз қажет.

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясын жыл сайын «режиссер» мамандығы бойынша бітіріп жатқан жастардың нөпірі көп. Алайда олар еріншектік танытып, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен» жүргендері рас. Оған себеп, мәдениет пен өнерді қаржыландыратын республикалық бюджет қаражаты ең төменгі деңгейге түсіп кеткендігін айтуға болады. Алайда көршілес жатқан қырғыз елінің экономикалық жағдайы екі есе төмен бола тұра, қойған спектакльдері әлемдік деңгейге жетіп отыр. Неге дейсіздер ғой? Себебі ондағы актерлер мен режиссерлердің дені Мәскеуде тәлім алған әрі жатпай-тұрмай қажырлы еңбекпен жетістікке жетуде.

Театрдың бір кездерде шыққан биігінен аласартып алғаны, репертуардың жұтаң болуы – драматургтер мен театрлардың арасында байланыстың жоқтығынан туындап жатыр. Жаңалық ашуда артта қалуымыздың тағы бір себебі – көркем әдебиетімізді дұрыс сахналай алмауымызда. Мұның өзі айналып келгенде әдебиет пен театрдың арасынағы байланыстың үзіліп бара жатқандығының белгісі болып отыр. Егер де театр әдебиеттен алыстаса, оның ғұмыры ұзаққа бармайтынын режиссерлер біле бермейтін тәрізді.

Келесі бір мәселе: түбі бір түркі халықтарымен біздің тікелей байланыстарымыздың болмауы. Олардың пьесаларын аударып немесе қазақ драмасын аудартып қана қоймай, өзге де ұжымдық-шығармашылық қарым-қатынасты күшейтуіміз қажет екендігін мойындаған жөн. Біздегі үлкен кемшіліктің бірі – қазақ драматургиясын өзге елге насихаттай алмауымызда болып отыр.

Негізінен жастар әртүрлі театр өнеріне қатысты шараларда көрініп, өнер жарыстарында, бақ сынаспайынша көптеген мәселелерден шешім тауып шығу қиын. Егер жас драматургтер кеңесін ашып, эксперименттік жастар театрын ашпайынша жаңа ізденістер болуы мүмкін емес. Жалпы театр дәрежесін көтерудің бір жолы – драматургия мен театрдың байланысын күшейту. Бұл үшін әрбір театр репертуарына қосылған пьеса авторымен келісім шарт жасасып, спектакль сахнаға шығып кеткенше драматургпен жұмыс істеу қажет. Өйткені біздің театрларда драматург бөлек әлем, ал оның жазған туындысы өзге ғалам болып, оның шығармасындағы айтылмақ ойы ашылмай жатыр. Ал





драматургияның анасы – әдебиет екені әрі оның текті жанр екендігі ұмытылып бара жатқандай әсер қалдырады.

В.Г.Сахновскийдің: «Қойылымның негізі болып табылатын авторлық текст пен режиссерлік нұсқаның – әр қайсысы өз алдына бөлек-бөлек шығармалар. Біреуі автордікі болып есептелгенімен, екіншісі авторлық нұсқаның негізінде жасалған театрдың туындысы», [4, 4 б.] – деп жазған. Сондықтан да драматург жазған пьесаны режиссер өзгертіп, өз қиялынан туған нұсқасын жасау арқылы пьесаның құндылығын жойып алуға жеткізбеуіміз керек. Көптеген театрларымыз өз бағыт-бағдарын жоғалтып алған сияқты. Режиссерлердің беделі мүлде түсіп бара жатқандығын өз көзімізбен көріп, куә болып жүрміз. Шындығында кейбір театрларда режиссердің қызметін труппа меңгерушісі немесе жетекші актер атқаратынына мән бермейтін болдық. Осының салдарынан сын көтермейтін пьесалар театр репертуарларын жаулап алды. Мұның өзі кәсіби өнерде кәсіби емес көзқарастың белең алуы болып саналады.

Жалпы режиссерлер қиялының жан-жақты, айтар ойы терең болуы, театрда қойылған спектакльдерден байқалады. Бұл турасында Ресейдің атакты режиссері М.Кнебель: «Чем выше культура режиссера, чем глубже его познания, чем больше его жиненный опыт, тем легче ему помочь актеру. Но реальную помощь актер обычно получает тогда, когда режиссер изучил все внутренние пружины действия в пьесе, характер взаимоотношении сталкивающихся людей, их внутренний мир, направление их темпераментов, раскрывающихся в осуществлений сверх задачи, выявления идеи произведения. В этом случае режиссер конкретен свои помощи актеру», [4, 7 б.] – деген болатын. Мұнда режиссер актерге қандай жағдайда көмек беру керек екендігіне тереңнен тоқталған.

Бүгінгі таңда актерлік өнер де биік белестерден көріне алмауда. Театрларымыздың актер, режиссерлері К.С.Станиславский жүйесімен немесе Мейерхольдтің «Биомеханикасымен», Д.Дидроның «Актер туралы парадосымен», Е.Гратовскийдің «Кедей театрымен», А.Я.Тайровтың «Камералық театрымен», М.Чехотың «Актер жайлы» дейтін еңбектерімен жұмыс жасаймыз дейді. Алайда бұл теориялық еңбектер тәжірибеге келгенде сырт қалатын тәрізді. Көп оқып, ізденіс үстінде жүретін актер сахнаға шыққанда өзін еркін ұстап, режиссердің трактовкасы арқылы өз тарапынан ролін дамытып, оны жетістікпен ойнайтыны анық. Біздің актерлерімізге К.С.Станиславскийдің: «Өз-өзімен жұмыс» жасау жетіспейді. Театр сыншысы Ә.Сығай: «Актер жолы – ауыр жол. Алда сан асулар. Биік белестер күтулі. Бұл жолда талмас қанат, рухани мол қуат, сарқылмас талант көзі керек дейміз», [5, 46 б.] – деп тұжырымдаған. Расымен де, актер талантты болумен қатар, дайындыққа көп көңіл бөлгені дұрыс. Той-жиыннан гөрі, бос уақыттардың барлығын роль шығаруда өз бетінше дайындыққа жұмсаған жөн. Роль орындаушылар пьеса мәтінін тілінің дефектілерімен сөйлегенде көркем әдебиет барлық қасиеттерінен айрылып қалады.

Біздің ойымызша, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры актерлерінен бастап, барлық театрлар тілге ерекше мән беруге тиіс. Актер үшін ең бастысы – сөйлеу мәнерін жетілдіру. Соған байланысты қосымша шеберлік сыныптар енгізу қажет. Себебі пышақ өткір болуы үшін – қайрайды, ал тіл өткір болу үшін күнделікті дайындық сөйлеу мәнерінің мінсіз болуына көмектеседі. Пьесадағы мәтіндер актерге сіңуі керек, сонда ғана ол көркемдігін жоғалтпайды.

Айта кететін тағы бір жағдай, театрда әдебиет бөлімінің меңгерушісі театртанушы болу абзал. Себебі театр сыншысы театрдың бағыт-бағдарын анықтап, әрбір актерге, режиссерлерге портреттік жұмыстар жазып, спектакльдерге теориялық талдаулар жасайды. Ол театрдың дамып, актерлардың шабыттануына жол ашып, мәңгілік тарих беттерінде қалуына ықпал етеді. Театр репертуарын құруға атсалысып, сын көтермейтін арзан шығармаларды театрға жақындатпайды деген сенімдеміз. Сонда ғана жауапкершілік күшейеді. Ол театр мен драматургтың арасындағы көпір болуы тиіс. Алада көп жағдайда редиссерлер «өзім білемге» салынып, ешкіммен санаспайтыны дұрыс емес. Пьесаның авторы драматург болса, спектакль режиссердің қиялына, көкейкесті мақсатына бағынышты. Театр труппаларының арасында идеялық бірлік, сыйластық, ауызбіршілік болған жағдайда ғана кез келген нәрсе өз жемісін бермек. Көркем спектакльдің аздығы – осындай бірліктердің жоқтығына байланысты. Жауапкершілікті нығайтудың бір жолы – пьесаларды сахналас бұрын драматург пен режиссер бірігіп театр сыншыларын шақыртып, қойылымды алдын-ала талдатып, кеткен қателіктер мен кемшіліктерді жөндегені жақсы болар еді.

Қазақстандағы облыстық театрларда мамандар жетіспегендіктен қойылымдары кәсіби деңгейден төмендеп «әуесқойлар» театрына айналып бара жатыр. Көзі тірісінде Ә.Сығай шәкірттеріне: «Алматы мен Астананы маңайламай, оқу бітірген соң облыстық театрларға барып қызмет етіндер, олар туралы жазыңдар, қаламдарың ұшталады, танымдарың өседі» – деп айтқан болатын. Расымен де, облыстық театрларымыздың қазіргі кезде жағдайлары көңіл көншітпейді. Жылда бітіретін түлектер Астана мен Алматыны төңіректей беретін болса, облыстық театрлар деңгейі қайдан кәсіби деңгейге



көтерілсін. Сол себепті жоғарғы оқу орнын бітіруші түлектерге квота бөлініп, жұмыс пен тұрғын үй мәселесін өкімет тарапынан бөлінсе деген тілегіміз бар.

Жалпы театрдың алға жылжып, дамуы туралы А.Еркебай: «Елімізде өтетін фестивальдеріміздің деңгейін көтеріп, жаңа тың режиссерлік шешімдерге толы қойылымдар шақыртып, түрлі мастер - класстар өткізу керек. Театр әрдайым қыймылда болып, алға жылжып, эксперименттерге барып, әлемдік контексте еніп, тәжірибемен алмасып, шет елдік режиссерлерді шақырып, гастрольдерге шығу керек. Біз өз қазанымызда өзіміз қайнап жатырмыз. Бізге қауырт қыймыл әр жақты қозғалыс керек. Мәселен, Еліміздің Академиялық М.Әуезов және Ғ.Мүсірепов атындағы театрлар, олардың санатына кеше ғана қосылған Астаналық Қ.Қуанышбаев атындағы театр ірі әлемдік фестивальдарға шығып өздерін әлемдік деңгейде мойындатуға мүмкіндіктері мол. Әлемге танымал театрлар мен режиссерлермен қарым-қатынастар орнатуымыз керек. Әр театрда, әсіресе Академиялық театрларымызда батыстың фестивальдарымен, ірі театр мектептерімен байланысып отыратын бірнеше тіл білетін маман керек. Бүгінгі таңда мұндай мамандарсыз әлемдік аренаға шығуда мүмкін емес. Сондықтан реалисттік, психологиялық театрмен қатар, синтездік театр өнерінің керектігі қарап отырмыз» [1] – деп өз ойымен бөліскен болатын. Әрине театрдың дамуы үшін жоғарыда айтылғандарды растаймыз. Сонымен қатар Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық театры жас та болса әлемдік аренада өнер көрсетіп, биік дәрежелерге жетіп, қанжығасына жүлделі орындарды байлайтынына сенімдіміз. Себебі басқа театрларымызға қарағанда бағыты өзгеше, әрі жастық жалыны басым труппа мүшелері көп еңбектенеді.

Осы салада, яғни театр, сахна педагогикасымен 50 жыл мезгілінде көптеген шығармашылық мектептердің халықаралық, одақтық үлгілерімен танысып зерттеп, зерделегенім аз болған жоқ. Ұлттық ерекшелік, ұлттық нақыш психофизиологиялық сахналық көркемдік-шығармашылық әрекет ерекшеліктері ұлттық сипатынан салт-дәстүрінен ажыраған емес. Оның көпжанрлы синтездік тоғысуы шығармашылық тұлғалардың ой-өрістерінен туған дара шебер туындылары іспетті сан-алуан. Сахна өнерінің алтын дінгегі табиғатына сай адам өмірі мен қоғамдық қарым-қатынас. Бұл Аллаһ Тағаланың пендесіне берген зор үлесі.

Қазақ шығармашылық педагогикасының қарашаңырағы Темірбек Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясы бүгінгі күнге дейін бірнеше сатылардан өткені тарихтан бізге мәлім. Алғашқы сахна мектебі 1932 жылы наркомпростың қаулысымен Алматыда театр сурет училищесі ашылады. Содан 1954 жылы Орталық Комитеттің қаулысына сай Министрлер Кеңесінің шешімімен Консерватория жанынан Театр бөлімі 1955 жылы алғашқы шәкірттерін қабылдады. Театр бөлімі факультет болып ашылады. 1978 жылы Театр және көркемсурет академиясы институты болып ашылады. Содан дербес шаңыраққа ие болған өнер атауы Көркемсурет академиясы мен театр және кино институты болып бөлінеді. Біраз жыл өткен соң қазақ мемлекеттік Өнер академиясы дәрежесіне көтеріліп 1989 жылы Темірбек Қараұлы Жүргеновтың атына ие болады. Бұл Темірбек Жүргеновтың әдебиет пен өнерге, ғылым мен білімге, медицинаға деген атқарған халықтың қаһарман ұлтжанды азаматына деген баға деп түсінеміз. Жоғарыда айтылып отырған ойлармен жазулар консерваторияда ұстаздық қызметті бастаған пікірлерім деп түсінерсіздер...

Актерлік өнерге келер болсақ шығармашылықтағы ерекше таныммен, түсініп саналы ой еңбегімен, іздемпаздық жігерлі еңбекқорлықты өзінің болмысынан табылатын ерекше жан болуы, оның бір қыры десек, ал екінші қыры сахна өнерінің талғам талабы болмыстың бойындағы табиғат сыйлаған таза үні, сөзі, ән мен күйге, бидегі үйлесімді координациясы т.б. психофизиологиялық қасиеттердің оқу жүйесінде әрі қарай дамытуға дайындығы ерекше көрініс табуында. Себебі сахна адамының құрал-жабдығы (инструменті) өз болмысы, психо-физиологиясы.

Міне осындай қасиетті дамытуда бізге бір танапты егіс алқабы сияқты күн кешуге бір орнында тұрғанымыз, заман талабына сай келмейді. Оқу бағдарламасындағы өзгерістер мен жаңа бағыттарға жол ашу енді басталғанымен әлі де шешімін табар мамандандырулар қазақ өнерінің күн тәртібінде болатын мәселелер...

Егеменді ел болып тарихымыздың тар жол тайғақ кештірген Кеңестік саясаттың көптеген түнекті реңтерінің шығармашылық тұлғаларға да зор әсерін тигізгені белгілі екенін барша қазақ түсінеді. Дегенмен экономика, экономика - деп өнер мен мәдениетті, салт-дәстүр, руханият мәселелерін аттап өтіп, кеткен кездеріміз науқаншылыққа ауысқаны да баршылық болды. Көптеген елдердің даму бағытында мәдениет пен өнерді экономиканың дамуымен қатар қоюы жанынды жылытады. Ал, бізде проблема жеткілікті... Арнайы салынған дара ғимараттар, оқу корпустарымен лабораторияларындағы соңғы технологиялық жетістіктердің техникасымен жабдықталған кең сәулетті нысандар...

Кәсіби сахна мамандығының қыр-сырларын көркемдік деңгейге ашып қоғамдық таразыдағы орнын салмақтау, жетілдіру күн тәртібінен түспегені абзал. Осы орайда ұлттық шығармашылықтан тамыр тартатын драматург, көркемдік қойылым қоятын режиссер, олардың мақсатын іске асыратын ойын өрнегімен көрерменнің көзайымы болар тұлғалар дайындауда, профессорлық-оқытушылар қауымының еселі еңбегі, біліктілігі ғылыми ізденістердегі қабілет қарымдылығы, шығармашылық



зертханалардың белсенді жұмыстары орасан зор. Синтездік өнерде сахнаны жиһаздау мен безендіру жұмыстары музыка, сценографияның алатын орны мен шарттылық көркемділіктің негіздемесі де салмақты.

Семиотика барлық жерде бар және ол өз функциясын анық дәлдікте сипаттап, санаға сіңіріп де жіберді. Ол ақпарат пен ойды жеткізетін бірлікке айналды. Күнделікті қоғамда сөз арасында, қарым-қатынас коммуникативтік актіде ол элементтер, белгілер, хабар беру арқылы қажырлы қызмет атқарып келеді...

Мәселен, бағдаршам түстері жүру-жасыл, сары-кідіріс, қызыл-тоқтау сияқты қоғамдық көлік пен адамдарға белгі арқылы, салауатты қызмет атқарып тұруы спектакль басталар алдындағы музыкалық қоңырау дыбыстары т.т.б. Ал қарым-қатынас коммуникациялық әрекетте шығармашылық жүйеленуіне үлкен бағытты негіздемелерін К.С.Станиславский актер өнеріндегі ізденістерінің негіздемесін психо-физиологиялық әрекетте қызмет атқаруының жүйесін талдап жасаса, Вс.Мейерхольд сыртқы болмыс қол, аяқ, мимиканың, қимыл-қозғалыстарына ерекше мән беріп аталмыш шығармашылық ілімнің алға жылжуына ерекше қызмет атқарды. Сөз бен ән, қимыл іс-әрекеттерінің сахнадағы ерекше дамуын зерделеген К.С.Станиславский шәкірттері М.Чехов, Еж.Гратовский, Ф.Шаляпин болса, қазақ топырағындағы сахна саңлақтары ұлтымыздың дара өнер тарихын өз шеберліктерімен өрнектеген: Қ.Қуанышбаев, Ж.Шанин, Е.Өмірзақов, С.Қожамқұлов, Ш.Айманов, Қ.Жандарбековтердің бүгінгі күнде де жұлдыздары биікте тұр. Тарихымызды түйсікпен, түсініктен, сана-сезім ой өрісіндегі шығармашылыққа негізделген тілдің ең қарапайым әрі түсінікті белгілерге негізделген семиотика ілімімен толықтанған, көркем өнерімен сахнаға ұлттық нақыштардағы жетістіктері сан алуан. Себебі, әлем бойынша қоғамдық қарым-қатынастардың қарқынды дамуы әсерінен синетика әлемі белгілі символдық сипатқа ие болуында. Ол жиһазбен қолөнерде адамның киім киюімен, ым- ишарат, ишараларындағы қолданыс құралына айналғаны барлығымызды мойындатты, әрі бүгінгі күні мұқтаждық белгіге айналды.

Сахна өнерінің экрандық шығармашылықтың кеңістігі кең, шегі жоқ шеберліктің туындылары әр ұлттар мен ұлыстардың, тарихи қоғам мен бүгінгі күн тақырыптарындағы ерекше құбылыстар мен қарым-қатынастарды көрерменіне айқын да, нақты дәлдікке негізделгенін: оның киімінен, жүріс-тұрыстағы қимыл-әрекетіне, жас мөлшеріндегі статустағы сөз саптау мен қабылдау, мойындаумен жүгіну процестерін, әртүрлі сезімдегі суреткерлікті нанымды да, сенімді деңгейде болу керектігін нақтылап келеді. Сондықтан да сұрыптап алынған элементтер тізбегі көркемдік шығармашылықта кең қолданыста. Әр ұлттың тарихы қалыптасқан салт-дәстүрі өте терең екені белгілі. Олардың қоғам, ел, Мемлекет болып қалыптасуы да сан алуан. Тарихтан алатын тәрбиелік тағылымы да орасан зор. Жазба, ауыз әдебиеттерінен бүгінгі күнге жеткен, алтын қордың асыл жауһарлары үлкен ыждаһаттылықпен халқына жетіп, тәлім-тәрбиелікте үлкен қызығушылық тудырып тұрғаны жасырын емес. Тарихи драмалардың классикаға айналған Еуропа, Азия, Америка құрлықтарындағы сан ғасырлық оқиғалар ілегін, айналасы бір, екі-үш сағатқа сыйдырып көрерменіне салиқалы ой салып, орындаушылық шеберлік таныту көркемдік сахналық, экрандық синтездік шығармашылық өнердің үлесінде. Тарихи оқиғалар ілегінен сөз қозғағанда алып құрлықтардың 3000 жылдан астам тасы өрге домалаған, болмыс-бітімі ерекше көшпелілер атты империя тұлғаларының асыл мұралары қанша уақыт өтсе де толық зерттеп, зерделене қоймағанын ескерсек, бірінші қатарға әдебиет пен өнер туындылары, қалыптасқан салт-дәстүрі, ұлттық руханияттың негіздемесіндегі өмір ережелері, тілі, ділі, қарым-қатынастардың алтын қазығына айналғанын зерттеуші-ғалымдардың ерен еңбегі сол туындылармен танысып, сахналық көркемдік қойылымдардың негіздемесінде құнды тарихи шығармалардың орын алуы, өнер жетістіктерінің алтын жауһарларына айналып отыр. Міне, осы тұста енді ғана жасы ғасырға толған қазақ театр өнерінің сахна педагогикасындағы алғашқы ұстаным бағыты Еуропа мектебінен туындаған көшірмесінде ұлттық өнеріміздің көрігін қыздыру да, Кеңестік саясаттың сойылым соққанымен, ұлттық рухани болмыс кейпімізді сақтап қалғанымыз, осы киелі сахна өнеріне тікелей байланыстылығы. Ұлттық нақыштағы тіліміз, болмыстағы киім ерекшелеріміз бен оған қатысты салт-дәстүрдің айнымас көріністері сәлемдесуден, жерлеуге дейінгі ділімізге сіңген мұсылмандықтың имандылықтағы көріністері... Бұлай айтуымыздың себептері де жетерлік. Актердің сахнадағы сомдаған кейпкері - оның актерлік шеберлігінің нәтижесі, шығармашылықтағы психо-физиологиялық әрекетінің жемісі болып табылатын тұстарын атап айтсақ: дауыс ырғағы, тұлғасы, жүріс-тұрыс сымбаттылығы, киім-кию үлгілеріндегі қолданысы, музыкалық өлшем ырғақты сезіну мен ән айту, би-билеу кординациясы, қару-жарақпен іс-қимылдары, стәп ырғақтары мен бутафория реквизиттерімен әрекет ету, пантомима элементтеріне икемділігі бір адамның бойынан табылуы - бұл синтездік өнердің актер табиғатына қойылатын талаптары екені анық.

### **Қорытынды**





Жоғарыдағы айтылған талаптар, әсіресе тарихи драмалық қойылымдарында өте жиі кездесетін шартты көріністер. Әр ұлттың киім ерекшеліктерін көрерменге сол ғасырдағы сол ортаның кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне сай нанымды, әрі көркемді де, әсерлі пластиканы қолдана білумен байланыстылығында. Жазылған ой тұжырымдама мен оқу -әдістемелік ерекшеліктерінің нәтижесінде 2023 жылының 3-10 қаңтар аралығында бітіруші 4 курс «Физикалық театр артисі» Білім беру бағдарламасы студенттеріне жетекшілік етіп, Бремен қаласы (Германия) «KulturOnTour2023» ІХ Халықаралық театр фестиваліне қатысып, Евросоюз мемлекеттерінің шығармашылық ұжымдары арасында сексен алты мемлекет қатысқан театрлардың сахналанған қойылымдарынан қазылар алқасы іріктелген тоғыз мемлекеттің қойылымдары арасынан «Гамлет» /қоюшы режиссері оқытушы Е.Төлепберген/ атты пластикалық қойылым үшінші орынға ие болып, арнайы дипломды- жеңіп алды. Сондай-ақ әр мемлекеттен жиналған қазылар алқасы спектакльдің пластикалық үлгілі табысына Еразмус+ ұйымының есебінен Темірбек Жүргенов атындағы ҚҰӨА профессорлық -оқытушылар құрамына әрі қарай білімін жетілдіруге үш грант - Мадрид қаласына 2023 жылғы қыркүйек айына сыйға тартты. Бұл да бір жаңа бастаманың ізденістегі нәтижесі.

Театр әлем халықтарының ұлттары мен ұлыстарының ұлықтаған рухани шығармашылықтарының айнасы -- қасиетті сахна. Сондықтан да авторлар өз тұжырымдамаларды білім алушылар алдында үлкен аудитория алдында өз сөзімді әр дайым театр өнері турасында. «Ұлтына, жеріне, дініне, тіліне, еліне бөлінбейтін Ұлы өнер - ол Театр өнері!». Ия, театр синтездік өнердің шаңырағы, ошақтың үш бұтындай - драматург, режиссер, актер шығармашылығы үндестік тапқан соң сценография көмекке келеді. Өнегелі өнер шаңырағының өрісі осылайша өрістей береді. Кәсіби шығармашылық мамандарының бірлескен туындысы ол - спектакль.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Оқу құралы «Мастерство актера в терминах и определениях К.С.Станиславского» -- М.: Сов.Россия, 1961. - 519 с.
2. Далькроз Э. Ж. «Ритм. Его воспитательное значение для жизни и для искусства. 6 лекций. Ж-л. "Театр и искусство" -- М. 1922. - 64с.
3. Вендровская Л. Д., Февральский А. В. Сборник «Творческое наследие Вс.Е.Мейерхольда» -- М.: ВТО, 1978. - 488с.
4. Кулбаев А. Б. «Сыр мен Сымбат» -- Алматы: "Мектеп-Болашақ", 2005
5. Баймуханова Ж.А. «Драматургические и режиссерские идеи в призме новой визуализации (2010-2015)». Sc. Collec. Interconf, № 94, December, 2021, стр. 407-426. - Access mode: URL: <https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/17784> [Date of access: 14.12.2021]

#### **ДОМБЫРА КҮЙЛЕРІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ НОТАҒА ТҮСІРУ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ БЕКМОЛДИНОВ Нартай Сағмбекулы, ТАЖБЕНОВ Ернұр Алтайұлы**

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы  
nartaybekmoldinov@hotmail.com, mr\_ernur\_kz@inbox.ru

#### **Аннотация**

Бұл мақалада қазақ күй мәдениетінің қалыптасуы, халық музыкасының табиғи даму қағидаты, соның ішінде қазақ күйлерінің нотаға түсуі, ерекшеліктері қарастырылады. Әрбір ұлттың өз ерекшелігі болуы табиғи нәрсе. Қазақтың басқа ұлттардан ерекшелігі - тілі, күй өнері.

#### **Аннотация**

В данной статье рассматриваются становление культуры казахского кюя, принцип естественного развития народной музыки, в том числе нотации, особенности казахского кюя. Для каждой нации естественно иметь свою индивидуальность. Казахи отличаются от других национальностей языком, искусством кюя.

#### **Abstract**

This article discusses the formation of the culture of the Kazakh kui, the principle of the natural development of folk music, including notation, features of the Kazakh kui. It is natural for each nation to have its own individuality. Kazakhs differ from other nationalities by their language and the art of kui.

#### **Кіріспе.**

Күй - халық музыкалық мәдениетіндегі сирек кездесетін, феноменальды құбылыс. Күй өнері қазақ халқының рухани әлемін дамытуда ерекше орын алады. Еліміздің рухани даму кезеңіне,



болашақта мәдени даму үшін өзінің күрделі құрылымы мен терең құпиясы бар осы құбылыстың мәні мен ерекшелігін мұқият түсіну қажет. Күй өнерін, оның мәдени ерекшеліктері мен философиялық ойларын тану біздің қазіргі тәуелсіздігімізді үнемі нығайту үшін өте маңызды. Біздің алдымызда халықтың рухани мұрасын тану және бағалау, оны ұлттық рухта тәрбиелеу және оны бүгінгі демократиялық әлеуметтік құрылыс дәуірінің қажеттіліктері үшін құруға қабілетті болу міндеті тұрғаны анық. Қазақ күйлерінің аңыздары жүйелі, мәдени және философиялық талдаумен емес, тек зерттеулермен расталады. Қазақ философиясының мазмұндық құрылымында ерекше орын алатын күй өнері ұлттық менталитетті қалыптастыруда зор маңызға ие. Сол себепті күй өнері біздің ұлттық мәдениетімізді қалыптастырудың қайнар көзі болып табылады. Халқымыздың күй өнерінің айтарлықтай биік деңгейге жетуіне Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейісова, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты халық композиторлары үлесі зор. Күй өнері орындаушылық ерекшеліктеріне, жағырафиялық орналасуына қарай жеті түрлі дәстүр мен мектептер қалыптасқан. Атап айтатын болсақ, Шығыс, Арқа, Қаратау, Жетісу, Сыр бойы, Маңғыстау, Батыс мектептері. Осы мектеп күйлерін нотаға түсіріп, түпнұсқасын қалдыру өте маңызды мәселердің бірі.

### **Негізгі бөлім**

Күй - қазақтың музыкалық мәдениетінің жетекші жанрларының бірі. Күй-жоғары дамыған өнер және тарих оның басты куәгері. Қазақтар күйді музыкалық түрде көрсетілген ата-бабалардың қасиетті хаты ретінде қабылдайды. Халық үшін қайғылы репрессия жылдарында да, көптеген халық әндеріне тыйым салынған кезде де күй орындала берді. Өйткені отарлаушыларға бұл жоғары өнерді түсіну мүмкін болмады. Олар үшін күй тек империялық идеологияға қауіп төндірмейтін дыбыстар жиынтығы болды. Осының арқасында ежелгі күй өнері цензурадан құтылды. Сөздер аяқталған жерде музыка басталады. Қазақ дәстүрлі музыкасы туралы тек өзі ғана айта алады. Домбыра, қобыз, сыбызғы немесе симфониялық күйлерді тыңдап отырып, қазақ тарихы мен мәдениетін толық түсінуге және сіңіруге болады. Ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қазақ музыкалық мәдениетінің басты сақтаушысы халықтың өзі болды.

Әдетте, орындау алдында күйші күйінің не туралы екенін айтып берді. Бірақ уақыт өте келе ауызша шығармашылық аспаптық шығармашылықтан біржола алшақтап кетті, ал бұл күндері бірнеше музыканттар өз ойындарын алдын-ала әңгімемен сүйемелдейді. Күйлерді құрастыру өнеріндегі нағыз қайта өрлеу дәуірі ХІХ ғасырдың ортасы болды. Сол күндері көрнекті композиторлар-күйші Құрманғазы Сағырбай, Махамбет Өтемісұлы, Дәулеткерей Шығайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы өмір сүріп, классикалық шығармалар жасады. Олардың әрқайсысы қазақ музыкалық мәдениетінің дамуына зор үлес қосты, алайда Құрманғазы онда ерекше орын алады. Егер сіз қазақ жерінің импульсі мен тынысын естігіңіз келсе, шексіз дала кеңістігінің еркін желінің не туралы ән айтатынын білгіңіз келсе, ұшып бара жатқан жылқылардың жылдам жүгіруінен қуаныш сезінгіңіз келсе, қазақ халқының күші неде екенін түсінгіңіз келсе - Құрманғазының күйлерін тыңдаңыз. Оның "Сары-Арқа", "Ақсақ-құлан", "Адай" күйлері қазақтар арасында Отан бейнесімен байланысты.

Көрнекті ғалым Құдайберген Жұбанов қазақ музыкалық мәдениетінің алғашқы зерттеушілерінің бірі болды. "Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы туралы" атты тамаша мақаласында ол мынаны айтады: "Қазақ музыкалық мәдениетінің ең маңызды жанрларының бірі - күй. Композиция тұрғысынан және музыкалық мәдениет параметрлерінің басқа анықтамаларынан алып қарасақ та күй - халық музыкасының ең дамыған және ірі жанры» Қазақтар көшпелі өркениеттердің өкілдері. Ұлттардың барлық рухани байлығы ауызша дамыды және ауызша түрде берілді. Оның өзіндік қасиеттері де, кемшіліктері де бар. Артықшылығы - ауызша мәдениет әр уақытта қайта жаңғыртылады және оның күнделікті қайталануы оның тасымалдаушыларында осы мәдениетті сақтау мен көбейтудің таңғажайып дағдыларын дамытады. Кемшілігі - жазбаша құжаттаманың болмауына байланысты түпнұсқаның болмауы. Күй өзгере бастайды және соңында кейінгі орындаушылардың әртүрлі түсіндірмелерінің нәтижесінде ол басқа формаға ие болады. Біз қазір орындалатын күйлердің бастапқы формасын білмейміз, өйткені оның жүздеген орындаушылық интерпретацияларының, орындаушылық нұсқаларының нәтижесінде толық өзгеруі әбден мүмкін. Бұл жазбаша мәдениеттің трагедиясы.

Жалпы, қазақ күйлерін алғаш рет нотаға түсіріп, жинақтаған Александр Затаевич деп айтамыз. Бірақ одан бұрын қазақ әндерін нотаға түсірумен шұғылданған голланд Альвин Эрнестович Бимбоэс деген кісі болған. Финдейзеннің «Музыкалық этнография» жинағында Бимбоэстің қазақ музыкасы жайында мақаласы беріліп, қазақтың жиырма бес әнінің нотасы басылған. Бұл жинақта Шәкәрімнің екі әні жарық көреді. Бірақ екі әннің нотасы мен орыс тілінде мазмұны ғана беріліп, өлеңі берілмеген. Кейіннен А.Бимбоэс нотаға түсірген әнінің екінші түрі А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні» жинағына енген. Ал Затаевич тек 1926 жылы Орынборға келіп, қазақ әндерін нотаға түсіре бастаған. Бірақ Затаевич тіл білмейтін, қазақ аспаптарымен таныс емес болғандықтан, қалай естисе солай солай түсіре берген. Сол жылдары ел арасында көрініп жүрген өнер саңлақтары Науша Бөкейханов, күйші-



домбырашы Ғұбайдолла Мұхитов Затаевичке қазақтың күйлерін нотаға түсірткізген. Ал қазіргі таңда күйлерді нотаға түсіру сатысы мүлдем бөлек. Домбыраның екі шегіне сүйеніп, қай позицияда қандай саусақпен, қандай перне аралығымен алынғанын белгілеп көрсетіп, қағысын көрсетеміз.

Қазақтың ұлттық музыкасын терең зерттеуді алғаш қолға алған, ән-күйлерімізді кәсіби түрде нотаға түсіріп, қазақ халқының кәсіби музыкасының іргетасын қалаған – академик Ахмет Жұбанов еді. Ол 1906 жылы 29 сәуірде Ақтөбе облысы Темір ауданында дүниеге келген. Ахмет Жұбанов қазақ халқының Қазақстанның халық артисі, өнертану ғылымының докторы, профессор, академик, қазақтың музыкалық мәдениетін зерттеп тануда қажыр-қайрат көрсеткен тұлға. Жасынан музыкаға бейім болады. Бала кезінен әкесі Қуаннан, Қ. Ашғалиевтен, ағасы Құдайбергеннен тәлім алады. Орыс халық аспаптары оркестріне жетекшілік ететін П.Черняктан музыка теориясы, сольфеджио, скрипка бойынша сабақ алады. Осы білімімен Ленинградтағы Глинка атындағы техникумына скрипка класы бойынша оқуға қабылданады, кейіннен консерваторияда профессор Ф.А. Ниманның гобой класында оқиды. 1933 жылы Ленинград оқып жүрген А.Жұбановты Алматыда ашылған музыкалық училищеге шақыртады. 1934 жылы А.Жұбанов алғаш рет 11 адамнан құралған домбырашылар ансамблі құрады, бұл қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі. Дәл сол кезден бастап қазақтың ұлттық музыкасының бағы ашылды. А.Жұбановтың ұйымдастырған экспедицияларында қазақ жерінде он мыңға жуық қазақ ән-күйлері жиналды. Жиналған ән-күйлерін нотаға түсіріп, әнші-күйшілерге үйрету арқылы халықтың рухын көтеріп, еңбекқорлық пен іскерліктің үлгісін көрсеткен еді. Жалпы кәсіби нотаға түсіру жолын көрсеткен алғашқы кәсіби композитор – А.Жұбанов. Ол алғаш нотаға түсірген Құрманғазы, Дәулеткерей күйлерін жүйеге келтіріп (ре-соль), оркестрге лайықтап жазған. Бертін келе қазақ күйлерін нотаға түсірумен айналысқан кәсіби композиторлар, домбырашылар өте көп. Олар Т.Мерғалиев, шертпе күйді алғаш рет Уәли Бекенов («Шертпе күй шеберлері», «Күй табиғаты»), жеке домбыраға шертпе күйді, оның ішінде Тәттімбет күйлерін алғаш рет нотаға түсірген Латиф Хамиди(Әбікен Хасеновтың орындауында). Бертін келе бұл жолға 1990 жылдары Абдулхамит Райымбергенов (Қазанғап күйлері), Айтжан Тоқтаған келді. Алтай Тарбағатай күйлерін алғаш нотаға түсірген Мұрат Әбуғазы.

Кейіннен көптеген нотаға түспеген күйлер табылды. Мысалы Маңғыстау өңірінде Серік Харесов Мұрат күйлерін жинап, нотаға түсіріп, кітап етіп шығарған. Күйші- дирижер Серік Харесовтың бұл еңбегі ерекші.

### **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қазақ аспаптық музыкасының қалыптасуы қиын және күрделі болды және көптеген ғасырларға созылды. Қазақ аспаптық музыкасының мың жылдық тарихы бар деп сеніммен айтуға болады. Мифология мен эпостың тигелінде дүниеге келген ұлттық аспаптық музыка және жалпы музыкалық мәдениет көптеген формациялар арқылы ғасырлар бойы жүріп өтті және өзінің қиын тәжірибесінің ең жақсысын сіңіре, өзінің заманауи формасын алды.

Әрбір ұлттың өз ерекшелігі болуы табиғи нәрсе. Қазақтың басқа ұлттардан ерекшелігі - тілі, күй өнері. Жер бегіндегі сан мыңдаған ұлттардан қазақ ұлтын осылар арқылы жазбай-ақ тануға болады.Қазақ күйлерін нотаға түсіру, күй өнеріндегі басты тақырыптардың бірі болып табылады. Себебі, күйдің негізгі түпнасқасын түсінікті әрі ыңғайлы етіп түсіру маңызды болып табылады. Затаевич ең алғаш ән-күйлерді нотаға түсірген кезде қандай интервал естіген соны жазған. Уақыт өте келе А.Жұбанов Ленинградтан кәсіби білім алып, қазақтың ән-күйлерін , домбыраның ре-соль жүйесіне келтіріп, кәсіби тұрғыда түсірді. Қазіргі таңда күйлерді нотаға түсіру аппликатура, группировка, өлшем жағын нақты бір ойнауға ыңғайлы жүйеге келтіріп түсіру жақсы деңгейге жетті. Оның бір мысалы Мұрат Әбуғазы. Мұрат Әбуғазы Алтай-Тарбағатай күйлерін, Сыр өңірі күйлерін өте ыңғайлы етіп нотаға түсіріп, өскелең ұрпаққа жеткізген. Әрине күй қандай да бір нақты өлшеммен орындалмайды, еркін түрде орындалады. Дегенмен ұрпақтан ұрпаққа жетуі үшін, түпнұсқаға жақын нұсқаларын нотаға түсіріп қалдыру, күй өнерінің ұмытылмауына негіз болады.

### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1.Қазақ әдебиеті 2005.- 19 тамыз(N 33).- 10-11 б.
- 2.А.Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» кітабы. Астана «Күлтегін» 2002 баспасы.
3. Маңғыстау энциклопедиясы, Алматы, 1997;
4. Жұбанов А.К. Ғасырлар тізбегі. - Алматы: КазГосИздат, 1958.



## ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ ТӨЛЕБАЕВА Нұрқұл Амангелдықызы

Тараз «Парасат» колледжі  
Тараз, Қазақстан  
nurgul79aaa@gmail.com

### АНДАТПА

Мақалада бастауыш білім берудің мазмұнын құрудың теориясы мен тәжірибесіне терең талдау жасалып, оны жаңартудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері қазіргі көзқарастар тұрғысынан қарастырылған.

**Негізгі сөздер:** парадигма, білім беру, жаңарту, функционалдық сауаттылық, дамыту, әлеуметтік тәжірибе, интеграция, құзыреттілік, стандарт, жеке тәжірибе.

Қоғамда туындап отырған жаңа экономикалық қатынастарға орай білім беруді реформалау мәселесі туындайды. Реформалауың басты мәселесі білім мазмұны толық жаңғырту жетілдіруді талап етеді. Ол білім беру стандарттарын, базалық оқу жоспарларын жасау және тәжірибеге енгізу арқылы жүзеге аспақ. Стандарттар барлық тұрпаттағы оқу құралдарының қай түріне жататынына қарамастан, кадр даярлаудың жоғары біліктілік сапаларын үйлесімді атқаруы тиіс. Бұл күнде өмір өлшеусіз өзгереді. Қазақ халқы өз еркін өз қолына алып, өз болашағы болып табылатын болашақ жастарды білі мен тәрбие ісіне көңіл бөліп, өзіндік бағыт ұстап, жасампаздық жолға меңзейтін әдістер ұсынуда.

Солардыңбірі:

- Өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншек тәрбиелеу.

- Оқушылардың санасына туған халқына деген патриоттық сезім ұялатып, ұлттық рухты сіңіру. Сондай – ақ тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, салт дәстүрін меңгерту.

- Әр оқушыны дара тұлға деп танып, олардың бойына үнемі оқып үйренсем деген ізденімпаздық қасиет дарыту, оларға өздігінен білімдерін толықтырып тереңдету тәсілдерін жаңа технологиялармен, әдіс тәсілдермен байланыстыра отырып дамыту.

Қоғамның өзгеруімен байланысты білім беру әдістері де білім көлемі де үнемі өзгеріп отырады. Ол білі беру заңдылықтарына байланысты өзгеріп дамып отырады. Біз ұстаздар қауымы қандай болмасын жаңалыққа құлақ түре жүретіміз айқын. Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық.

Оқушыға қалай оқу керектігін үйрету, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни ойлай алатын, пікір - көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыру.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер:

Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер «Диалог негізінде оқыту және оқу» және метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастырады. Білім беру әдістері ішінде ерекше орын алатыны - диалог. Диалог оқушылардың сөйлесу әрекетін, сұрақты дұрыс қоя білуде, ақпарат алмасуда, жалпы тіл үйренуде таптырмас жұмыс түрі. Әр түрлі тақырыпта диалог құрғызу мынадай нәтиже береді:

- \*сабақта белсенділік жоғарылайды;
- \*сөздерді есте сақтау қабілеті дамиды;
- \*дұрыс сөйлемдер құрауға дағдыланады;
- \*оқуға қызығушылықтары артады;

«Қалай оқу керектігін» үйретудің қозғаушы күші метатану болып табылады. Метатану индивид қалай ойлайтынын қадағалау, бағалау, бақылау және өзгерту қабілетін түсінеміз. Білім алуды үйрету өз бетімен оқуды ойластыру және ойлау нәтижелерін сабақта қолдана алу үдерісі болып табылады. Бұл үрдісінде мұғалім оқушыға:

- білім міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке ойлау үрдісін және олардың жұмыс қағидаттарын зерттеуге;





- міндеттерді орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты міндет үшін сәйкес келетін стратегияларды таңдауға көмектеседі.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не?

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту»

бағдарламасы бойынша ол:

- шындалған ойлау, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сын көзбен қарау;
- күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімге қабылдауға құштарлық;
- үйрету мен үйрену бірлігінен, үйренудің қызығушылығынан тұратын, үйренушінің сеніміне

негізделген құрылым.

«Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясын қолдану төмендегідей нәтиже береді:

- білім алушының белсенділігін арттыру;
- пәнге қызығушылығын ояту;
- өзіндік көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру;
- зерттеуге икемділігін дамыту;
- сөйлесім әрекеті белсенділігін арттыру;
- білім алушылар бір - бірімен қарым - қатынас жасай біледі;
- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға.

Жалпы, сыни тұрғыдан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақтар қойып дәлелдерді талдайды.

3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.

Бағалау — оқыту нәтижесін анықтау үшін қолданылатын тәсіл, оқушының берілген тақырыпты меңгерудегі кемшіліктерін жоюда, оның үлгерімінің нәтижелі болуына ықпал ететін фактор. мектеп тәжірибесіндегі бағалау баға қоюмен ғана шектелетін тәсіл емес, ол материалды меңгеру, меңгермеу фактісімен қатар оның себептерін анықтауға мүмкіндік беретін оқытудың маңызды құрамды бөлігі болып табылады. Бағалау оқыту үшін бағалау және оқытуды бағалау деп екіге бөлінеді. Формативті бағалау әр сабақта жүзеге асатын үрдіс. Формативті бағалау сабақ барысындағы барлық іс - әрекет бойынша оқушының білім, білік деңгейіне қоса дербес ойлауы, түсінігі, тіпті тәртібі т. б. бағаланады. Ал, сумативті бағалау немесе жиынтық бағалау оқушының белгілі бір кезеңдегі бақылаулар, білімді тексеру тестісі кезінде көрінетін білім деңгейінің өлшемі.

Жалпы, бағалаудың барлық түрлері төмендегілерді қамтиды:

Бақылау;

Алынған мәліметтердің интерпретациясы;

Бұдан арғы іс - әрекетті анықтау үшін қолданылуы мүмкін шешімдерді қорытындылау.

4. Білім беруде ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Ақпараттық - коммуникациялық технологияның тиімділігі - келешек ұрпақтың жан - жақты білім алуына, іскерлігі мен шығармашылығын еркін дамытуға жол ашатын педагогикалық - психологиялық жағдай жасауында.

Сондай - ақ, интерактивті тақта арқылы әр түрлі грамматикалық тапсырмаларды орындау, мәтіндермен, жаңа сөздермен түрлі жұмыстар жүргізуде, сөздерге талдау жасауға, уақытты үнемді пайдалануға, оқушылардың ынтасын арттыруға қажетті әрі пайдалы құрал. Әр түрлі тест тапсырмаларын жүргізіп, оқушылардың білім сапасын бақылауда да компьютерлік технологияның үлесі зор.

5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Дарындылық — адамның өз бейімділігі арқылы, шығармашылықпен жұмыс істеу арқылы қалыптасатын қасиет. Көбінесе “дарынды оқушы – бұл жақсы оқитын оқушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психологы П. Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесетінін анықтады. Оларға оқуда қиыншылық туғызбайтын, тәртіпті, ұйымшыл, білімді, тұрақты, ұғымтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын оқушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысатын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек оқушылар ұнамайды. П. Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер оқушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын оқушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстағаны жөн.

Дарынды оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты — олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету - оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушылардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.



“Көптеген табиғи талант дарынсыз ұстаздардың кесірінен жойылып кетеді. Олар дарынның табиғи құбылысына терең бойлай алмай, тұлпарды есекке айналдырып құртып тынады”.

Міне, ұстаз осындай келеңсіздікке жол бермеуі керек.

7. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.

8. Еш нәрсеге бейімділігі жоқ, қабілетсіз бала болмайтыны педагогикада дәлелденген.

9. Мысалы, төрт жасар балалар көп сұрақ қояды және «қайда», «не», «кім», «неге», «қашан» сияқты көптеген сұрақтар пайдаланады. Олар бес сөзден тұратын сөйлемді пайдалана алады және олардың 1500 сөзден тұратын сөздік қоры бар. Бес жасар балалар бағыныңқы бөліктері бар алты сөзден сөйлем құрай алады және 2000 сөз пайдаланады.. бірінші сынып оқушылары 6000 сөзге дейін пайдаланады, ал ересектер 25000 сөз пайдаланады және 50 000 сөз біледі.

Жалпы шәкірт бойына білім нәрін сіңіруде ең бастысы оқушының жас ерекшеліктерін ескеру қажет. Топтық жұмыс немесе диалог барысында оқушының жас ерекшелігін ескере отырып жұмыстану - бұл мұғалімнің жан - жақты ойластырылған шеберлігін қажет етеді.

7.Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Осы заманғы кез келген оқыту технологиясы оқу процесін ұйымдастыру кезеңінде технологияның бар мүмкіндіктерін үнемі шығармашылықпен пайдалану қажеттілігіне көңіл аударуда. Оқыту технологиясын оқыту процесін ұйымдастыру, басқару және бақылау деп түсіну керек. Осы орайда өз тәжірибемнің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін алдыма мынадай мақсат қойдым:

- заман талабына сай білімді, білікті, дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдыма қойған міндеттерім:

- жас ұрпақтың қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу.

Мұғалімнің көшбасшылық қабілеті ең бірінші сабаққа даярлықтан басталады, яғни, өтілетін сабақтың жоспарын құру, оны өткізу әдістемесі, оқушылардың қабілеттерін, жас ерекшеліктерін ескере отырып, иллюстрация, техникалық құралдарды, дидактикалық материалдарды пайдалану. Мұғалімнің осы шығармашылық әрекеті арқылы оқушының шығармашылық қабілеті қалыптасады. Ал, көшбасшылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы жүзеге асады. Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс.

### **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1/ Егемен Қазақстан № 131 (23255) 2015ж.

2/ Заманауи әлемдегі ғылым мен білім. Қарағанды - баспа 2016ж.

3/ Қазіргі заманғы ақпараттандырылған технологиялық білім. 1- том. 2014ж.

4/ Қазақстандағы білім беру жүйесі. Республикалық ғылыми- тәжірибелік журнал. № 114

### **ҰЛТТЫҚ ТЕАТР САХНАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ДРАМАТУРГИЯНЫҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ**

**ТҮРМАҒАНБЕТ Жансая Ерлікқызы, А.С.ЕРКЕБАЙ**

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы

Алматы, Қазақстан

tzhans@mail.ru, a.erkebaj@bk.ru

#### **Аңдатпа**

Мақалада бүгінгі қазақ сахнасындағы заманауи драматургияны сахналаудағы қоюдағы қазіргі режиссерлер ізденістері зерттелді. Соның ішінде, М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрындағы «Екеуміз» драмасы мен Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрындағы «Құпия» спектакльдерінің көркемдік шешімдерін саралай келе, қазақ драматургиясының жаңаша интерпретациясына назар салынады. Отандық режиссерлердің өзіндік ерекшелігі, спектакльдің көркемдік құндылығына басымдық беріліп, саралады. Аталған бағытта спектакль қоюда режиссерлердің театр өнерінің бүгінгі даму тенденциясын назарда ұстап, заманауи



театр формаларын игеруі қамтылады. Сонымен қатар, спектакльдерде тек режиссердің интерпретациялау шеберлігіне емес, роль орындаушылардың бейне жасаудағы ізденістеріне, режиссердің орындаушылармен жұмыс жасау тәсілдеріне ден қойылып, жалпы шығармашылық құрамның жұмысы талданады.

#### Аннотация

В статье исследованы режиссерские поиски постановки современной драматургии на казахской сцене. В частности, анализируя художественные решения спектаклей «Екеуіміз» в Казахском национальном драматическом театре им. М.Ауэзова и «Құпия» в Казахском государственном академическом театре для детей и юношества им.Г. Мусрепова, акцентируется внимание на новой интерпретации казахской драматургии. В данном направлении постановки новой казахской драматургии будет включать в себя освоение режиссерами современных театральных форм и сохранение современных тенденций развития театрального искусства. Кроме того, в спектаклях анализируется работа общего творческого состава, ориентируясь не только на инсценировочное мастерство режиссера, но и на поиск исполнителей роли в создании образа, приемы и методы работы режиссера с исполнителями.

Заманауи драматургияның театр репертуарында салтанат құруы қай кезеңдегі қай театрдың болмасын өзекті мәселелерінің бірі деп айта аламыз. Өйткені, бүгінгі драматургия – бүгінгі әлеуметтік өзекті проблемаларды көтеретін театр өнеріндегі ерекше құбылыс. «Бүгінгі пьесалардың тақырыптары мен ондағы жаңалықтарды сөз еткенде алдымен кездесетін нәрсе – қазіргі күнге тән кейіпкер мен оның басынан кешкен тосын оқиғалар, бұрын кездеспеген жайттардың шығуы» [1, 103 б.]. Қазіргі қазақ театрының даму үдерісінде белсенді дамып жатқан сала – драматургия деп сенімді айта алмасaq та, жоғарыдағы аталған құбылыстың аясында ұлттық сахна өнерімізде сәтті қадамдардың жасалып жатқанын мойындауымыз керек. Ұлттық театрымыздың сахнасында заманауи драмалық шығармалардың келбетін бүгінде республикамыздың екі үздік театрындағы спектакльдер негізінде талдауға тырысайық.

М.Әуезов атындағы қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының сахнасында 2021 жылы ақпан айының 7-20 аралығында төрт бірдей спектакльдің тұсауы кесіліп, театрсүйер қауымды бір қуантқаны сөзсіз. Қазақ театрларының ішінде алғашқы болып премьераларды бірден топтама етіп ұсынған ұжымның еңбегі орасан. «Екеуіміз» (О.Жанайдаров, реж: Н.Дубс), «Оң қол» (Т.Әбдік, реж: А.Шарипов), «Барымен базар» (Т.Нұрмағанбетов, реж: Н.Жұманиязов), «Туған күн» (Б.Қажынабиева, реж: Е.Қарибаев) секілді спектакльдер бірінен соң бірі ұсынылып, көрермендерді бір елең еткізгені рас. Дей тұрғанмен, қойылымдардың бірі көркемдік сапасы, тұтастығы, режиссурасы тұрғысынан тәнті етіп жатса, келесілері көңіл көншітпей жатқанын жасырмақ емеспіз. Премьералар шеруін бастаған – режиссер Наталья Дубс сахналаған драматург Олжас Жанайдаровтың «Екеуіміз» драмасы хақында бірер сөз болсын.

Бұл спектакль, расында, ұлттық театр қоржынындағы қойылымдар ішінде көркемдік деңгейін көрсеткен жақсы спектакльдер қатарын толықтырды (жіпке тізердей олар да көп емес еді). Рас, көңіліміз тасығаннан гөрі, семіп қайтатын спектакльдер аз емес қазақ театрында. Бұл жолы көзайым болуымызға сеп болған жақсы материалдың жақсы режиссер оқылымында жас артистердің талабын көрсеткен еңбек жемісі деп білдік.

2009 жылы жазылған ресейлік кандасымыз драматург Олжас Жанайдаровтың «Двое в кафе» пьесасын тиянақты, кәсіби, шебер оқылымында ұсынған режиссер Наталья Дубстың қолтаңбасы сахналық тың интерпретация, өзгеше шешімдерден де, актерлердің ойын өрнегінде де менмұндалап тұрды.

Рас, біраз режиссер ұғымында «Ромео мен Джульеттаны» қою қажет болса, міндетті түрде сахна төрінде балкон болуы шарт деген тар түсінік бар-ау. Оны қоймаса, құдды спектакльдің «сверхзадачасы» орындалмай қалатындай көрінуі мүмкін деп ойлайтын болуы керек. Олай емес екеніне театр тарихында өзіндік дара ізденісі, есімі қалған небір новаторлар, революционерлер көз жеткізген. Наталья Дубс есімі де еліміздегі театрал қауым арасында таңсық емес.

Төрт кейіпкер – он актер. Кафе емес, орындықтар. Кез келген ұсынылған тосын жағдайға (предлагаемые обстоятельства) қызмет етуші солар. Картиналар ауысқан сайын нақты «сауатты» мизансценаға құрылған әрекеттер, орындықтардың мінсіз қалып ауыстыруының өзі спектакльдің тиянақты, мәнерлі, кәсіби деңгейде жасалғанының айғағы. Оқиғаға әр беріп, сахналар арасын байланыстырған, қойылымның темпоритмін тізгіндеген ырғақты музыка. Кейіпкерлердің ішкі күйзелісін көрсеткен үйлесімді пластика. Осылардың барлығы драматургиядан алшақ кетпей, кем қалмай, тұтастай гармония жасағаны қандай ғажап.



Пьесадағыдай оң жақ есік, сол жақ есік, сырттағы жаңбыр дыбысы, суы тамшылаған қолшатыр, каппутино, даяшы қыз жоқ болса да, режиссер материал дәнін өз қиялына егіп, оған жоғарыда аталған «ингредиенттерін» және қосып, күткен жемісін алды деп білеміз.

Көп орындықтың ортаңғы біреуінде ұзын бойлы, шашы бұйра, қолына кітап ұстап отырған жас жігіттің (актер Әділет Базарбай) жанына әлдекімге өкпелі екенін жасыра алмаған сұлу әйел (актриса Ажарлым Бақытжанова) келгенінен оқиға бастау алады. Бұл – Саша. Катяның күйеуіне артқан өкпесіне қалыпты көзқарас танытып, жағдай онсыз да белгілі болғанына қарамастан: «Анық-қанығын өзінен сұрап білмейсіз бе?» дегенінен әр нәрсеге байыппен қарап, ақылмен саралайтын жігіт екеніне көз жеткіземіз. Кездескен адамына бірден ашыла қоймайтыны да «басқа жерге отырайын» деп, әңгімесін айтып, темекісін бұрқыратқан (пьеса бойынша) әйелден бойын аулақ ұстауға тырысқанынан көрініп тұр.

Екеуі жақын отырмаса да, репликаларынан кафедегі бір столға жайғасқанын түсіну қиын емес еді. Дей тұрғанмен, «не істеп отыр екеуі?» деген күбір-күбір көрермен комментарийі, ауық-ауық «ештеңе түсінген жоқпын, мынау қайсысының әйелі еді, мынау қыз кім» деген мұқиятсыздығын танытқан сөздері құлағыңа келгенде, «шайнап ауызға салып бергенге» бой үйреткен қазақ көрерменінің басым бөлігі әлі күнге осындай тәсілдерді «айды аспанға шығару» деп қабылдағанын қашан қояр екен деген ой жылт етеді екен басыңда. Жә, ол өзі бір шегі жоқ, таң атырып, кеш батыратын, біз, театртанушылар айтып, жаза беруден жалықпайтын театр айналасындағы мың мәселенің біреуі ғана ғой.

Әрі қарай Алексей бейнесін құзырына алған актер Қуаныш Бейсеғалиев кейіпкер бітіміне өзгеше өң бере білді. Сүйіктісіне (сүйіктісі емес-ау, өзі солай ойлап жүрген қызына) «пупсик» атанған бұл Алексей тек бір қыз емес, жалпы пенде баласының көңілін жыққысы келмейтін, өзінен бұрын өзгенің «комфортын» биік қоятын көнбіс адам. Бірақ, ренжисе, қырсықтау мінезін жасырмайды. Сүйікті композиторының атын Лена дұрыс айтпағаны үшін қызылкенірдек болуға бар. Ал, үшінші Алексейді сомдаған актер Нұрғиса Қуанышбай Катяға қалай ғашық болып, сүйіктісіне қалайша опасыздық жасағанын онша аңдамай қалған, ақылға бағынбайтын сезімнің адамын келісті сомдады. Ғашық екенмін деп, Ромео болып кетпей, «алексейлік» болмысты ол да берік ұстаған.

Дүниеде ең терең, жұмбақ болмыс – адам жанына үңілуге тырысқан режиссер бір Алексейдің үш түрлі қырын, мінезін үш актерге бергені, сәйкесінше үшеуі бір бейнені үш түрлі бояумен суреттегені қызықты шешілген. Сол секілді Саша да театрдың жас артистері Азат Тұрарбеков, Ғалымбек Оспанов, Ришат Журунбайлардың кескіндеуімен ұтымды жасалған.

«Әйел логикасын логикаға сыйдыру мүмкін емес» деген бар ғой. Сезімнен талғамды биік қойған Алексей де Катяның қылығын түсінбей әлек. Күйеуін метрода бір қызбен қол ұстасып отырғанын көрсе де, оны бетіне баспақ түгілі, ләм-мим деп тіс жармайтын, іштей тынатын, күйеуінен бала сүйе алмайтынын біле тұра, оны қоя бергенде, қанша тепкісін көріп келсе де, сол күйеуден бас тартпайтын – әйел. Жанын түсініп, жылы сөз айтқанға еритін де, бағалайтын адам барын сезініп, соның құшағына енуге дайын тұратын да – әйел. Актриса Ажарлым Бақытжанқызы мен Мадина Келгенбай Катяның үйдегі және түздегі осынау екі мінезін өзара бөліскен. Ажарлым Бақытжанқызының Ленасы алғашқы сахнадан-ақ ашық, тікмінез екенінен хабар берсе, Мадина Келгенбайдың Ленасы күйеуінің қасында мүлде басқаша.

Әйел мен күйеуінің арасындағы проблемалар, конфликт, екеуара түсінбестік, күш көрсету – барлығы театр тілінде шешімін тапқан. Мәселен, Сашаның орындығына келіп жайғасқан сәтте Ленаға орынның жетпей қалуы, бүгінде (бәлкім, барлық замандағы) әйелдің қоғамдағы орнын, оған деген қарым-қатынасты төрт актердің актрисаны бір-біріне лақтыра ойнауымен берілгені, күйеуінің қол көтергенін тікелей емес, орындықтарды сахнаның түп жағына үсті-үстіне лақтыруымен көрсетуі соның дәлелі.

Өзін сүймеген адамға өзін арнауға дайын тұратын, иттік жасаса да, сол адамды кешіруге дайын тұратын да – әйел. Ол – Лена. Лена бейнесі де қос актриса Әсел Сайлауова мен Захира Рақымжан ойынында ерекше леп берді. Алғашқысы Ленаның қылықты келбетін, Алексейдің құшағында жадырап сала беретін бойжеткенді көрсетсе, екінші Ленаны ойнаған актриса Захира Рақымжан Алексейдің таным-түсінігіне мүлдем қарама-қайшы, талғамы аса жоғары емес, жалпы, бүгінгі күндегі арзан қызығушылықтарға, құр жылтыраққа әуестенген қыз баласын шебер көрсеткен. Екінші нұсқадағы Ленаның жын ұрғандай секеңдеуі, әр сөзге тоқтап ойланғысы келмейтіндігі, саналы адамға тұрпайы көрінген әрекеттері типтік образ жасауда гротескілік сипат беруімен ақтаулы деп білеміз. Дәл солай асыра сілтеушілік осы жерге сұранып та тұрғандай.

Әр адамның өз шындығы бар. Ақиқат – жұмбақ. Режиссер оқиғаны әр кейіпкер жанынан қарастырып, әрқайсысының айтары бар екенін жеткізген. Кейіпкерлердің авансценаның екі жағына кезек-кезек келіп, өз монологтарын оқығаны «Семейные драмы» секілді телебағдарламалар стилін еске





салады. Бұл мәтінер пьесада монолог ретінде жазылмаған да. Кейбірі кейіпкерлер арасындағы қысқа диалогтардан алынып, енді бірі шығармашылық құрамның өздері қосқан сөздер. Орындаушылар құдды біреуге ішкі сырын ақтарғандай, ешқандай пафоссыз, арасында импровизациясы тұздық болған әңгімесін айтады.

Сахнадағы он артист өздеріне берілген рольдерін кезегі келгенде ойнап отырып, қажет тұсында хормен кейіпкерлердің негізгі ойларын жеткізіп отырды. Мысалы, Ленаның қоймастан сұрағанына хордың жалынышты тонмен: «Айтшы!» дегені, «Саған ұнайтын нәрсенің бәрі оған ұнамайды», «Джузеппе!», сондай-ақ, Алексейдің өз-өзінен қашқанын көпшілік сахнадағылардың актерді қуып жүріп, қолын қайырып қыздың алдына әкелуімен көрсеткені де қызықты шешімдердің бірі болды.

Қойылымның сәтті шығуында режиссердің үлесі басым екені оның суреткерлік қолтаңбасынан тайға таңба басқандай білініп тұрды. Сонымен қатар, әкемтеатр актерлерінің жаңа қырын ашып, оларға шығармашылық леп бергені де анық сезіліп отырды. Осы тұрғыда: «Актеры обнаружили в себе совершенно непривычные ассоциации, оригинальные метафоры, что направило их поиски к новой стилистике, к новому театральному мышлению»[2, 23 б.], – дейді театртанушы С.Кабдиева. Сәйкесінше, Наталья Дубстың ұлттық театрда өткен аз уақыт болса да тәжірибесінің театр артистеріне ерекше дем бергені, актерлердің бұрынғыдан өзге басқа мектеп көргеніне бек қуаныштымыз. Артистердің көздеріне от ойнатып, жалын беретін, жаңа серпін сыйлайтын тағы да – режиссер екенін дәлелдегендей.

Вердидің аты кім? Оның Джузеппе екенін анық біліп отырған көрермен аз болса да, спектакль өз миссиясын орындады.

Отандық жас режиссерлер тарапынан заманауи драматургияны сахналауға деген құмарлық артып келе жатқаны көңіл көншітетін жағдай. «Қазіргі қазақ театры – ізденіс пен тәжірибе кеңістігіне айналды. Түрлі көркем парадокстар, авангардтық шешімдер төбе көрсетіп, елең еткізіп жатқан жайы бар» [3, 173 б.], – деген театртанушы А.Еркебайдың сөзіне толық қосыламыз. Еліміздегі жас театр қайраткерлері спектакль тудыру барысында қоянқолтық жұмыс істеп, пікір мен тәжірибе алмасып жататындығы, расымен, уантарлық жайт.

Кешегі драматургтер пьеса мәтінінің бір сөзін өзгертуге тыйым саларлықтай болса, қазіргілері төл шығармаларын режиссер икеміне өзгертуге ықтиярын берген. Расында сахна өнерінде осы аталған екіжақты келісім салтанат құрған кезде біртұтас дүние пайда болады. Солардың бір мысалы ретінде «Айтуға болмайтын» құпия тақырып төңірегінде пьеса жазған драматург Жәнібек Әлікен мен оны жанаша формада сахналаған режиссер Ерлан Кәрібаевтың ой тоғысынан туған спектакльді айта аламыз. Әңгімеміз F.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында сахналанған «Құпия» драмасы жайында болмақ.

«Ғалым да, шахтер де бас иетін, Ұстаздар, бар еді қасиетің...» Атақты әннің қазіргі баламасы, біз қаламасақ та, солай. Бұрын балалардан: «Өскенде кім боласың?» деп сұрағанда, «ғарышкер болам» дегендер де болды, әрине, бірақ негізгі басым жауап я «мұғалім», я «дәрігер» деген нұсқалар болатын. Бұл деген сөз, адамзатқа беріле қызмет етер ұстаз атты мамандық иесінің қадірінің жоғары екендігін білдірмек. Қазір ше? Қазір құндылықтар жарыса құлдырап бара жатқан заман көкжиегінде, өкінішке қарай, бәрі өзгерді. Олар бұрын «бір Аллаға сыйынып, кел, балалар, оқылық», десе, бүгін... Бүгін – құпия. «Құпияда» осы құпияларды ашуға драматург пен режиссер барынша тырысады.

Театр – биік өнер, театр – сұлулық, театр – эстетика деп жатамыз. Алайда, ол дегеніміз халыққа тек жылтырақ дүниені көрсетіп, қуанта беру емес. Осы тұста неміс режиссері Михаэль Тальхаймердің: «Егер қоғамда жара болып жатса, оны театр емдеуге, не бәрі жақсы болады деп сендіруге тиісті емес, театр сол жақты саусағымен нұсқап көрсетуі керек. Сонда ғана қоғам алдындағы парызы өтеледі» деген сөзі тілге тиек болады. «Құпия» драмасы да құдды дәл осы сөзді ту етіп, қадамын алшаң басқанға ұқсайды. Астарлы ойларды меңзейтін түрлі режиссерлік шешімдер соның дәлелі.

Спектакльдің толыққанды пісіп жетіліп, көрерменге қорек боп баруы үшін оның сахналық дайындығын, ондағы атқарылған кәсіби ізденістерді ғана қарастыру дұрыс емес. Тақырыптың өзектілігі мен драматургияның құнарлылығы бұл ретте маңызды роль атқарады. Ал бұл спектакльдің драматургиясы, өкінішке қарай, анау айтқандай жоғары деңгейде емес. Тіпті, мұны нысанаға алған режиссердің өзі классикалық дайындық үлгісіндегі үстел үсті оқылым кезеңінен өтпегенін айтады. Қолына материалды алғаннан кейін актерлерге рольдерін бөліп берген соң, бірден сахнадағы этюд, тренингтерден бастаған. Жалпы, Е.Кәрібаевтың педагогтық методикасында да, режиссерлік шығармашылығында да барлық режиссерге тән «жүйемен» жүру ережесі сақталмайтынын білеміз. «Жүйелердің» атасы, сахна өнерінің әліпбиін жасаған – Станиславский мектебінен бастау алып, өз алдына дараланған М.Чехов әдістемесінің үлгісіне жақын. Көпсөзділіктен арылу, ішкі түйсікпен жұмыс істеу, сахналық серіктестікті көзбен байланыстыру секілді белгілермен ерекшеленетін бағытты ұстанған Е.Кәрібаев бұл жұмысында да өз позициясынан жаңылған жоқ. Жаңашылдыққа ұмтылған



режиссердің шығармашылығында қоғам шындығы мен жоғалып бара жатқан адами қасиеттердің өлшемі туралы айтылатын осымен екінші спектакль. Бұған дейін «Ол» моноспектаклімен көптің назарын жаулап, көңілінен шыққан режиссер шығармашылық ізденісін осы жолы да арттыра түскен. Әлқисса, «Құпия» спектаклінің композициясына оралалық.

Сахнаны айнала жеті есік тұр. Спектакль бойы әр оқиғада бірінен шығып, біріне кіреді кейіпкерлер. Біреуге жабылған есік, біреуге ашық. Біреу кіре алмайтын есікке басқасы оп-оңай кіреді. Есікті қақпай ашатындар бар... Өмірдің нақ өзіндей. Бағытсыз, сүреңсіз уақытқа бағынған кеңістік. Қайталанған және қайталана беретін цикл. «Режиссердің диалектикалық танымы өнерді өмірмен шендестіре сараптап, бүгін мен болашаққа қатысты терең философиялық тұжырымдар жасайды», [4, б], – деп театртанушы Б.Нұрпейіс айтпақшы, осының бәрін актерлік техниканың темпоритмі арқылы шебер жеткізген режиссер Е.Кәрібаевты және синхрондылықты бұзбаған әртістер шеберлігін айтпай кету әбестік болар. Сондай-ақ, спектакльді ұзынсонар мәтіндердің орнын басқан би қимылдарымен әрлеген балетмейстерлер – Альфия Ембергенова мен Әділет Тәменовтің жасаған жұмыстары тайға таңба басқандай көрініп тұр. Актерлік құрамның жаппай жастардан құралғандығынан болар, спектакльден батылдық пен жалынның лебі еседі. Тақырыптың өзі «айқайлап» тұрғанынан ба, режиссердің олармен тікелей жұмыс жасағанының нәтижесінен бе, актерлердің ішкі беріктігі бек байқалады. Кей қойылымдарда режиссер белгілеп берген мизансценаны орындап жүрсе де, көздерінде спектакль идеясына қатысты ешқандай ой көрінбейтін әртістерді кездестіретініміз бар. Олардың ішінде жасы да, аға буыны да табылады. Ал, «Құпияда» барлық актердің көздерінде көрерменге түсіндіргісі келетін ой жатқандай. Оны сахналық қимылдарымен де келісті жасаған. Мәселен, күннен-күнге бюрократияға бас ұрып бара жатқан заманымыздағы құндылық тек бағалы-бағасыз қағаздармен ғана өлшеніп бара жатқанын, олардың сенім мен сезімнің салмағын еңсеріп бара жатқан өміріміздің көрінісін айнытпай көрсетуге тырысқан.

Иә, шектен тыс қағазбастылықты әртүрлі қимыл өрнектерімен жеткізетін спектакльде мұғалім – саналы ұрпақ даярлаушы құрметті тұлға емес, ақылы бөлімде оқитын студенттің оқу ақысына күн көретін мекеме басшылығының құлы екенін меңзейді. Біз оны директордан басқа барлық мұғалімнің басында тұрған құлыптаулы бұғаумен жасалған символикалық белгіден оңай түсінеміз. Оның кілтін табуға, бұғаудан құтылмаққа асыққанымен, бір кірген лабиринттен құтылу екіталай екенін түсінген кейіпкерлер амалсыз көндігеді. Сана мен рухқа тұсау салған билікке қарсы келе алмай, шарасыз күйде қалған «мәртебелі ұстаз» атаулысына деген аяныш оянатыны өтірік емес.

Спектакль бір ғана проблеманың айналасында қалмаған. Бүгінгі күні ел ертеңіне алаңдар адамның күресіп келе жатқан бірқатар тақырыптарды қамтыған. Тіл тағдыры, ұрпақ санасы, билік басындағылардың астыртын саясаты, түптеп келгенде, адамның рухани азаттығы, бәрі-бәрі. Бұрын «баламның еті сенікі, сүйегі менікі» дейтін қазақ, бүгінде мектеп мұғалімдерінің нұқып-түйгені былай тұрсын, ескерту жасап, сөгіс жариялағанына да қарсы екенін ашық көрсетеді. Спектакльде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім Арман мен «қазақ тіліне түкіргенім бар!» деп есірген байдың баласы Руслан арасында болған қақтығыста намыстан өртенген мұғалім тәрбиесіз студенттің жағасынан еріксіз шап берген кезінде өзге студенттер қолдарына телефондарын алып, суретке түсіріп жататын сахнасынан да «әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ» бетімен кеткен ұрпақтың келе жатқанын көріп, налиссың.

Жалпы, қайсыбір спектакль болмасын, өз көрерменін табары хақ. Әйткенмен, қай ғасырда да жоғары құндылыққа ие театр өнерінің көрерменін көбейту, еселеу қажеттілігі біздің елімізде аса маңыздылыққа ие деп білеміз. Сол үшін де театр тарапынан көрерменді, әсіресе жас толқынды еліктіретін туындылар саны көбейсе, қуаныш. Айталық, үш сағат бойы іш пыстыратын тарихи драманы даңғарадай театрда зерігіп көретін оқушының қайта айналып өз еркімен театр есігіне кірмесі анық. Бұл дегеніміз, тарихи туындылардың сұранысы төмен не мүлде қажеті жоқ деген сөз емес. Тек оны бүгінгі ҒТР жетістіктерін пайдалана отыра жасай білмек абзал. Елбасымыздың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында да бұл тақырып орынды көтерілген. Сол үшін де жаһандық театр үдерісіндегі елеулі жаңалықтарды төл өнерімізге енгізгенде тұрған әбестік жоқ. Керісінше, бұл әдістен ұтарымыз мол. Мәселен, осы спектакльде де ұзынсонар мәтіннің орнына «Step» биі арқылы кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты анытпай көрсеткен режиссер Е.Кәрібаев жемісті нәтижеге қол жеткізді. Сондай-ақ, би арқылы, кеңістікті толтырып кезу арқылы, өзге де ым-ишараға толы қимылдар мен бір-екі ауыз репликалар арқылы біз күнделікті өмірде жиі еститін үлкен проблемаларды көтеретін шағым-монологтардың жиынтығын жасай білген.

Әйткенмен, «біткен іске сыншы көп» демекші, қандай өнер туындысы болмасын, кемшіліксіз болуы мүмкін емес. Спектакль барысында жіберілген қателіктер мен көзге түрпідей тиетін әрекеттер де болды. Кейіпкерлердің кей қимылдары режиссер айтқысы келген ойдың бейнесі болғанымен, көрермендердің бірқатарына түсініксіз көрінгендіктен, спектакль бірізділігінен айрылып қалды деген



ойға әкелуі мүмкін. Физикалық қимылдармен шешілген сахналардың бәрі оңай оқылмайды. Арман мен Мақпал арасындағы ғашықтық сахналарының созылыңқы болып кетуі, айналымдардың қайталана беруі сияқты бірді-екілі кемшіліктер орын алып жатты. Премьерасы алты ай бұрын ғана болған спектакль уақыт өте ысыла түседі деген сенімдеміз.

Спектакль соңында «Осының бәріне кім кінәлі?» деген ұлы сұрақ қойылады. Оның жауабы іштей сол жердегі көрерменнің бәріне аян. Сыр – бәрімізге ортақ. Сонда да, «Тыныш, ешкім естіп қоймасын» деген ишарат білдіреді сахнадағылар. Драматургиясы әлсіздеу болған пьесаның идеясының негізінде авторлық спектакль жасай білген жас режиссердің бағындырар белесі алда деп білеміз.

Біз визуалды өмірімізден тыс әдемі режиссерлік шешімдер арқылы жасалатын және ерекше қиял иелерінің пайымдауынан туындайтын сұлбалар мен олардың психологиялық өмірінің сипаттау әдісін көп жағдайда бейнелеу өнерінің абстракциялы туындыларынан, әлемдік кинематографияның жетістіктерінен, не абсурдты әдеби шығармалардан ғана іздейміз және табамыз. Ал, бұқара халықтың театрда белең алып жатқан бүгінгі процесске аса қызығушылық таныта қоймайтыны бар, өкінішке орай. Әрине, театрға жиі болмаса да барып тұруға, өркениеттен қалыспауға тырысатын халық екеніміз рас. Әйткенмен, ондағы жаңа бетбұрыс пен «аһ» дегіздер көріністердің куәгері бола бермейтінімізді де мойындағанмыз жөн. Театр сыншысы Ә.Сығайдың: «Заман өзгеріп, ұрпақ жаңарған сайын өмір, орта, дәуір мәселелері барынша күрделеніп келеді. Демек, қазіргі қазақ драматургиясы да сондай тапшылық хал-күйлерінен арыла алмай келеді» [5, 4 б.], – деген сөзі әлі де болса өзектілігін жоғалтпағанына бүгінгі спектакльдеріміз көз жеткізіп келеді. Бұл олқылықтардың орнын жас, жігерлі, жалынды драматург, режиссерлер тізбегі толтыраына күмәніміз жоқ.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Рухани жаңғыру идеясын жүзеге асырудағы көркем әдебиеттің ресурстық әлеуеті: Ұжымдық монография. - Алматы: «Press Co», 2020. - 320 б.
2. Кабдиева С. «Казахский театр накануне перемен» // Современное искусство Казахстана: проблемы и поиски. / Сост. С. Кабдиева, Н. Ярмухамедова. Ответ. редактор С. Кабдиева. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. – 248 с.
3. Еркебай А.С. «Қазіргі режиссерлердің ізденістеріндегі жаңашылдық» // «Қазіргі сахналық және экрандық өнердегі ұлттық құндылықтардың трансформациялануы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдар жинағы. – Алматы: Print Express баспасы, 2021. – 424 б.
4. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен даму кезеңдері (1915-2005): Монография. – Алматы: «Қаратаң КБ» ЖШС, «Дәстүр», 2014. – 520 б.
5. Сығай Ә. Ой төрінде – театр. – Алматы, «ҚазАқпарат», 2008. – 330 б.

### **ЖАТАҚХАНА ҚАБЫРҒАСЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**УСЕНОВА Анар Увалихановна, АУЕСХАН Даулетберди**

Өскемен қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі

Өскемен, Қазақстан

usenova\_a@ukk.nis.edu.kz, daco\_11@mail.ru

#### **Аңдатпа**

Мақалада мектеп жатақханасының тәрбие жұмысын заман талабына сай тиімді ұйымдастыру жолдары сараланады. Тәрбие бағыттары бойынша жатақхана қабырғасында нақты атқарылып жатқан жұмыстар, жобалар мен ұйымдастырылған іс-шаралардың оқушы күзiреттiлiгiн дамытудағы тиiмдiлiк дәрежесі талданады. Сондай-ақ тәрбие жұмысын ұйымдастырудың нәтижелiлiгiн арттыру жолдары ұсынылады.

#### **Аннотация**

В статье выделены эффективные способы организации воспитательной работы школьного общежития в соответствии с современными требованиями. Анализируется степень эффективности собственно работ, проектов и организованных мероприятий в развитии компетентности студентов по образовательным направлениям. Также предложены пути повышения эффективности организации воспитательной работы.

#### **Annotation**

In the article, effective ways of organizing the educational work of the school dormitory in accordance with modern requirements are distinguished. The degree of effectiveness of the actual works, projects and



organized activities in the development of student competence in the educational areas is analyzed. Ways to increase the effectiveness of the organization of educational work are also suggested.

Жатақхана – білім алушылардың ортақ шаңырағы. Онда еліміздің, облысымыздың түкпір-түкпірінен келген білім қуған зияткер оқушылар бір үйдің баласындай тату-тәтті тұрып жатыр. Сол жатақханада жайлы ортаны қалыптастыру, тәрбиеленушілердің білім сапасына жақсы ықпал ету ісі жатақхана жұмысын тиімді ұйымдастыра білумен тығыз байланысты. Еліміздегі Зияткерлік мектептердің басты ерекшеліктерінің бірі – оқушылардың өмірі мен қауіпсіздігінің жоғары нормаларына жауап беретін заманауи, жайлы жатақханалар. Жатақхана жұмысын ұйымдастыру бойынша Назарбаев Зияткерлік мектептері еліміздегі ең үлгілі білім ошағы саналады.

Зияткерлік мектептер миссиясы – еліміздің зияткерлік әлеуетін арттыру. Елдің зияткерлік әлеуеті білімді, тәрбиелі, дені сау балалардың, жастардың молаюымен артады. Аталған үш бағытты бірдей ұстана отырып жас буынға білім берудің бірегей жобасы НЗМ-да қалыптасқан. Атақты ойшыл, дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің екінші ұстазы Әбу Насыр әл Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен [1, 186 б.]. Біз бұл цитата арқылы білімнің маңызын жоққа шығарғалы отырған жоқпыз. Керісінше тәрбиенің маңыздылығын барынша түсіндіргіміз келеді. Расымен де тәрбие жұмысы мектеп қабырғасында білім беру ісімен қанаттас, қатарлас жүріп отыруы керек. Тәрбиені бірінші ата-ана, екінші мектеп береді. Ал ата-аналарынан жырақта, жатақхана қабырғасында білім алып жатқан балалар үшін тәрбиені сол жатақхана ұжымы, тәрбиешілері береді.

Назарбаев Зияткерлік мектептері тәрбие жұмысын ұйымдастыруда мемлекеттік маңызы бар құжаттарда айқындалып, педагогикада кең арна салған төмендегі бағыттарды бірнеше бағыттарды қамтиды. Олар:

1. Патриоттық тәрбие
2. Зияткерлік даму тәрбиесі
3. Дене және психологиялық даму тәрбиесі
4. Адамгершілік тәрбие
5. Алуан мәдениетті даму тәрбиесі
6. Көшбасшылық қасиеттерді дамыту тәрбиесі
7. Көркем-эстетикалық даму тәрбиесі

Мұндағы «Патриоттық» тәрбиенің мақсаты – оқушыларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, ұлттық сана-сезімге, патриотизмге, әлеуметтік құндылықтарға, азаматтыққа баулу болса, «Зияткерлік даму» тәрбиесі оқушылардың ұтымды ойлауын дамыту, қоршаған ортада өзінің зияткерлік біліктіліктерін тиімді қолдана білу мақсатында жүзеге асырылады. Ал «Дене және психологиялық даму» тәрбиесі оқушыларды салауатты өмір сүре білуге, адамзат өміріне қауіп төндіріп отырған қатерлі дерттерден сақ болуға, одан қорғана білуге, қоғамға, адам ағзасына зиянды заттардың теріс әсері туралы түсінік беру, физикалық және психологиялық дамуын қалыптастыруға дағдыландырады.

«Адамгершілік» тәрбие арқылы оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялатып, адамдық асыл қасиеттерді игерулеріне ықпал етеміз. «Алуан мәдениетті даму» тәрбиесі – мемлекеттік тілді және басқа тілдерді үйрену арқылы балалар мен жастардың әлем және ұлттық мәдениетті игерулеріне, Қазақстан халықтарының дәстүрлері мен мәдениетін зерттеуіне және қабылдауына жағдай жасауды көздесе, «Көшбасшылық қасиеттерді дамыту» тәрбиесінің негізгі мақсаты – жеке тұлғаның өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі мен ары қарай дамуына ықпал етуде білім беру ұйымдары жағдайында жастар мен балалардың танымдық қызығушылығын, олардың шығармашылық қабілеттерін, жалпы білімге икемділігін, өзін-өзі тану мен өздігінен білім алу дағдыларын, әлеуметтенуін барынша дамыту бейімділігін қалыптастыруға бағытталады. Сондай-ақ «Көркем-эстетикалық даму» тәрбиесі арқылы қоршаған дүниенің, оқушылардың жан дүниесінің сұлу болуына ықпал жасай отырып, өнер мен болмыстағы асқан әдемілікті дұрыс түсіну және қабылдау қабілеті, эстетикалық сезім, ой-пікір мен талғамды тәрбиелейміз.

Аталған тәрбие бағыттарын негізге ала отырып жатақхана тәрбие жұмысының жоспары жасалады. Онда түрлі жобалар, іс-шаралар, акциялар, тәрбие сағаттары, кездесулер мен тренингтер енеді. Солардың арасынан бірнешеуіне тоқтала кетуді жөн көрдік. Олардың алғашқысы – «БауырсақPARTY». Бұл жатақхана тәрбиеленушілері үшін бірегей шара болды. Бұл барша жатақхана ұжымының бірлескен іс-әрекеті негізінде жүзеге асты. Шараны жоспарлаудағы мақсат – оқушыларға өз үйлеріндегідей жайлы сезім сыйлау, оларды еңбекке баулу. Кезінде жазушы Әзілхан Нұршайықов: «Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады» деген болатын [2, 76 б.]. Сол мақсатқа жету жолында алдымызға бірнеше мақсаттар қойдық. Олардың қатарында қыз балалар үшін қамыр илеу, ашыту, жаю амалдарын меңгеру тұрса,





ұлдар үшін отын дайындау, ашық аспан астында от жағу, самаурын қайнату сияқты міндеттер тұрды. Жатақхана үшін әрқашан басты орында тұратын балалардың қауіпсіздігін тәрбиешілер мен медицина қызметкерлері қадағалады. Балалар өздерінің қатысуымен пысырылған ыстық бауырсақтан жеп, самаурынның ыстық шайынан ішіп, мектеп ауласында арқан тартысып, шаңғымен сырғанап, бір кештерін думанды, көңілді өткізді. Осындай айтулы іс-шараға қатысу арқылы жатақхана тәрбиеленушілері өмірге икемділік дағдыларын игеріп, дене және психологиялық даму тәрбиесінің негізгі мақсатына жетті деп айтуымызға болады.

Кез-келген адам үнемі қайталана беретін бірсарынды әрекеттен жалығып кетеді. Әсіресе балалар ерекше бір дүниін күтеді. Жаңа оқу тоқсанының басында балаларда оқу жүктемесі азырақ кезде осындай бір тәрбиелік шаралармен оқушы ойын сергіту оның оқу нәтижесінің жақсаруына оң әсер ететіні сөзсіз.

Біз жоғарыда айттық, тағы да қайталаймыз, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің миссиясы – мектеп қауымдастығының зияткерлік әлеуетін арттыру арқылы қазіргі қоғамның жаһандық мәселелеріне дайын болу. Мұндағы мектеп қауымдастығы дегеніміз – ата-ана, ұстаздар мен оқушылар. Мектеп тек ғана оқушылардың білімін артыруды көздемейді. Тиісінше мұғалімдер мен ата-аналардың да білім деңгейін жоғарлатып отыруға атсалысады. Ол үшін мектеп ішінде түрлі жобалар қолға алынып, курстар мен семинарлар, кездесулер, тренингтер өтіп тұрады. Осы үрдіс біздің жатақханамызда да бар. Ол бізде «AqyTime» жобасы арқылы жүзеге асады.

«AqyTime» – жатақхана тәрбиеленушілері, олардың ата-аналары, ұстаздарымен бірге ойналатын топтық зияткерлік ойын форматындағы жоба. Жоба тоқсанына бір рет өеді және әр саны әртүрлі тақырыптарға арналып отырады. Онда әр команда құрамында үш оқушы, бір ата-ана өкілі, бір мектеп педагогы болады. Барлығы бес адамнан құралған команда алдын-ала дайындалған сұрақтарға топпен ақылдаса отырып жауап береді. Топтың бұлай жасақталуының үлкен мәні бар. Біріншіден осындай команда құру арқылы мектеп қауымдастығы түгел қамтылады, екіншіден топтық жұмыс жасау дағдылары дамиды, үшіншіден ойынға қатысу арқылы команда мүшелері өздерінің білетін дүниелеріне сай балл алады және білмейтін дүниелерінің жауабын біліп қайтады. Төртіншіден оқушылар, ата-аналар, ұстаздар өздерін осы ойынға қатыса отырып дамыта алады. Зияткерлік ойынға қатысушы бірнеше команда өзара жарысқа түсіп, жеңімпаздар жинаған ұпайлары негізінде анықталады. Осы жылы қолға алынған бұл жоба алғашқы санынан-ақ мектеп қауымдастығының қызығушылығын тудырды. Балалар мен олардың ата-аналары, мұғалімдер жобаның келесі санын асыға күтетіндей дәрежеге жетті. Жобадағы басты артықшылық – көтеріңкі көңіл-күй, жайлы атмосфера, қызықты тапсырмалар және ыстық қауышулар. Осындай тиімді тәрбиелік жобаларды ойластыру, жарыққа шығару арқылы мектеп миссиясының орындалуына, ата-аналардың, мұғалімдердің, оқушылардың үнемі ізденісте жүруіне, олардың алған білімдерінің өмірде пайдалы болуына барынша атсалысып жатырмыз.

Қорыта келгенде, жатақханадағы тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастыра білу маңызды. Тиімді ұйымдастырылған тәрбие жұмысы оқушы құзіреттілігін дамытуда айрықша рөл атқарады. Мектеп миссиясына сәйкес қазіргі заманның кез-келген сын-қатерлеріне түрлі құзіреттіліктері жоғары дамыған тұлғаны тәрбиелеу бағытында алуан түрлі іс атқарып жатырмыз. Жоғарыда біз келтірген мысалдар солардың бірнешеуі ғана. Тәрбие беру – үздіксіз әрі жан-жақты жүрілуі тиіс процесс. Қоғам дамып, заман жаңарған сайын тәрбие бағыттары мен тәрбие жұмысының түрлері де әралуандана береді. Сол заман талабына сай балаларды жақсы тәрбиелей алу үшін тәриеші үнемі ізденісте болуы керек. Жатақхана қолда бар мүмкіндіктерді пайдалана отырып тәрбиеленуші құзіреттілігін барынша дамыту жолдарын қарастыруы керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әбу Насыр әл Фараби. 15 томдық шығармалар жинағы. / құраст. Р. Сейсенбаев. – Алматы: «Жібек жолы», 2020. – 4 том. 256 б.
2. Қ. Жарықбаев., С. Қалиев. Қазақстандағы педагогикалық ойдың антологиясы. Оқу құралы. / Алматы. «Қазақ университеті», 2009. – 256 б.
3. С. А. Мұсаева, Т.Б. Бегалиев. Жас ерекшелік педагогикасы. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2006. – 472 б.
4. С. Қалиев. Әлемдік педагогикалық ой-сана. 10 томдық. – Алматы: «Таймас», 2010. 10-том: ХҮ-XX ғғ. қазақ ойшыл оқымыстыларының тәлім-тәрбие туралы ой-пікірлері / 400 б.
5. Қ. Сейіталиев. Педагогиканың жалпы негіздері. Оқу құралы. – Алматы: «Өлке», 2009. – 232.
6. Ә. Табылдиев. Қазақ этнопедагогикасы. Оқу құралы. – Алматы: «Санат», 2001. – 320 б.



## ФОРМИРОВАНИЕ ЭСТРАДНО-ДЖАЗОВЫХ СТИЛЕЙ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА РАЗВИТИЕ БАС-ГИТАРНОГО ИСПОЛНИТЕЛЬСТВА

ЧАЙБЕКОВ Олег Рустамович, БЕГАЛИНОВА Г.А.

Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жургенова

Алматы, Казахстан

e-mail:lorddagotur1@yandex.kz

### Аңдатпа

Бұл мақала поп-джаз стильдерінің қалыптасуын талдауға арналған. Біз стильдердің дамуының себептері мен салдарын және олардың бас-гитарада орындалуына әсерін зерттейміз. Мақалада эволюцияның әлемнің әртүрлі бөліктерінде нәліктен әртүрлі болғаны және оған қандай факторлар әсер еткені талқыланады. Біз сондай-ақ бас-гитарада дыбысты шығарудың заманауи әдістері қалай қалыптасқанын және олардың әрқайсысы әртүрлі музыкалық жанрларда өз қолданылуын қалай тапқанын зерттейміз.

Негізгі материал көзі ретінде музыкант-оқытушылардың педагогтардың және өнертанушы-ғалымдардың еңбектері алынды. Автор мақалада жалпы музыкалық өнерге және атап айтқанда бас-гитара шығармашылығына арналған теориялық материалдарды талдайды. Нәтижесінде музыка жанрларының қалыптасу дәуірінің бас-гитара орындаушылық өнерінің қазіргі жағдайымен және оның даму үрдістерімен себеп-салдарлық байланыстары анықталды.

Қазақстандағы бас-гитара орындаушылық өнерінің эволюциясына арналған ғылыми еңбектердің жоқтығы және рок, джаз, оркестр музыкасының даму тақырыбының аз зерттелуі мақала тақырыбын өзектендіреді. Бас-гитарада ойнаудың эволюциясына үлкен әсер еткен қазіргі заманның жетекші бас-гитаристерінің шығармашылығы орындаушылық өнерді насихаттау және қоғамды мәденилендіру мақсатында зерттелуі тиіс.

Бұл ғылыми мақала сонымен қатар бас-гитара өнерін кеңінен насихаттауға, оның шекараларын кеңейтуге және аспаптың, ең бастысы музыканттың мүмкіндіктерін сипаттауға арналған. Мақалада бас-гитара өнерінің даму үрдісін анықтау джаз, рок және опера өнері сияқты музыка жанрларының өткенін, қазіргі жағдайы мен болашағын қарастыру арқылы жүзеге асырылады.

**Кілт сөздер:** бас гитара, орындаушылық өнер, джаз, рок, даму үрдісі, музыка, шығармашылық.

### Аннотация

Данная статья посвящена анализу формирования и эволюции эстрадно-джазовых стилей, происходивших в разных частях света по-разному, факторы оказавшие влияние на развитие бас-гитарного исполнительства, причины и следствия. В статье рассматриваются вопросы, касающиеся формирования современных способов звукоизвлечения на бас-гитаре, их предназначение в разных музыкальных направлениях.

Основным материалом послужили труды музыкантов, педагогов и ученых-искусствоведов. В статье проанализированы историко-теоретические материалы, посвященные музыкальному искусству в целом и бас-гитарному творчеству в частности. В результате выявлены причинно-следственные связи эпохи становления жанров музыки, где бас-гитара занимала важное место, с современным состоянием бас-гитарного исполнительного искусства и тенденциями ее развития.

Отсутствие научных трудов, посвященных эволюции бас-гитарного исполнительского искусства в Казахстане и малоизученность темы развития рока, джазовой и оркестровой музыки, актуализируют тему статьи. Творчество ведущих бас-гитаристов современности, оказавших большое воздействие на эволюцию исполнительства на бас-гитаре подлежит изучению в целях популяризации исполнительского искусства.

Данная статья также призвана привлечь интерес к исследованию бас-гитарного творчества, раскрывая его границы и описывая возможности инструмента. Определение тенденции развития бас-гитарного искусства в статье осуществлено посредством рассмотрения прошлого и современного состояния таких жанров музыки, как джаз, рок и эстрада.

**Ключевые слова:** бас-гитара, исполнительское искусство, джаз, рок, слэп, тенденция развития, музицирование, творчество.

### Abstract

This article is dedicated to the analysis of the formation of pop-jazz styles. We examine the causes and consequences of the development of styles and their influence on bass guitar performance. The article discusses why evolution occurred differently in different parts of the world and which factors influenced this. We also explore how modern methods of sound extraction on bass guitar were formed and how each of them found its purpose to a greater extent in different musical genres.



The main material was the works of musicians, teachers and art historians. The author of the article analyzes theoretical materials on musical art in general and bass guitar creativity in particular. As a result, the causal relationships of the era of the formation of genres of music where the bass guitar occupied an important place with the current state of the bass guitar performance art and trends in its development are revealed.

The lack of scientific papers devoted to the evolution of the bass guitar performing art in Kazakhstan and the little-studied topic of the development of rock, jazz and orchestral music actualize the topic of the article. The creativity of the leading bass guitarists of our time, who have had a great influence on the evolution of performing on the bass guitar, is subject to study in order to popularize the performing arts and cultivate society.

This scientific article is also intended to popularize the bass guitar art, revealing its boundaries and describing the capabilities of the instrument and, most importantly, the musician. Determination of the trend in the development of bass guitar art in the article is carried out through consideration of the past, current state and future of such genres of music as jazz, rock and opera.

**Keywords:** bass guitar, performing arts, jazz, rock, development trend, music making, creativity.

**Введение:** Эстрадно-джазовые стили в контексте нашей статьи имеют отношение к джазу исключительно в аспекте их происхождения, однако с точки зрения концепции стилистических черт, в некоторых случаях, имеют очень мало общего с джазом, как с направлением музыки. Для того, чтобы пояснить свои позиции относительно этого и раскрыть особенности исполнительского искусства в рамках этих стилей, проведем небольшой исторический экскурс.

Итак, если сравнить технику игры на бас-гитаре в рамках советской эстрады с ее фактическими техническими возможностями (которые, на секунду, даже в советское время уже существовали на Западе), то судя по первой можно было сказать, что этот инструмент – весьма заурядный, малоперспективный, и не требует от исполнителей большого технического мастерства. Иными словами, привлекателен собственной простотой в освоении. Однако, если же описывать Западную бас-гитару, то мир технических возможностей этого инструмента совершил абсолютную революцию в отношении технических и тембровых возможностей инструментов с низкой тесситурой. Причиной такого досадного недоразумения можно называть «железный занавес», препятствовавший информационному обмену между капиталистическим западом и социализмом Союза, однако такое объяснение не содержит в себе ответа на главный вопрос: а в чем, собственно, заключаются более конкретные причины, по которым техника игры на одном и том же инструменте так разительно отличалась в зависимости от региона, куда была помещена для своего дальнейшего развития?

На наш взгляд, любое посеянное семя, в которое заложен определенный потенциал развития, нуждается в подходящей почве, которая в нашем случае олицетворяется культурной средой. Забегая наперед, можно обозначить, что в США сформировались именно те условия, которые были необходимы для концептуального развития техники игры на бас-гитаре, не говоря о том, что эта страна, фактически, и являлась родиной этого инструмента. И появление его на свет было желанием огромного количества исполнителей, как и было описано нами в первой главе. Но опять-таки, - все вышеперечисленное – лишь предпосылки, детали и украшения. Главная же суть причины, по которой семя бас-гитарной техники было суждено взойти и воплотить свой полный потенциал стал Запад, опять-таки заключается в социокультурных условиях.

Таких условий совпало сразу несколько, и они, в свою очередь, сформировали целую плеяду интереснейших феноменов, среди которых бас-гитарное искусство – лишь малая толика.

Разумеется, речь идет о взаимопроникновении двух типов музыкальных культур – западноевропейского образца, а также народных музыкальных традиций африканского народа, который массово завозился на территории Соединенных Штатов в качестве рабской силы. Жители Африки привезли за собой одну из самых выразительных черт своей народной музыки, которая впоследствии стала чуть ли не главным столпом, на котором держится большая часть современной массовой музыки. И имя этой черте – ритмика. Само содержание этого термина резко расширило границы и заиграло качественно новыми красками после рождения джаза. Как удачно подчеркнул в этом отношении Маршалл Стернс, несмотря на то что «... в музыкальном отношении преобладающую роль здесь сыграла европейская традиция, но те ритмические качества, которые сделали джаз столь характерной, необычной и легко распознаваемой музыкой, несомненно, ведут свое происхождение из Африки» [Стернс, 1956, 4].

На стыке двух культур зародилась новая, можно сказать, характерно американская музыкальная культура. Достижения западноевропейской гармонии, африканской ритмики и свободы мысли поменяли форму церковного музицирования, сформировав такое музыкальное направление, как госпел. В то же время то же сочетание положило начало первым стилям массовой музыки в лице блюза



и джаза, полных знакомых гармоний, но воспринимавшихся совершенно по-новому. По словам Джеймса Линкольна Коллиера, «джаз – это уникальный сплав принципов и элементов европейской и африканской музыки». Автор сравнивает уникальные особенности джаза с визуальными особенностями зеленого цвета, получающегося из смешения желтого и синего «...так и джаз, - пишет автор, - не есть разновидность европейской или африканской музыки; он, как говорится, нечто *sui generis*» [Коллиер, 1984, 16].

И по мнению Коллиера одна из главных черт джаза заключается в ритмическом остове композиции, именуемой автором «граунд-битом» (от англ. – *ground beat* – основной ритм), который «...не является модификацией какой-либо африканской или европейской метроритмической системы, а коренным образом отличается от них, и прежде всего своей значительно большей гибкостью» [Коллиер, 1984, 16].

Добавляя в собственные доводы больше конкретики, автор приводит сравнение с чисто европейской музыкой, опираясь на то, что в ней «основная метрическая пульсация, или граунд-бит, заложена в самой мелодии: вы легко сможете «отбивать такт ногой». В джазе граунд-бит не связан с мелодией и выдерживается самостоятельной ритм-группой» [Коллиер, 1984, 13]. Это ключевое нововведение стало одним из основополагающих элементов массовой музыки в целом. С одной стороны, коренное изменение роли и значения граунд-бита, а также создание ритм-секции – это тандем ритмических элементов, благодаря которым у семени бас-гитарной исполнительской техники появилась плодородная почва.

Разумеется, на момент формирования джаза бас-гитары еще не существовало, однако этому инструменту посчастливилось появиться на свет именно в тот момент, когда технические принципы и исполнительская виртуозность музыкантов этого направления зашли в собственных экспериментах и поисках настолько далеко, что границы влияния джаза стали все менее и менее отчетливыми.

И, как нам кажется, на этот счет очень удачно высказывание Г.В. Бородиной, которая считает, что «...не существует точного и объективного определения понятия «джаз»» [Бородина, 2017, 9]. Также, автор подчеркивает, что «...чрезвычайно жизнеспособная, джазовая музыка никогда не была замкнутой автономной системой, она постоянно изменялась, динамично развивалась и обогащалась, «вступая в контакты» с различными музыкальными течениями и стилями, поэтому вчерашние характеристики в полной мере не могут соответствовать современному развитию джаза» [Бородина, 2017, 9].

Также, существует множество высказываний известных джазовых музыкантов относительно того, что джаз легче узнать на слух, но сложно объяснить, что это такое; легче почувствовать, чем понять разумом. Однако даже несмотря на размытые рамки понимания что такое джаз в принципе, он «...продолжает оказывать влияние на всю современную музыку. «Рок», «фанк» и «соул», эстрадная музыка, музыка кино и телевидения, значительная часть симфонической и камерной музыки заимствовали многие элементы джаза. Без преувеличения можно сказать, что именно на фундаменте джаза выросло здание современной поп-музыки» [Коллиер, 1984, 16].

Однозначно стоит отметить, что если бы музыканты, творившие в джазовом направлении, когда-либо всерьез задумывались бы о сохранении стилистики, некоей традиционности единожды созданного музыкального явления, то навряд ли бы современный мир массовой музыки смог бы похвастаться таким бурным разнообразием звучаний, стилей, жанров и направлений популярной музыки.

Поэтому в нашей статье термин «эстрадно-джазовые стили» подразумевает под собой именно то широкое стилевое разнообразие современной массовой музыки, которое унаследовало от джаза тандем его ключевых элементов, описанных нами ранее, а именно: самостоятельность граунд-бита, выделение ритм-секции для его воплощения, а также многослойность ритмических фактур, которая стала следствием первых двух пунктов.

Возвращаясь к первоначальному вопросу о том, почему же бас-гитарная техника в рамках советской эстрады не получила такого колоссального развития, как это произошло в США, стоит отметить, что большинство популярной и созданной в Союзе массовой музыки (исключая все многочисленные переводы иностранных хитов на русский язык при попытке выдать их за отечественный продукт) хоть и тоже уже имело отдельную ритм-секцию в составах, но не имело многослойности и сложности ритмических фактур – даже если граунд-бит и стал самостоятельным явлением в эстрадной музыке, то по факторам многослойности и сложности оставался таким же европейским, каким он был, если привести довольно грубое сравнение, у белых переселенцев американского континента до влияния африканской музыкальной культуры.

Стоит добавить, что массовую музыку Советского Союза ни в коем случае нельзя назвать плохой – были и талантливые композиторы, и яркие исполнители, однако такой прямой исторической





преимущества от джаза, как США у нее не было. Скорее, наоборот. Она стала более упрощенным выходцем из музыки академической. Это и является основной, на наш взгляд, причиной, по которой в академических кругах постсоветских стран эстрадные жанры считаются второсортной, слишком упрощенной музыкой.

